

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан **КОММУНИСТІ**

12

ДЕКАБРЬ

1965

АЛМАТЫ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ЖАНЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ГАЗЕТ-ЖУРНАЛ БАСПАСЫ

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Қазақстан КОММУНИСТІ

ҚАЗАҚСТАН КП ОРТАЛЫҚ
КОМИТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ
және САЯСИ ЖУРНАЛЫ

ШЫҒУЫНА 45 ЖЫЛ

12

ДЕКАБРЬ

1965

БҰЛ НОМЕРДЕ:

**Сентябрь Пленумының шешімдері
терең насихатталсын**

**Өнеркәсіпті өрге бастырудың
маңызды тұтқалары**

**Тыңғылықты ұйымдастыру жұмысы—
табыс кепілі**

**Марксизм-ленинизм теориясын
үйренушілерге көмек**

**Бостандық аралындағы
СОЦИАЛИЗМ ШҰҒЫЛАСЫ**

МАЗМҰНЫ

КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының қаулылары	3
Бас мақала — Саяси жұмыстың дәрежесі қазіргі талаптарға сай бол- сын	5
А. Колебаев — Экономикалық білім — кадрлардың күшті қаруы	11
М. Есенәлиев — Жастарға идеялық тәрбие беру—аса маңызды міндет	16
Т. Елеуов — Бірінші орыс революциясының тарихи маңызы	21
Сырбай Мәуленов — Алып адыммен	27

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

О. Баймұратов — Өндірісті экономикалық жағынан көтермелеу	32
С. Хусайнова, А. Образцов — Құрылыс материалдары өнеркәсібін жедел өркендетейік	36

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Н. Қапесов — Басқара білу — өнер	40
С. Бармақов — Партиялық жұмыстың маңызды саласы	44
Ә. Омарбаев — Адам тағдыры	46
И. Киреева — Коммунистердің бірінші парызы	48

Партиялық жарна төлеу туралы	52

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ТЕОРИЯСЫН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

Л. Любошиц, И. Загайтов — Социализмнің экономикалық заңдарының сипаты мен өзара әрекеті	55
Социализм елдері экономикасының үздіксіз өсуі	64

СОЦИАЛИЗМ ЕЛДЕРІНДЕ

К. Шустов — Куба революциясының негізгі кезеңдері	70
---	----

БАСПАСӨЗ — БАРШАҒАІ

М. Мәуляшев — Әркімнің сенімді серігі	74
Журнал жанашырлары	75

«Қазақстан коммунисті» журналында 1965 жылы жарияланған мате- риалдар мен мақалалардың тізімі	77
--	----



ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

Совет Одағы Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы туралы

1965 жылғы 6 декабрьде КПСС Орталық Комитетінің Пленумы болды.

Пленум СССР Министрлер Советі Председателінің орынбасары, СССР Мемлекеттік жоспарлау комитетінің председателі Н. К. БАЙБАКОВ жолдастың «СССР-дің 1966 жылға арналған халық шаруашылығы жоспары туралы» және СССР Финанс министрі В. Ф. ГАРБУЗОВ жолдастың «СССР-дің 1966 жылға арналған бюджеті туралы» баяндамаларын тыңдап, талқылады.

Жарыс сөзде мына жолдастар сөйледі: В. П. МЖАВАНДЗЕ — Грузия Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары, В. С. ТОЛСТИКОВ — КПСС Ленинград облыстық комитетінің бірінші секретары, А. П. ЛЯШКО — Украина Компартиясы Орталық Комитетінің секретары, Б. П. БЕЩЕВ — СССР Қатынас жолдар министрі, Т. ҮСІБАЛИЕВ — Қырғызстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары, А. И. СТРУЕВ — СССР Сауда министрі, В. И. КОНОТОП — КПСС Москва облыстық комитетінің бірінші секретары, Б. ОВЕЗОВ — Түркменстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші секретары, В. Ф. ЖИГАЛИН — СССР Ауыр, энергетика және транспорт машиналарын жасау министрі, А. И. ШИБАЕВ — КПСС Саратов облыстық комитетінің бірінші секретары.

Аталған мәселелерді талқылаудың соңында КПСС Орталық Комитетінің Бірінші секретары Л. И. БРЕЖНЕВ жолдас сөз сөйледі.

Пленум партиялық-мемлекеттік бақылау органдарын халықтық бақылау органдары етіп қайта құру туралы мәселе талқылады. Бұл мәселе жөнінде КПСС Орталық Комитетінің Бірінші секретары Л. И. БРЕЖНЕВ жолдас хабар жасады.

Пленум талқыланған мәселелер жөнінде тиісті қаулылар қабылдады.

Пленум В. В. ЩЕРБИЦКИЙ жолдасты КПСС Орталық Комитеті Президиумының мүшелігіне кандидат етіп сайлады.

Пленум И. В. КАПИТОНОВ жолдасты КПСС Орталық Комитетінің секретары етіп сайлады.

Пленум осымен жұмысын аяқтады.

СССР халық шаруашылығын өркендетудің 1966 жылға арналған жоспары мен СССР-дің 1966 жылға арналған мемлекеттік бюджеті туралы

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ 1965
ЖЫЛҒЫ 6 ДЕКАБРЬДЕ ҚАБЫЛДАҒАН ҚАУЛЫСЫ

СССР Халық шаруашылығын өркендетудің 1966 жылға арналған жоспары мен СССР-дің 1966 жылға арналған мемлекеттік бюджетінің жобалары негізінен мақұлданылсын.

ПАРТИЯЛЫҚ-МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ ОРГАНДАРЫН ҚАЙТА ҚҰРУ ТУРАЛЫ

КПСС ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ ПЛЕНУМЫНЫҢ 1965
ЖЫЛҒЫ 6 ДЕКАБРЬДЕ ҚАБЫЛДАҒАН ҚАУЛЫСЫ

КПСС Орталық Комитетінің Пленумы мынаны атап көрсетеді: партиялық-мемлекеттік бақылау органдары партия мен үкіметтің шешімдерін орындауды тексеру жөнінде, социалистік экономиканы өрге бастыру, мемлекеттік тәртіпті нығайту және бақылау ісіне коммунистер мен партияда жоқтардың қалың бұқарасын қатыстыру жолындағы күресте елеулі жұмыс жүргізді.

Тексеру мен бақылау ісіне еңбекшілерді кеңінен қатыстыру және бақылау органдарының жұмысында олардың ролін арттыру мақсатымен КПСС Орталық Комитетінің Пленумы қаулы етеді: партиялық-мемлекеттік бақылау органдары Халықтық бақылау органдары болып қайта құрылсын, Халықтық бақылау органдары партия мен үкіметтің халық бұқарасын мемлекет істерін басқаруға бұрынғыдан да анағұрлым кең қатыстырудағы, партия мен үкіметтің директиваларын совет, шаруашылық және басқа ұйымдардың орындауын үнемі тексеріп отыруды қамтамасыз етудегі, мемлекеттік тәртіп пен социалистік заңдылықты нығайтудағы пәрменді құралдарының бірі болуға тиіс.

СССР Министрлер Советі осы қаулыға сәйкес Халықтық бақылау органдары туралы Ережені бекітетін болсын.

САЯСИ ЖҰМЫСТЫҢ ДӘРЕЖЕСІ ҚАЗІРГІ ТАЛАПТАРҒА САЙ БОЛСЫН

Коммунизмнің материалдық-техникалық базасын жасау — партия мен бүкіл совет халқының басты міндеті. Осыған орай қазіргі кезде партия мен халықтың барлық күш-жігері шаруашылықтың даму қарқынын тездетуге, қоғамдық өндірістің күллі саласын тиімді жүргізуге бағытталып отыр.

Экономикалық құрылыста көрнекті табысқа жету халық шаруашылығын басқарудың дәрежесіне байланысты. Бұл жағдай КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулысында ерекше атап көрсетілді. Пленум шешімдерінің маңызы — шаруашылықты ғылыми негізде басқару ісін онан әрі күшейте түсуге бағытталып отыруында.

В. И. Ленин маркстік экономикалық теорияны творчестволық жолмен дамыта отырып, социалистік құрылыстың алғашқы тәжірибелерін қорыта келе шаруашылық құрылысқа басшылық етудің түбегейлі бағыттарын, шаруашылық органдардың ұйымдық құрылымына қойылатын талаптарды, олардың қоғамдық ұйымдармен және бұқарамен қарым-қатынасын нақты белгілеп берген болатын.

В. И. Ленин шаруашылықты жоспарлау мәселесінің маңызына ерекше назар аударды. Ол былай деді: социализм орнатудың мәнісі — орталықтанған жоспарлы шаруашылық жасау деген сөз. Ұзақ мерзімге және елеулі табысқа мезгейтін жоспарсыз нәтижелі жұмыс істеуге болмайды. Біздің елдегі және социалистік елдердегі шаруашылық құрылыстың көп жылғы тәжірибесі социалистік өндірісті басқарудың лениндік принциптерінің дұрыстығын және оның өміршендігін толық дәлелдеп отыр. Алайда шаруашылықты басқарудың ұйымдық формалары мәңгі-бақи өзгермейтін нәрсе емес. Олар өндіргіш күштер мен өндірістік қатынастардың даму дәрежесіне қарай өзгеріп отырады.

Шаруашылықты басқарудың лениндік принциптерінің күші мынада: бұлар шаруашылықтың социалистік системасының артықшылықтарын неғұрлым толық пайдалануға мүмкіндік береді. Капиталистер өз кәсіпорындарын жалдама жұмысшыларды қанауды күшейту және қисапсыз пайда табу мақсатына пайдаланады. Мұндай жағдайда жұмысшылардың шаруашылықты басқаруға қатынасуы туралы сөз болуы да мүмкін емес. Өндіріс құрал-жабдықтарына жеке меншіктің болуы шаруашылықты жоспарлы түрде жүргізуге ырық бермейді.

Біздің елдегі жағдай мүлде басқаша. Социалистік шаруашылық объективтік экономикалық заңдарды дұрыс қолдануға негізделген жоспармен өркендетіледі. Мұның өзі бүкіл қоғамның қажетін толық өтеуге мүмкіншілік туғызады. Социалистік шаруашылықты басқару мәнісі — бұқараның тәжірибесін зерттеу, өндірістік озат тәжірибені, ғылым мен техника жетістіктерін табандылықпен енгізіп отыру деген сөз. Социалистік өндірістің сипаты — оның жоғары мәдениеттілігі, әкімшілік басқару аппаратының ықшамдылығы сияқты қасиеттер.

Біздің партия қоғамның саяси өміріне де, оның экономикасына да бірдей басшылық етеді. Бұл жерде саяси және шаруашылық басшылықтың бірлігі жайындағы лениндік қағиданы еске алған мақұл. В. И. Ле-

нин шаруашылыққа басшылық етуді саясаттан бөліп қарауға батыл қарсы шыққан болатын. Шаруашылыққа дұрыс басшылық жасау үшін бұл мәселелерді шешуге саяси тұрғыдан қарау қажеттігін сан рет ескерткен. Тек осындай жағдайда ғана келелі табысқа жетуге болады.

Сонымен бірге шаруашылық органдары да саяси-бұқаралық жұмыстан қол үзуге тиіс емес. Олар өндірістік мәселелермен бір беткей шұғылдана алмайды. Себебі, советтік шаруашылық басшысы жалаң әкімшіліктің адамы емес, ол өндіріс процесінің барысында өз қарамағындағы адамдарды тәрбиелеуші де.

Социалистік өндірісті басқарудың негізгі принципі — демократиялық централизм. Мұның мәнісі — шаруашылыққа жоғарыдан жасалатын мемлекеттік басшылықты жергілікті жерлердің инициативасын, қалың бұқараның творчестволық белсенділігін барынша дамытумен дұрыс ұштастыра білу деген сөз. Бұл арада бізге инициатива атаулының бәрі бірдей емес, тек мемлекет пен халықтың көкейтесті мүдделеріне қайшы келмейтін инициатива ғана керек. Өндірісті басқарудағы дербестілік пен оған бұқараның қатысуы жөнінде де осыны айту керек.

Мұндай принциптер ағымдағы шаруашылық жұмыстарды бұқара арасындағы саяси жұмыспен ұштастыруды талап етеді. Шаруашылық табыстардың баяндылығы партиялық-саяси жұмыстың өресіне байланысты. Ал саяси жұмыс өмірмен, шаруашылық құрылыстың практикалық міндеттерін шешумен тығыз байланысты жүргізілгенде ғана нәтижелі бола алады. «Біз қарарлармен емес, іспен шұғылдануымыз керек, — деген болатын В. И. Ленин бұл жөнінде. — Буржуазиялық құрылыста мемлекеттік органдар емес, қожайындар іспен шұғылданатын еді. Ал бізде шаруашылық іс — біздің ортақ ісіміз. Бұл біз үшін ең қызылықты саясат» (Шығармалар, 32-том, 458-бет).

Шаруашылыққа партиялық басшылық жасау ісі экономикалық саясатты ғылыми негізде құру, кадрларды іріктеу, саяси тәрбиелеу, шаруашылық басшыларының жұмысын үнемі бақылап отыру және кемшіліктерді жою жөнінде оларға көмектесу, бұқараны шаруашылық міндеттерді ойдағыдай орындауға жұмылдыру арқылы жүзеге асырылады.

Сентябрь Пленумының шешімдерінде көрсетілген осындай принциптерді еңбекшілерге терең түсіндіру, оны көпшіліктің санасына әбден жеткізе білу — үгіт-насихат жұмысындағы ең өзекті мәселелер.

Насихат жұмысы — коммунистік құрылыстың теориясы мен практикасы жөніндегі түбірлі мәселелерді, саясатты түсіндіруде партияның қолындағы аса өткір қару. Бұл жұмыс әрдайым халықтың күш-жігер жұмсап, шешіп жатқан ұлы міндеттерінің дәрежесінде болуға тиіс. Коммунистік партия өзінің күнделікті үгіт-насихат жұмысы арқылы бұқараға ықпал етіп, адамдарды ерлік еңбекке жігерлендіреді, оларды өз идеяларының, өз туының төңірегіне топтастырады. Ұлы Октябрь социалистік революциясының алғашқы күндерінің өзінде-ақ В. И. Ленин жана заман орнату жолындағы күресте партиялық насихаттың дәрежесіне, оның пәрменділігіне, нақтылығына, өмірмен тікелей байланысты болуына ерекше назар аударған болатын.

Белгілі бір тарихи кезеңдегі партия шешіп жатқан міндеттерге сай болу — партиялық насихатқа қойылатын басты талап. Қазір КПСС Орталық Комитетінің октябрь (1964 ж.) және одан кейінгі Пленумдарының шешімдеріне сәйкес партиялық насихат жұмысына айрықша мән беріліп, оны барынша жетілдіре беру міндеті қойылып отыр. Бұл жұмысты лениндік идеялар рухында пәрменді жүргізу, бұқара арасындағы идеялық-саяси жұмыстың лениндік принциптерін творчестволық тұрғыдан білгірлікпен шебер қолданып отыру керек.

Қазіргі уақытта партиялық насихатты биік сатыға көтеру үшін аса қолайлы жағдай туып отыр. Партия адам баласы жасаған рухани байлықтардың бәрін терең игеру үшін ұшан-теңіз мүмкіндік жасауда. Мил-

лиондаған мәдени-ағарту мекемелері, халықтық университеттер, ғылым ордалары бұқара арасында идеялық-тәрбие жұмысын өрістете жүргізуге қызмет етеді. Бұл жайында партиялық насихаттың алдына қойылатын мақсат айқын: ол—маркстік-лениндік теорияны революциялық практикамен әрдайым тығыз ұштастыру; жалаң қағидаларға, құрғақ өсиеттерге жол бермеу. Біздің әрбір жалынды сөзіміз бен үгітіміз адамдардың жүрегіне жол тауып, олардың идеялық берік сеніміне айналғанда ғана өз парызын өтей алады.

Өмірмен тығыз байланыстылық, шынайы ғылыми негіз—біздің насихатқа тән ерекшелік. Маркстік-лениндік теорияға, өмірді терең зерттеп білуге сүйенген кезде ғана партиялық насихаттың ықпалы күшті болмақшы, тек сонда ғана еңбекші бұқараға игілікті әсер ете алады.

Алайда соңғы жылдары насихат жұмысында елеулі ақаулар болып келді. Теорияда жалаң жаттампаздық, сүренсіздік орын алды. Партия мұндай олқылықтарды батыл түзетті. Қазіргі кезеңде насихат жұмысы В. И. Ленин үйреткен дәрежеде жүргізілуі керек. Насихат жұмысын ғылыми негізде құру, марксизмнің Ленин тұжырымдаған түбірлі принциптерінің айқын да дәл анықтамаларына үнемі сүйеніп отыру, лениндік теорияның тазалығы үшін күресу—насихатшының абзал борышы.

Біздің насихатымыз еңбекшілердің бойына биік мұратты идеяларды терең сіңізуге, олардың коммунистік құрылыс міндеттерін ойдағыдай шешуіне белсене көмектесуге тиіс. Саяси өмірдің түбірлі мәселелерін еңбекшілерге жете түсіндіру, кемшіліктер мен қателіктерді халықтан жасырмай бүкпесіз тура айту, олардың себептерін терең талдап түсіндіру—насихат жұмысына қойылатын маңызды шарттардың бірі.

Партия саясаттағы, экономикадағы, шаруашылыққа басшылық жасау практикасындағы субъективизм мен волюнтаризмді қатаң айыптап, бүкіл мемлекеттік және партиялық жұмыста лениндік іскерлік стилін орнықтыруға бағытталған батыл шаралар белгілеп берді. Мұның өзі еңбекшілерге коммунистік тәрбие беру жұмысын түбірімен жақсарту үшін орасан зор мүмкіндік туғызды.

Бұл жайында сентябрь Пленумының алатын орны ерекше. Сентябрь Пленумы еліміздің өміріне аса зор экономикалық реформа жасады, ұланғайыр өзгеріс енгізді. Шаруашылықты басқарудың лениндік принциптері жеке адамның материалдық ынталылығын совет адамдарының жоғары саналылығымен ұштастыра білуге негізделеді, делінді Пленум қаулысында.

Сонымен бірге жаңа жағдайда совет адамдарын еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеудің мәні де арта түсуде. Партиялық насихат жұмысында еңбекке деген моральдық көтермелеуді барынша өрістетіп, өнеркәсіпті басқарудың жаңа жүйесін, одан туатын алуан түрлі міндеттерді еңбекшілерге кеңінен түсіндірудің маңызы өте зор.

В. И. Ленин үгіт-насихат жұмысын шебер жүргізе білу керек, онсыз халық шаруашылығының жоспарлары іске аспайды, деп үйреткен болатын. Қазір біздің насихатымыз сентябрь Пленумының тарихи шешімдерін терең түсіндіруге назар аударуға тиіс. Бұл шешімдердің түпкі мәні—социалистік системаның артықшылықтарын сарқа пайдалану, экономикалық заңдарды онан әрі дамыту, жұмыс нәтижесіне ынталылық принциптерін, халық шаруашылығындағы экономикалық мүмкіндіктерді барынша толық пайдалану. Бұл үшін ғылымның атқаратын ролін бұрынғыдан да арттыру, бұқара тәжірибесінің, шаруашылық және мәдени құрылыс практикасының маңызын барынша күшейте түсу қажет.

Партия лениндік өсиеттерге сүйене отырып, коммунистік құрылыстың ұлы міндеттерін ойдағыдай жүзеге асыру үшін бұқараның саналылығын арттыруға айрықша мән береді.

Осыған орай республика партия ұйымдары саяси-тәрбие жұмысының алуан түрлі формаларына, үгітшілердің, насихатшылардың құрамын

жақсартып, олардың идеялық-теориялық дәрежесін көтеруге ерекше көңіл бөлуде. Сентябрь Пленумынан соң бірқатар жерлерде адамдар арасындағы жұмыстың творчестволық сипатына баса назар аударылып отыр. Қазіргі кезеңдегі саяси-тәрбие жұмысы үгітшілер мен насихатшылардан идеялық-теориялық жағынан үлкен әзірлікті, жоғары мәдениеттілікті, өндіріс экономикасын жетік білуді, ішкі және халықаралық өмірдің аса маңызды мәселелерін еркін айыра білуді талап етеді. Соңғы жылдары саяси үгіт жұмысын тек халықтың артта қалған тобы арасында жүргізу керек деген теріс ұғым болып келгені мәлім. Бұл — үлкен қате. Саяси үгіттің ықпалымен еңбекшілерді, интеллигенция өкілдерін, мамандарды түгел қамтудың маңызы зор.

Өндіріс пен тұрмыста, коллектив арасында немесе сырт жерде болсын совет адамдарының идеялық сенімділігін нығайтуға, олардың еңбектегі және қоғамдық өмірдегі белсенділігін арттыруға жағдай жасау — міндетті шарт.

Бұл үшін коммунистердің Устав талаптарын қатаң сақтаудағы жауаптылығын күшейту, принципті сын мен өзара сынды өрістетуге, буржуазия идеологиясының барлық көріністеріне, адамдардың санасы мен мінез-құлқындағы ескіліктің сарқыншақтарына қарсы ымырасыз күрес жүргізу керек.

Сондай-ақ біздің насихатшыларға буржуазия идеологтарының түрліше зымияндық бұрмалауларына қарсы пәрменді күресу міндеті жүктеледі. В. И. Ленин кезінде маркстік идеологияны дамыту үшін социализмнің практикалық тәжірибесі аса маңызды роль атқаратынын ерекше атап көрсеткен болатын. Партиялық насихаттың міндеті — социализм жайындағы тарихи шындықты дұшпандық пиғылдардан қорғап қалу ғана емес, оны капитализмнің идеологиялық итаршыларына қарсы пәрменді түрде күрес жүргізетін өткір де жауынгер қаруға айналдыру.

Буржуазия насихатшылары коммунистік партияның саясатына қарсы әрдайым өршелене шабуылға шығып, біздің елде жүзеге асырылып жатқан игілікті шаралардың өңін айналдырып көрсетуге тырысатыны аян. Олар сентябрь Пленумының шешімдері туралы да нақ осылай істеп отыр.

Шетелдердегі дұшпандарымыз енді бізді өз шаруашылығын «жеке мүдденің» және шаруашылық есеп пен пайда, өзіндік құн мен баға сияқты капитализмге тән категориялардың көмегімен «қамшылауға» мәжбүр болып отыр деп, Совет Одағында идеялық ынталандырудың маңызы кеміп кетті деп уағыздауда. Мұндай пайымдаулар өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншіктен туатын материалдық және моральдық көтермелеу арасындағы өзара терең байланысты түсінбеуден немесе әдейі түсінгісі келмеуден туып отырған сорақылық.

Буржуазия идеологтары өз табиғатында адам баласының бойынан тек дүниекорлық пен сараңдықты ғана көруге, сөйтіп олар үшін қарабастың баюынан асқан ешнәрсе жоқ деп ойлауға әбден дағдыланған. Ал социалистік өндіріс мұның керісінше адам жанының жомарттығын, ой сұлулығын ашып беретінін, барлық күші мен білімін ортақ іске жұмсауға құлшындыратынын өмірдің өзі айқын көрсетуде.

Біз идеялық тәрбиенің күшімен адамдардың бойындағы осындай бір өте ізгі адамгершілік қасиеттерді үнемі дамытуға, коммунистік саналылықты, еңбекке деген моральдық ынтаны арттыруға, бұқараның творчествосын гүлдендіре беру үшін барлық жағдайды жасауға тиіспіз. Идеологиялық жұмыста буржуазиялық насихаттың екіжүзділігі мен күйректігін ұдайы әшкерелеп отыру — айрықша назар аударатын мәселе.

Қазіргі кезде барлық жұмыстың салмағы материалдық игіліктер жасалып жатқан өндіріс орындарына түсіп отыр. Жана жағдайда кәсіпорындардың праволары мен өндірістік дербестігі ұлғаюда, өндіріске басшылық етуде кәсіпорын коллективінің ролі артуда. Осыған байланысты

бастауыш партия ұйымдарының жауаптылығы да күшейе түсуде. Сентябрь Пленумынан кейін олардың қызметінде мүлде жаңа кезең туды. Бұл кезеңнің басты белгісі әрбір партия ұйымы мен әрбір коммунистке қойылатын талаптың артуында.

Үгіт-насихат жұмысында өнім сапасын жақсарту, үнемшілдік үшін күрес, ішкі резервтерді неғұрлым сарқа пайдалану сияқты маңызды проблемалар ерекше орын алуға тиіс. Бұл жөнінде өте-өте материалдық ынталандыру, моральдық көтермелеу принциптерінің дұрыс қолданылуын қадағалаудың маңызы бар.

Кәсіпорнының және әрбір жеке қызметкердің жұмсалған еңбек нәтижелеріне материалдық жағынан ынталы болу принципі — социалистік шаруашылықты жүргізудің аса маңызды шарты. Бұл жайында В. И. Ленин коммунизмге өту дәуірінде шаруашылықты «тікелей ынта-жігерге емес, қайта ұлы революциядан туған ынта-жігердің жәрдемімен, жеке адамдық мүддеге, жеке адамдық ынталылыққа, шаруашылық есепке негіздеп» құру керек деп көрсетті. Әйтпесе, — деді бұдан соң В. И. Ленин, — «Сіздер коммунизмге жете алмайсыздар, әйтпесе сіздер он-ондаған миллион адамдарды коммунизмге апара алмайсыздар» (Шығармалар, 33-том, 36-бет).

Соңғы кезде республиканың бірқатар партия ұйымының идеологиялық жұмысында сентябрь Пленумының шешімдерін тікелей жүзеге асыруға байланысты жаңа леп сезіле бастады. Саяси тәрбие жұмысы жаңа міндеттерді орындауға сай жүргізілді. Бұған мысал ретінде Алматы ауыр машина жасау зауытында өткізілген насихатшылар семинарын атауға болар еді. Республикалық тұрақты жұмыс істейтін семинарға қатынасқан 300-дей тыңдаушы екі апта бойы теориялық даярлықтан өткеннен кейін осы заводта болып, цехтарды аралады, ондағы жұмыс процестерімен танысты, коллективтің бүгінгісі мен болашағы жайында қызықты-қызықты әңгімелер тыңдады. Ең бастысы — олар Пленум шешімдерінің республикадағы осы бір ірі кәсіпорнында қалайша жүзеге асырылып жатқанымен, ондағы үгіт-бұқаралық жұмыстың қалайша жолға қойылып отырғанымен көзбе-көз танысты. Сөз жоқ, мұндай тәсіл басқа кәсіпорындарда да қолдауға тұрарлық.

Шымкент қорғасын зауытының партия ұйымы да саяси-үгіт жұмысының бағытын тікелей өндіріс мәселелеріне қарай бұрып отыр. Мұндағы коммунистер өнім сапасын шұғыл жақсарту, негізгі өндіріс қорын тиімді пайдалану күресіне жаппай жұмылған. Экономикалық талдаудың, жұртшылық бақылауының және заводтағы үгіт-насихат жұмысының игі әсерін мына бір мысалдан-ақ көруге болады. Завод бойынша 4 миллион тоннаға жуық шлак жиналып қалғаны анықталды. Бұл — қайтадан өңдеп, кәдеге жаратылса қосымша ондаған мың тонна қорғасын, мыс және басқа металл деген сөз. Байлық көзі деп осыны айтпай ма? Завод коллективі қазір бұл резервті толық пайдалануды қолға алып отыр.

Сондай-ақ Целиноград қаласының кәсіпорындарында ғана екі мыңнан астам үгітші сентябрь Пленумының материалдарын белсенді насихаттап жүр. Мұндағы бір жаңалық олар әңгіме өткізген кезде жалпылама айтпай, өндірісті жақсартудың өзекті мәселелеріне ерекше зер салып, өздерінің нақты ұсыныстарын ортаға салады. Әлбетте, үгіт пен насихаттың мұндай түрлері өндіріс үшін орасан зор пайда келтіретіні сөзсіз.

Соңғы жылдары насихат жұмысында ағартушылық сипат басым болып келді. Онда маркстік-лениндік теорияны үйренудің қандай мақсат үшін қажет болып отырғаны нақты түсіндірілмеді. Шындығында теориялық мәселелерді үйренудің басты мақсаты коммунистік мұраттарды жүзеге асыру болып саналады. Марксизм-ленинизмді терең меңгеру оның ілімін әрдайым басшылыққа алу деген сөз. Биылғы жылы партия оқуына енгізілген жаңалықтар кадрлардың саяси білімін арттыруға

ерекше мүмкіндік тудырды. Соның ішінде экономикалық білім алудың маңызы бұрынғыдан да артып отыр.

Экономиканы терең білмейінше, социализмнің экономикалық заңдарын күнделікті жұмыста дұрыс қолданбайынша өндіріс саласында табысқа жету қиын. Сондықтан кадрларды экономикалық біліммен қаруландыру — аса келелі міндет. Онсыз өндірісті техникалық және экономикалық жағынан іскерлікпен, сауатты жүргізу мүмкін емес.

Біздің республикада кадрлардың экономикалық білімдерін жетілдіру жөнінде елеулі жұмыс істеп отырған кәсіпорындар аз емес. Шығыс Қазақстан, Алматы, Шымкент, Қарағанды облыстарының бірқатар кәсіпорындарында экономикалық оқудың алуан түрі қолданылуда. Мәселен, Ертіс химия-металлургия заводында инженер-техник қызметкерлер түгелдей дерлік экономикалық оқумен қамтылған. Мұнда өндірістің нақты экономикасы мен ұйымдастыру әдістерін үйренетін 12 мектеп пен университет жұмыс істейді. Бұлардан тыс 350 адам жоғары оқу орындары мен техникумдарда сырттан оқиды. Заводта ұйымдастырылған техникалық-экономикалық семинар ойдағыдай нәтиже беруде. Сондай-ақ В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында, Алматы үй құрылысы комбинатында және басқа кәсіпорындарда кадрларды экономикалық біліммен қаруландыру ісі айтарлықтай. Әлбетте, мұндай оқудың өндіріс үшін пайдасы ұшан-теңіз екені даусыз.

Бірақ кадрларды экономикалық жағынан даярлауға мән бермейтін кәсіпорындар, тіпті тұтас өнеркәсіп салалары да жоқ емес. Әсіресе практик кадрларды қайта даярлау ісі үлкен олқылықта. Бұлар үшін әлі күнге дейін оқудың сындарлы жүйесі жасалмай келеді. Қарағанды көмір бассейніндегі жағдай осындай. Алдағы уақытта өндірістің түрлі мамандарын даярлайтын оқу орындарына да ерекше көңіл бөліп, олардың материалдық базасын нығайту қажет.

Партия ұйымдары өндіріс экономикасын алға бастыруға пәрменді ықпал ету үшін идеология майданы қызметкерлерінің, шаруашылық активтерінің экономикалық білімін арттыруға назар аударуы керек. Ол жөнінде экономикалық конференцияларды, семинарлар мен қысқа мерзімді курстарды пайдаланып отырған жөн.

КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдерін пәрменді насихаттау үшін бұл документтердің тек мазмұнын ғана қайталап, оны құрғақ баяндап қою жеткіліксіз болатынын естен шығармау керек. Идеология майданының қызметкерлері Пленум шешімдерінің кәсіпорындарда қалайша жүзеге асырылып отырғанын, жұмыстың жаңаша ұйымдастырылуын егжей-тегжейлі білуге, идеялық тәрбие жұмысын экономиканың басты барытына қарай икемдеп жүргізуге тиіс. Сондай-ақ экономикалық реформаға байланысты алға қойылып отырған ұлы міндеттердің өзінен-өзі орындалмайтынын, оны жүзеге асыру үшін әрбір адамның, әрбір коллективтің асқан белсенділік көрсетіп, қыруар күш-жігер жұмсауы қажеттігін жұртқа терең сездіру — саяси үгіт жұмысының негізгі арқауы.

Қазір еліміз жаңа бесжылдық жоспардың қарсаңында отыр. Осыған байланысты біздің республиканың шығар белесі де биік болмақ. Қазақстан келбеті алдағы бесжылдықта танымастай болып өзгереді. Жаңа кәсіпорындар, каналдар, шахталар сап түзейді. Міне осының бәрі адам күшімен келетін, олардың тамаша ақыл-парасатымен жасалатын дүниелер. Сондықтан партия ұйымдары алдағы ХХІІІ съезге әзірлік кезіндегі саяси өрлеуді пайдалана отырып, жұмыстағы керенаулыққа, енжарлыққа, формалдылыққа қарсы батыл күресуге, бүкіл саяси тәрбие жұмысының дәрежесін ұлы міндеттер талабына сай барынша арттыруға тиіс.

Экономикалық білім — кадрлардың күшті қаруы

А. КОЛЕБАЕВ,

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің секретары

Өндіргіш күштердің қазіргі даму дәрежесіне сүйенген біздің партия өнеркәсіпке басшылықты онан сайын жақсарту мәселесін аса көрегендікпен, білгірлікпен шешті. Партия мен үкіметтің бұл жөнінде жүргізген шараларының негізгі мақсаты шаруашылықты жоспарлау жүйесін, басқару әдісін мейлінше жетілдіру, оларды коммунистік құрылыстың өскелең міндеттеріне лайықтау, социалистік өндіріс тәсілінің аса маңызды ерекшеліктері мен артықшылықтарын неғұрлым толығырақ ашып, онан сайын дамыта беру болып табылады.

Жаңа жағдайда кәсіпорындардың шаруашылық жөніндегі дербестігі ұлғая түседі, өндіріс коллективтерінің өндірісті техникалық жағынан жетілдіруге, кәсіпорынның рентабельділігін арттыруға, өнімнің сапасын жақсартуға ынтасы күшейеді.

Осының бәрі шаруашылық басшылары мен инженер-техник қызметкерлердің кәсіпорын жұмысына жауапкершілігін мейлінше арттырады. Себебі, біздің өнеркәсіптегі табыстарымыз кадрлардың даярлығына, өндірісті техникалық және экономикалық жағынан іскерлікпен, сауатты жүргізе білуіне тікелей байланысты.

Республикамызда өндірісті жетілдіруге, негізгі қорларды тиімді пайдалануға, өнім сапасын жақсартуға бағыттап, орасан зор ұйымдастыру жұмысын жүргізіп жатқан кәсіпорын коллективтерін көптеп мысалға келтіруге болады. Олардың күш-жігері қазірдің өзінде-ақ айтарлықтай нәтиже беріп отыр: еңбек өнімділігі артуда, табыс молаюда, жаңа технологиялық процестер енгізілуде, өнеркәсіп өнімінің жаңа түрлері игерілуде. Республика бойынша үстіміздегі жылдың он айы ішінде өндіріс көлемі өткен жылғымен салыстырғанда 12 процент, еңбек өнімділігі 5,4 процент артып, товарлы өнім шығаруға жұмсалатын қаржы едәуір кеміді.

Осы табыстарға жетуде кадрлардың экономикалық оқуы, өндіріс резервтерін табуға, пайдалануға еңбекшілердің жаппай қатысуы аса маңызды роль атқарды. Ертіс химия-металлургия зауытының коллективі соңғы екі жыл ішінде өнім шығаруды екі еседен астам арттырып, бір сомның товарлы өнімін шығаруға жұмсалатын шығынды 40 процент азайтты. Егер 1963 жылы завод октын-октын зиян шегіп келген болса, қазір ол пайданы көп беретін кәсіпорынға айналып отыр. Өнім шығарудың шұғыл артуы, рентабельділіктің өсуі заводтың инженерлері мен техниктерінің, жұмысшыларының өндіріс технологиясы мен экономикасын терең зерттеп, жалықпай үйренуінің арқасы.

Шығыс Қазақстан бойынша осы заводта бірінші болып товарлы өнімнің өзіндік құнындағы ауытқуды күн сайын есепке алу тәртібі енгізілді. Қаражаттың, материалдың жұмсалуды есепке алу, талдау жұмысын өндіріс қызметінің жетекшілері, смена бастықтары, мастерлер, механиктер, электриктер, жоспарлаушылар, тағы басқалар жүргізді.

Әрбір жұмысшының мүмкіндігі мен резервін ашу жөнінде қоғамдық байқаулар, бәйгелер өткізу, баланс комиссияларын ұйымдастыру,

озат тәжірибе үйрену үшін еліміздің алдыңғы қатарлы және сабақтас кәсіпорындарына бару секілді шаралар тамаша нәтиже беріп жүр. Дегенмен, бұл кәсіпорында экономикалық оқудың атқарып отырған ролі ерекше. Заводта өндірістің нақты экономикасы мен ұйымдастыру әдістерін үйренетін 12 мектеп пен университет құрылған. Мұндағы әрбір инженер мен техник осы мектептердің бірінде оқиды немесе өздері сабақ береді. Бұдан тыс 350 адам жоғары оқу орындары мен техникумдарда сырттан оқиды, 150 адам жұмысшы жастар мектебіне барады. Осының бәрі бір ғана мақсатқа — инженер-техник қызметкерлердің, бүкіл коллективтің экономикалық білімін, техникалық дәрежесін көтеру мақсатына бағытталған.

Кадрлардың экономикалық даярлығын жетілдіру жөнінде Алматы үй жасау комбинатының тәжірибесі назар аударарлықтай. Комбинат коллективі тұрғын үйлерді пайдалануға беру жөніндегі мемлекеттік жоспарды жыл сайын ойдағыдай орындап, техникалық-экономикалық көрсеткіштерін жақсартқан үстіне жақсартып келеді. Комбинаттың соңғы үш жылда орындаған жұмыс көлемі 3 еседен астам өсті. Егер комбинат 1961 жылы 40 мың шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға берсе, 1964 жылы 150 мың шаршы метрден астам тұрғын үй берді әрі бір шаршы метр тұрғын үйдің өзіндік құнын 11 сомдай арзандатты. Мұның өзі кәсіпорынның жоспардан тыс 350 мың сомнан астам таза пайда алуына мүмкіндік берді. Сондай-ақ мұнда салынған тұрғын үйдің сапасы да үздіксіз жақсарып келеді. Өткен жылы барлық тұрғын үйдің 80 проценті жақсы және өте жақсы деген бағамен тапсырылды.

Құрылыс ұйымдарының тәжірибесінде өндіріске жұмсалған шығынды жоспарлау және есепке алу әдісі тұңғыш рет осы комбинатта қолданылды. Бұл да экономикалық жағынан көп пайда келтіріп, құрылыс материалдарының шығынын мықтап азайтты.

Ертіс химия-металлургия зауытындағы секілді, Алматы үй жасау комбинатында да экономикалық жұмысқа, кадрлардың экономикалық оқуына айрықша маңыз беріледі. Комбинатта инженерлер мен техниктерге, прорабтарға, мастерлерге, бригадирлерге арнап тұрақты жұмыс істейтін техникалық-экономикалық семинар құрылды. Бұл семинарларда комбинат мамандары, жобалау және ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми қызметкерлері сабақ береді. Сондай-ақ Москваның, Ленинградтың, Киевтің үй құрылысы саласындағы ең көрнекті мамандарының лекциялары жоспарланған. Экономикалық мәселелер жөніндегі оқу барысында жұмысқа техникалық-экономикалық талдау жасауды үйретуге арналған практикалық сабақтар көбірек өткізіледі. Бұл оқумен инженер-техниктер ғана емес, жұмысшылар да кенінен қамтылған. Жаңа оқу жылында төрт коммунистік еңбек мектебі, озат тәжірибені үйрететін 11 мектеп, үш өндірістік оқу мектебі ашылды.

Комбинаттағы техникалық-экономикалық оқу жүйесінде КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының материалдарын үйренуге айрықша көңіл бөлінген. Комбинат жоспарлаудың жаңа әдісіне көшетін болғандықтан бұл мәселелер жөнінде басшы қызметкерлер, инженерлер мен техниктер бірнеше лекция тындады. Содан соң цехтардың басшыларына нақты тапсырмалар берілді. Қазір бүкіл коллектив сол тапсырмаларды орындауға жұмылып жатыр. Цехтар мен потоктарда, басқару бөлімдерінде белгіленген шаралар негізінде комбинат бойынша 1966 жылға арналған ұйымдық-техникалық шаралар әзірленетін болады.

Дегенмен, кадрларды экономикалық жағынан даярлау ісі барлық жерде бірдей жақсы ұйымдастырылмағанын қынжыла атап өтуге тура келеді. Кадрлардың экономикалық білімін, техникалық дәрежесін көтеруге мүлдем салақ қарайтын кәсіпорындар, тіпті тұтас өнеркәсіп салалары әлі де аз емес.

Өндірісті басқаруда салалық белгінің жойылуы инженерлер мен техниктердің, өте-мөте басшы кадрлардың техникалық-экономикалық даярлығын жетілдіруге де теріс әсер етті. Мысалы, Қазақ халық шаруашылығы советінің кәсіпорындарында инженер-техниктердің қызметін атқаратындардың 26 проценті практиктер. Соған қарамастан республика халық шаруашылығы советі де, экономикалық аудандардың халық шаруашылығы советтері де кадрларды даярлаудың және қайта даярлаудың сындарлы жүйесін құра алған жоқ. Рас, бұл бағытта азын-аулақ жұмыс істелді, бірақ ол жұмыстың көлемі мен қарқыны, дәрежесі өнеркәсіптің қазіргі талабынан мүлдем артта қалып қойды.

Мысалға Қарағанды көмір бассейнін алайық. «Қарағандауголь» комбинатының кәсіпорындарында 7,5 мыңдай инженер-техник жұмыс істейді. Солардың 40 проценті практиктер. Ал 1963—1964 жылдары Қазақ халық шаруашылығы советі тарапынан небәрі 209 адам ғана мамандығын жетілдіру және қайта даярлау курстарынан өтті. Соның ішінде кен өнеркәсібінің экономикасы мен ұйымдастыру тәсілі жөнінде 35-ақ адам мамандығын көтерді.

Қазір, басқару құрылымы мүлдем жаңарып отырған кезде, республиканың министрліктері мен өнеркәсіп жөніндегі бас басқармалары біздің экономикамыздың барлық буынын түгел қамтитындай дәрежеде кадрлардың техникалық және экономикалық білімін арттырудың сындарлы жүйесін құруға тиіс.

Асылы, кадрлар даярлау ісін өнеркәсіптің сала-саласы бойынша, әрқайсысының ерекшеліктерін мұқият ескере отырып ұйымдастырған мақұл болар. Кадрларға экономикалық білім беру жөнінде кәсіпорындардың бұған дейін жинаған тәжірибесін мұқият пайдалану керек.

Халық шаруашылығы советтерін құрған кезде кадрлардың мамандығын жетілдіру жүйесі жойылған болатын. Министрліктер бұл қателікті неғұрлым тезірек түзетудің қамын ойластыруға тиіс. Шаруашылық кадрларын оқыту үшін әрбір министрліктің өз ішінен сол саладағы инженер-техник қызметкерлердің мамандығын арттыратын техникалық курстар ашқан мақұл. Сондай-ақ республикада барлық министрліктер мен ведомстволардың қажетін өтей аларлық мөлшерде экономикалық-есеп курстарын ұйымдастыру туралы мәселені ойластыру керек.

Бізде өнеркәсіптің әр түрлі саласы үшін инженерлер даярлайтын жоғары оқу орындары аз емес. Олардың қажетті оқу базасы, маман оқытушылары, кадрлар даярлау жөнінде мол тәжірибесі бар. Демек нақ сол жоғары оқу орындары басшы кадрларды қайта даярлау, мамандығын жетілдіру жұмысының орталықтары болуға тиіс. Жоғары оқу орындарының жанында инженер-техник қызметкерлердің, ең алдымен кәсіпорын директорларының, бас инженерлерінің, бас экономистерінің даярлығын жетілдіруге арналған курстар ойдағыдай жұмыс істей алар еді. Шаруашылық активін оқыту жөніндегі программаны сол саладағы қызметкерлердің талабы мен қажетіне сай құру керек. Оларда кәсіпорының шаруашылық және финансы қызметіне талдау жасау, өндірісті жоспарлау және басқару ісінде математикалық әдістер мен есептеу техникасын пайдалану тәсілдерін, өнімнің сапасын арттыру жолдарын, озат тәжірибені үйретуге ерекше назар аударған жөн.

Кадрларды оқытудың қазір қолданылып жүрген жүйесіндегі оқулықтар мен методикалық құралдар көп жағдайда халық шаруашылығының белгілі бір саласының алдында тұрған нақты міндеттерді ескере бермейді. Өнеркәсіп салаларының толып жатқан экономикалық аудандарға бытыратылуы нәтижесінде туған бұл алшақтықтар мен қосарластықты тезірек жою керек. Сірә, өнеркәсіп салаларында бірыңғай методикалық орталықтар құрған дұрыс болар. Бұл да—министрліктердің міндеті.

Шаруашылық активінің техникалық және экономикалық білімін көтерудің ұсынылып отырған формалары ұзақ мерзімге — тыңдаушыларды бір-екі жыл өндірістен қол үзгізіп оқытуға арналған. Алайда білім көтерудің басқа түрін — өндірістен қол үзбей оқу әдісін де ұқыпты пайдалану керек. Қарағандыда, Өскеменде, Шымкентте, Жамбылда, Теміртауда, Балқашта, Жезқазғанда және солар секілді кәсіпорындары көп, жоғары және арнаулы орта дәрежелі оқу орындары көп басқа да өнеркәсіп орталықтарында басшы қызметкерлерге арнап, өндірістен қол үзбей оқытатын курстар ашуға болады. Ол курстардың сабағын аптасына бір рет, нақты белгіленген күні өткізіп тұру керек. Бәлкім, сабақ болатын күні тыңдаушыларды өндірістік жұмысынан босатқан да мақұл болар.

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қазіргі жағдайда экономистер даярлаудың айрықша маңызы бар екенін атап көрсетті. Бұл істің маңыздылығы мен қажеттілігіне Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XIV пленумы да зор назар аударды. Қазір республика халық шаруашылығының маман экономистер жөніндегі қажеті үштің біріндей ғана өтеліп отыр. Қазақстанның жоғары оқу орындарынан жыл сайын шығатын маман экономистер барлық қажетіміздің 7—8 процентінен аспайды.

Соңғы кезде Қазақстандағы бір ғана экономикалық оқу орнының — Алматы халық шаруашылығы институтының материалдық және оқу базасын нығайтуға бағытталған шұғыл шаралар қолданылуда. Институттың оқу корпустарының бірінші кезегі салына бастады. КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейін Ақтөбеде, Шымкентте бұл институттың филиалдары ашылды. Сондай-ақ Қостанай мен Целиноградта сырттан оқытын студенттерге көмектесу үшін консультациялық-оқыту пункттері құрылды.

Республикамыздың басқа да жоғары оқу орындарында экономикалық және инженер-техник кадрларды даярлау ісі онан сайын өрістеліп мекші. Сол мақсатпен Шымкентте Алматы халық шаруашылығы институтының күндіз оқытатын бөлімін ашу, жоғары оқу орындарының экономикалық және инженерлік-экономикалық мамандықтар бойынша күндіз оқытатын бөлімдерінің бірінші курстарына қосымша 575 студент қабылдау жобаланып отыр. 1966/1967 оқу жылында жоғары оқу орындарының аталған мамандықтар даярлайтын бөлімдеріне қабылданатын студенттер санын едәуір көбейту белгіленді.

Жоғары және орта дәрежелі арнаулы оқу орындарының партия комитеттері, оқытушылар коллективтері жас мамандардың экономикалық даярлығын жақсарту жөнінде партия мен үкіметтің нұсқауларын ойдағыдай орындауға барлық күш-жігерін жұмылдырулары керек. Ал партия органдары олардың оқыту және саяси тәрбие ісіндегі кемшіліктерді ашып, тезірек жоюына нақты көмектесуге борышты.

Кадрлардың экономикалық оқуын ұйымдастырған кезде кәсіпорындардың басшыларын ғана емес, барлық инженерлері мен техниктерін, мастерлерін, жұмысшыларын түгел қамтуға күш салған жөн. Бұл талапты өмірдің өзі алға қойып отыр. В. И. Ленин атындағы Өскемен қорғасын-мырыш комбинатында жұмысшылардың іскерлік мамандығын жетілдіруге, экономикалық білімін көтеруге күнбе-күн көңіл бөлінеді. Жетіжылдықтың өткен алты жылы ішінде комбинатта 756 жұмысшы жаңа мамандыққа үйретілді, 912 жұмысшы еңбектің озат әдіс-тәжірибе мектебінде мамандығын көтерді, 2938 жұмысшы екінші мамандық алды, 7969 жұмысшы арнаулы курстардан өтті. Жұмысшыларды оқытуға шынайы қамқорлық жасау бұл кәсіпорынның жылма-жыл өндірістік зор табыстарға жетуіне мүмкіндік беріп келеді.

Еңбекшілерді оқытудың, творчестволық жұмысқа тартудың ең негізгі, бұқаралық әдістерінің бірі — экономикалық конференциялар. Бұл

комбинатта өткізілген 4 экономикалық конференцияда 194 ұсыныс талқыланып, қабылданды. Оларды әзірлеуге және талқылауға комбинатта еңбек ететін барлық жұмысшының 80 проценттен астамы қатысты. Конференциялардың алдынан комбинаттың белгілі кезеңдегі жұмысына талдау жасап, оның көрсеткіштерін сабақтас кәсіпорындардың көрсеткіштерімен салыстыру жөнінде орасан зор зерттеу жұмысы жүргізіледі. Экономикалық конференциялар бүкіл коллективтің экономикалық білімін көтерудің жақсы мектебі, өндіріс басқаруға еңбекшілерді жаппай қатыстырудың тиімді әдісі болып отыр.

Партия оқуы жүйесінде де еңбекшілердің экономикалық білімін көтеруге көбірек көңіл бөлген дұрыс. Мұның өзі өндірісті жақсартудың экономикалық тетіктерін дұрысырақ пайдалануға көмектеседі. Экономикалық білімдерді насихаттауға шаруашылық басшыларын, маман экономистерді, жоспарлаушыларды көбірек қатыстырған мақұл.

Еңбекшілердің қалың бұқарасы арасында техникалық және экономикалық білімдерді таратуда кәсіподақтар үлкен роль атқаруға тиіс. Олар экономикалық насихатты барынша өрістетіп, жұмысшылардың өз мамандығын үздіксіз көтеруіне көмектесулері керек. Курстарда, озат тәжірибе мектептерінде және басқа оқу түрлерінде еңбекшілердің оқуын жаппай ұйымдастыру — кәсіподақтардың жауынгерлік міндеті.

Аса маңызды бұл іске біздің баспасөзіміз де үлкен қолғабыс тигізе алады. Газет беттерінде социалистік экономика мәселелерін үйренушілерге арнап теориялық мақалалар мен консультацияларды, оқу жоспарлары мен программаларын, методикалық кеңестерді үзбей жариялап тұрған мақұл.

Бұл салада Өскемен қорғасын-мырыш комбинатының көп тиражды «Металлург» газетінің тәжірибесі мақұлдауға, көтермелеуге тұрарлық. Газет КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдеріне байланысты экономикалық тақырыптарға өз бетінен кең орын береді, комбинаттың жұмыс қорытындылары мен даму перспективаларын талқыға салады, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыру мәселелерін көтереді.

Кадрлардың экономикалық оқуын ұйымдастыруға партия комитеттері ұдайы көңіл бөліп, қамқорлық жасап отырулары керек. Қазір барлық партия ұйымдарының жұмысындағы ең басты міндет — КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының материалдарын кеңінен түсіндіру. Орталық Комитет Пленумының шешімдері неден туғанын, еліміздің өнеркәсібін онан сайын өркендетуде, халықтың материалдық әл-ауқатын жақсартуда бұл шешімдердің қандай роль атқаратынын еңбекшілердің ең қалың бұқарасы жан жүрегімен ұғынатын болсын. Партия комитеттері мен бастауыш ұйымдар кәсіпорын экономикасының аса маңызды мәселелерімен, материалдық ынталандыру принциптерін дұрыс қолдану мәселелерімен күнбе-күн шұғылдануға міндетті.

Біздің бүкіл партиямыз өзінің XXIII съезіне қызу жігермен әзірленіп жатыр. Өнеркәсіп орындарындағы партия ұйымдарының міндеті еңбекшілердің үздіксіз өсіп отырған белсенділігі мен творчестволық инициативасын онан сайын өршітіп, съезд құрметіндегі социалистік жарысты жоспарлы тапсырмаларды мерзімінен бұрын орындауға, өнімнің сапасын жақсартуға, өндірістің барлық саласында үздік табыстарға жетуге бағыттау болмақ.

Жастарға идеялық тәрбие беру — аса маңызды міндет

М. ЕСЕНӘЛИЕВ,

Алматы қалалық партия комитетінің секретары

Соңғы кездері қала партия ұйымы жастар тәрбиесіне көбірек көңіл бөле бастады. Жастарға идеялық-саяси тәрбие беру мәселесі аудандық партия комитеттерінің, қалалық комитеттің пленумдарында арнайы қаралды. Мұның өзі әбден дұрыс та. Коммунистік қоғам орнатуға байланысты совет халқының алдында тұрған зор міндеттер жастарға саяси-идеялық тәрбие беру, оларды білімі терең, еңбекте шындалған, халыққа адал қызмет ететін жалынды күрескерлер етіп өсіру ісін мейлінше жақсартуды талап етіп отыр.

Біз совет жастарын идеялық жағынан тәрбиелеудің аса күрделі жұмыс екенін, бұл жұмысты совет жастарына тән ерекшеліктерді мұқият ескере отырып, асқан ептілікпен, шеберлікпен жүргізу қажет екенін жақсы түсінеміз.

Жастық — адам мінезінің, өмірге көзқарасының қалыптасатын ең жауапты кезеңі. Азамат жас шағында өмірдің сан қилы құбылыстарын, қоғамдық даму, әлеуметтік прогресс мәселелерін өз күшімен, өз ақылымен түсінуге тырысады. Өмірден лайықты өз орнын табуға талпынады. Осының бәрін ол романтикаға толы шабытпен, жастарға тән еліктегіш, әсерленгіш қызбалықпен істейді. Демек, жас адамның қалыптасуына нақ сол кезеңде дұрыс ықпал жасаудың қоғам үшін де, оның өзі үшін де шешуші маңызы бар.

Тәрбие жұмысының бағытын, түрі мен әдісін таңдаған кезде жас ерекшелігін ғана ескеріп қоймай, жастар санасында болған және болып жатқан түбірлі өзгерістерді, олар өмір сүріп, еңбек етіп жүрген ортаның нақты-тарихи жағдайын мұқият ескеру керек. Владимир Ильич Ленин жастар социализмге әкелерінен гөрі басқа жолмен, басқа түрде және басқа жағдайда барады деп атап көрсеткенді. Көсем айтқан бұл қағида бүгінде де күшін ешбір жойған жоқ. Қазіргі жастардың социализмге барар жолын аға ұрпақтың революциялық тәжірибесі мен жеңістері, орасан зор әлеуметтік және техникалық прогресс тездетіп, жеңілдетіп отыр. Бүгінгі жастар аға ұрпақтың тұрмыста, революциялық күресте бастан кешірген қисапсыз қиыншылығы мен бейнетін көрген жоқ. Олардың оқып білім алуға шексіз мүмкіндігі бар. Осыған байланысты олар дербес еңбек өміріне аға ұрпақтан гөрі кешірек, неғұрлым ақылы толысып, оң мен солын тани алатын шақта араласады.

Осының бәрі жастар арасындағы тәрбие жұмысының мазмұны мен сапасына қойылатын талапты күшейткен үстіне күшейте түседі.

Тұтас алғанда біздің жастарымыз — идеялық ой-өрісі жоғары, партия мен халыққа шексіз берілген, қандай қиынға салса да қайыспайтын белсенді, саналы жауынгерлер. Олардың басым көпшілігі ынта-ықыласпен оқиды, еңбек етеді, ел алдындағы азаматтық борышын адал орындайды. Біздің Алматының өзінде 17 мыңнан аса комсомолец коммунистік еңбектің екпіндісі атану үшін күресуде. 12 мың жас жігіт пен қыз бұл құрметті атакты жарыста жеңіп алды да. Олардың ішінде «Қазэлектромонтаждан» Соловьевтың, № 1 таксомотор паркінен А. Якуповтың, үй жасау комбинатынан Н. Чертовскихтың, № 2 авто-

мобиль жөндеу зауытынан В. Голосковтың және басқа ондаған шебер ұйымдастырушылардың басқаруындағы жастар коллективтерінің тамаша ісі мен өнегесін мақтаныш тұтуға болады.

Қаладағы өнер тапқыштар мен жаңашылдардың қатарында үш мыңнан аса жас түлек бар.

Көптеген партия ұйымдары жастардың еңбектегі белсенділігі мен жалынды жігерін дұрыс бағыттап, жұмысшы табының лайықты ізбасарларын тәрбиелеуде. Мәселен, Алматы мех комбинатының партия ұйымы коллективке жаңа келген жастарды аға ұрпақтың еңбек дәстүрімен баулып, өз мамандығын қадірлеуге көп үйретеді, соған қамқорлық жасайды. Комбинатта жастардың кәсіптік оқуы жақсы ұйымдастырылған. Байырғы еңбек шеберлері жас жұмысшыларды жеке-жеке қамқорлыққа алып, бар тәжірибесін, ақыл-кеңесін үйретеді. Жұмысқа келмей қалу, өнімде ақау жіберу, тәртіп бұзу сияқты фактілердің бірде-біреуі ескерусіз қалмайды, жұртшылық талқысына түседі. Комбинатта 20—25 жыл еңбек еткен жұмысшыларды құрметтеп, олармен салтанатты түрде кездесу дәстүрі де жастар тәрбиесіне көп көмегін тигізуде.

Жастарды еңбекке баулу үшін коммунистік еңбек жолындағы қозғалыстан артық құрал жоқ екені белгілі. Қаланың партия, комсомол ұйымдары бұл қозғалысты кең өрістетіп, оған шын мәнісінде бұқаралық сипат беру үшін едәуір жұмыс істеді. Дегенмен соңғы кездері бұл салада үлкен олқылық орын ала бастағанын жасыруға болмайды. Комсомол ұйымдары әрбір жас жігіт пен қызды еңбекке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу орнына көбінесе шаруашылық органдардың ісіне араласып кетті.

Осының салдарынан қайсыбір кәсіпорындарда коммунистік еңбек жолындағы қозғалысты ұйымдастыруда бұрмалаушылық, формальдылық орын алды. Кейде тіпті коммунистік еңбек екліндісі атағын алғандардың ішінде күнделік нормасын орындамайтын, сапасыз өнім шығаратын, маскүнемдікке салынатын, социалистік меншікке суық қолын сұғатын адамдар кездесіп қалады. Мұның бәрі жастарға теріс әсер ететіні, олардың көз алдында коммунистік еңбек қозғалысының беделін түсіретіні анық.

Соңғы жылдары өндіріске келген жас өспірімдердің саны көбейе бастады. Тек Алматы кәсіпорындарының өзінде төрт мыңға жуық жас өспірім жұмыс істейді. Міне осылардың кәсіпорынға келісімен еңбекті шын сүйіп, жұмысшы қауымына тез сіңісіп кетуіне жағдай жасау, әрбір жасты коллективтің күнбе-күнгі қамқорлығына бөлеу—партия, комсомол ұйымдарының абыройлы борышы. Бірақ көп жағдайда олай болмай жүр. Кейбір шаруашылық басшылары мен партия қызметкерлері түрлі сылтаумен жас өспірімдерді жұмысқа қабылдамауға тырысады. Тіпті қабылдаған күнде де ол жөніндегі қамқорлықты сонымен бітті деп санайды, жас өспірімнің өмір жолы қалай басталып, еңбек тағдыры қалай бағыт алғанын қадағалап отырмайды.

Мысалы, В. Великосельский деген жас өспірім «Металлист» зауытына жұмысқа кірген. Коллектив бұл баланың мінезі «ауыр» екенін бұрыннан білетін еді. Бірақ көп уақытқа дейін оның жұмысты қалай істеп, қалай тіршілік етіп жүргеніне ешкім назар аудармаған. Ешқандай бақылау жоқтығын көрген Великосельский еңбек тәртібін бұзуды әдетке айналдырған, мектепке баруды қойған, темекі тарта бастаған. Бұл баланың тағдыры сонда да ешкімді толғандырмаған. Великосельский коллективтен мүлдем қол үзіп, тәртіпсіз қылықтары шектен асқанда ғана завод коллективі оны, аудандық атқару комитетінің келісуімен, еңбек колониясына жіберуге мәжбүр болған.

Әрине, өмір есігін жаңа ашқан, жұмысшы қауымының дәстүрін, ынтымағын жетік білмейтін, еңбекке дағдысы жоқ жас өспірімге бұлай қараған жерде жастардың аға ұрпақты құрмет тұтып, тез елігіп кетуі

қиын-ақ. Асылында бірқатар кәсіпорындарда жас жұмысшылардың тұрақтамау себебі де оларға сол кәсіпорын басшыларының, партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының немкетті қарағандығынан десек, қателеспіз деп ойлаймыз.

Біздің данқты жұмысшы табының лайықты ізбасарларын даярлау — бүкіл жұртшылықтың ісі, мемлекеттік іс. Демек, келешек жұмысшыларды тәрбиелеуге, оларды практикалық жұмыс үстінде баулып шыңдауға оқу орындарымен қатар кәсіпорындардың коллективтері де қамқорлықпен, жауапкершілік сезіммен қарауға міндетті.

Өндіріске келген әрбір жас жігіт пен қыздың ойдағыдай еңбек етуіне, білімін, мамандығын үзбей жетілдіруіне, рухани ой-өрісін кеңейтуіне жағдай жасау керек. Жастар тәрбиесі, олардың материалдық-мәдени жағдайын жақсарту мәселесі әрбір кәсіпорынның партия, комсомол, кәсіподақ ұйымдарының күн тәртібінен бір мезгіл де түспеуге тиіс.

Қазір дүние жүзінде бір-біріне қарама-қарсы екі идеологияның бітпес күресі барған сайын шиеленісіп, қайшылығы, қиыншылығы мол күрделі процестер болып жатқан кезде, әрбір совет адамын, әсіресе жастарды маркстік-лениндік іліммен қаруландырудың, халықаралық жағдайды, КПСС пен Совет үкіметінің ішкі, сыртқы саясатын дұрыс тани білетін етіп идеялық жағынан шыңдаудың айрықша маңызы бар. Бірақ партия, комсомол ұйымдары бұл жұмысты да босансытып алғанын қынжыла тұрып мойындауға тура келеді. Соңғы кезге дейін көп жерлерде жастардың саяси оқуы мүлде үстірт, тек ақпар үшін ғана ұйымдастырылып келді. Олардағы оқудың сапасына, жастардың тиянақты саяси білім алуына көңіл бөліп, қамқорлық жасаған ешкім болмады. Содан барып жастар арасында саяси оқудың тартымды күші азайды.

Қайсыбір ұйымдарда маркстік-лениндік ілімді насихаттаудың қаншалықты сүренсіз, қызықсыз жүргізілетінін мына бір фактіден-ақ айқын көруге болады. Қаладағы төмен вольтті аппаратура заводының, ауыр машина жасау заводының, № 17 құрылыс-монтаж басқармасының, № 2571 автоколоннаның комсомолецтері саяси үйірменің сабағына қатысуды амалсыз атқаратын қызмет деп қарайтынын ашықтан-ашық мәлімдеген. Мұның басты себебі үйірме жұмысын жүргізетін насихатшылардың теориялық даярлығы мен методикалық шеберлігінің жетімсіздігінен. Олардың кітап сөзін қара дүрсін қайталауы білімге құмар, ізденгіш, сыншыл жастардың рухани талабын қанағаттандыра алмайды. Содан саяси оқу көздеген нысанасына дөп тимейді.

Бұл жағдай партия, комсомол ұйымдарын мықтап ойландыруға тиіс. Биылғы саяси оқу жүйесінің мазмұны да, формалары да бұрынғы жылдардағыдан әлдеқайда бай. Ендігі міндет — жастарға идеялық-саяси тәрбие берудің осы құралдарын шебер пайдалану керек. Жастардың санасына биік адамгершілікті, өз Отанына деген мақтаныш, қоғам алдындағы борышына адалдық, революция жеңістерін қастерлеу, елдің келешегі үшін жауапкершілік сезімін өршіту жұмысы бір минут толастамай, күнбе-күн жүргізілуіне тиіс. Бұл жөнінде партиямыздың қаһармандық тарихын үйрету, революциялық және жауынгерлік тақырыптағы кинофильмдерді көрсету, советтік патриотизм, коммунизм құрылысының моральдық кодексі туралы әңгімелер, диспуттар өткізу секілді әдістерді ұштастыра пайдаланған мақұл.

Астананың жоғары оқу орындары мен техникумдары еліміздің халық шаруашылығына жыл сайын бес жарым мыңнан астам жас маман даярлап береді. Міне интеллигенттердің осы үлкен армиясын идеялық-теориялық жағынан шыңдау — аса жауапты міндеттердің бірі. Алайда кейбір оқу орындарындағы оқыту-тәрбие жұмысының жайы көңілдегідей болмай отыр. Қайсыбір институттардан жылына 300-ге дейін студент оқуды тастап кетеді. Студенттердің негізгі мамандықтарды игеруі де қанағаттанарлық емес.

Болашақ интеллигенттің қалыптасуы үшін ұстаз ықпалы мен өнегесінің ролі баршаға мәлім. Алматы оқу орындарының профессорлары мен оқытушыларының басым көпшілігі тәрбие жұмысын жанындай сүйетін, бар білімін шәкірттеріне үйретуден әсте жалықпайтын жалын жүректі жандар. Тек қынжыларлық бір жай — солардың арасында өмір ағымына, ғылыми прогрестің қарқынына ілесе алмай қалған, жастар жігеріне ұшқын тастай алмайтын самарқау «ғалымдар» да кездеседі. Тіпті ғылыми-педагогикалық дәрежесі мен адамгершілік бейнесі жастар тәрбиешісі болуға моральдық право бермейтін оқытушылар да жоқ емес.

Студент жастардың дүниеге маркстік-лениндік көзқарасын қалыптастыру ісінің жайы бізді қатты толғандырып отыр. Қаладағы жоғары оқу орындары мен техникумдарда қоғамдық ғылымдарды оқыту дәрежесі мүлдем қанағаттандырмайды. Ғылыми коммунизм негіздерінен оқылатын лекциялардың көпшілігінде дүние жүзілік дамудың қазіргі кезеңінің ерекшеліктерінен туатын теориялық мәселелерге терең талдау жасалмайды, өмірмен нақты байланыстырылмайды. Қоғамдық ғылымдарды оқытудағы жаттампаздық пен үстірттік, семинар сабақтарының тайыздығы мен солғындығы, кейбір оқытушылардың дүмшелігі түптеп келгенде студенттердің бұл пәнді үйренуге ынта-ықыласын кемітуде.

Қоғамдық ғылым кафедраларының көпшілігі сұрақ және жауап кештерін ұйымдастырып тұрады. Бұл өте жақсы әдіс. Тек сол кештердің сапа жағы «әттеген-ай» дегізіп жүр. Әдетте сұрақтар алдын ала жиналады. Демек, оқытушының жауап беруге жан-жақты әзірленіп келуіне толық мүмкіндігі бар. Бірақ соның өзінде олар студенттер алдына «күр қол» келеді. Бір мысал. Биылғы майда Қазақ мемлекеттік университетінің жатақханасында ғылыми коммунизм кафедрасы «Қоғамымыздың өткені, бүгінгі және болашағы» деген тақырыпта кеш ұйымдастырды. Не пайда, кеш студенттерді қанағаттандырмады. Себебі, кафедра оқытушыларының көпшілігі алдын-ала жиналған сұрақтардың өзіне әзірліксіз келіп, байсалды, тиянақты жауап бере алмады, көбінесе тереңге бармай, сипай өтумен болды. Лекцияда білгендерінен артық жаңа ештеңе ести алмаған студенттердің көбісі кеш аяқталмай-ақ кетіп қалды.

Мұның бәрі қазіргі студент жастардың рухани биік талғамын, өскелен ой-өрісін жете бағаламағандықтан туған шалағайлық. Жоғары және арнаулы оқу орындарының партия ұйымдары бұл жағдайды ескеріп, қоғамдық ғылымды оқыту саласына қойылатын талапты күшейте түсуге тиіс.

Тарихта бірде-бір ұрпақ ертеңгі күні өзінің орнына кімдер келетіні туралы ойланбай-толғанбай тұра алмайды. Ал біздің келешек ізбасарларымыз — қазіргі жас өспірімдер, мектеп оқушылары. Демек, мектептегі оқу-тәрбие жұмысын жақсарту социализм жеңістерінің лайықты мұрагерлерін әзірлеу деген сөз.

Соңғы кездері оқушылардың оқуға ықыласы жоқ, қазіргі жастар, тіпті мектеп «оқушыларының өзі қиындықтан қашады, жеңіл тұрмыс іздейді, ғылымға, әдебиет пен өнерге елікпейді» деген бірлі-жарым пікірлер естіліп қалып жүр. Мұны жансақ көзқарас деу керек. Біз өткен оқу жылында орта мектепті бітірушілердің кәметтік аттестат алу үшін жазған шығармаларын зерттеп, оқушылардың білімге деген күштарлығында шек жоқ деген қорытындыға келдік. Мектеп бітірушілердің шығармаларынан толысқан ойдың байсалды ұшқындары, оқуға деген ықылас, коммунистік идеалдардың салтанатына деген қалтқысыз сенім айқын аңғарылады. Ал егер өткен оқу жылында жоғары кластардағы 23 мың оқушының мың жарымға жуығы сабақ үлгірмей, сегіз бала аттестат ала алмай қалған болса, оған ең алдымен мектептердегі оқыту жұмысының сапасыздығы кінәлі деп білу керек.

Мұғалімдер көбінесе оқушыларға білімді даяр күйінде беруге тырысады, шәкірттерді өз бетінше ойлануға, дүниені білу, тану әдістерін

менгеруге, ізденгіштік, тапқырлық, жаңашылдық қасиеттерге баулымайды. Осының бәрі оқушының ой-өрісіне тұсау болып, тіпті кейбір жастардың жалпы оқуға деген ынтасын басып тастайды.

Соңғы кездері балаларының тәрбиесі, мінез-кұлқы үшін ата-аналардың қоғам алдындағы жауапкершілігін күшейту туралы коммунистердің, жалпы жұртшылықтың талабы өктемірек естіле бастады. Бізде қоғамдық-өндірістік борышын өздері ғана адал атқарып қоймай, балаларын да жақсы тәрбиелеп, заманымызға лайықты азамат етіп өсіруші ата-аналар аз емес.

Дегенмен біздің арамызда семьядағы борышын балаларды киіндіру, асырау деп қана ұғынатын, олардың мектепте қалай оқып, бос уақытында не істеп жүргенінен, ұлының немесе қызының кім боп өсіп келе жатқанынан мүлде бейхабар ата-аналар да баршылық. Қалалық партия комитетінің бюросы «Қазгипросовхозводстрой» жобалау институтының бөлім бастығы Забирді баласын тәрбиелеуге жауапсыз қарағаны үшін КПСС қатарынан шығарды. Оның № 13 мектептің 10-класында оқитын ұлы Евгений бетімен кеткен. Ішкілікке салынып, қылмыскерлер тобына қосылған. Солармен бірге кісі тонауға, ақыр соңында адам өлтіруге қатысқан. Класс жетекшісі, мектеп директоры Забирдің өзіне де, ол қызмет істейтін институттың партия ұйымына да Евгенийдің мінез-кұлқы жайында талай рет ескерткен, оны дұрыс жолға салуға көмектесіңіз деп өтінген. Бірақ Забир үнемі олардан ат-тонын ала қашып, ұлының теріс жолға түсуіне мектеп кінәлі деп безектеумен болған. Жобалау институтының партия ұйымы да бұл мәселеде табансыздық жасаған. Тіпті Забирдің баласы қылмысты жауапқа тартылғаннан кейін де институт партия ұйымы коммунист Забирдің жауапкершілігі туралы мәселені партия жиналысында жәй талқылаумен тынып, бар кінәні мектепке аудара салған.

КПСС мүшесінен жеке басының мінез-кұлқы, азаматтық борышына адалдығы жөнінде қандай жауапкершілік талап етілсе, семьясындағы жағдай, әсіресе бала тәрбиесі үшін де нақ сондай жауапкершілік талап ететін мезгіл жетті. Әрбір семья үнемі жұртшылықтың бақылауында болуға тиіс. Бала тәрбиесіндегі кемшіліктің бірде-бір көрінісі партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының назарынан тыс қалмайтын болсын. Бала тәрбиесіне немқетті қарайтын ата-аналарды жұртшылық талқысына салып, тәртіпке шақырып отыру керек.

Коммунизм ісіне шын берілген жалынды күрескерлердің жаңа, жас ұрпағын тәрбиелеу — бүгінгі таңның кезек күттірмейтін міндеті. Бұл міндет жас ұрпақты тәрбиелеудің маңызы жайлы жалпылама сөздерді емес, нақты ұйымдастыру жұмысы мен шынайы қамқорлықты талап етеді. Жастар тәрбиесін партия, комсомол ұйымы, мектеп, бүкіл жұртшылық болып ынтымақтаса қолға алу керек. Әрбір баланың, әрбір жас жігіт пен қыздың саналы, білімді, еңбек сүйгіш болып өсуіне, әрбір сағат уақытының пайдалы іске бағышталуына жету қажет. Оқу, еңбек, әдебиет, өнер, спорт және басқа тәрбие құралдарының барлық күші осы мақсатқа жұмылдырылуға тиіс. Жастар тәрбиесіне әрбір партия, комсомол комитеті, әрбір коммунист өзін жауаптымын деп сезінгенде ғана біз Лениннің ұлы ісін алға апаратын жаңа ұрпақты ойдағыдай баулып өсіре аламыз.

БІРІНШІ ОРЫС РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ

(1905—1907 жылдардағы бірінші орыс революциясының 60 жылдығына)

Россия XX ғасырдың бас кезінде ұлы революциялық дауылдар дәуіріне аяқ басты. Тарихи дамудың барысы Россия пролетариатын халықаралық жұмысшы қозғалысының авангарды етіп көтерді: дүние жүзілік революциялық қозғалыстың орталығы Батыстан Шығысқа — Россияға ауысты. Россия халықтарының, бүкіл дүние жүзінің езілген еңбекшілерінің саяси оянуы осы революциялық орталықтың тікелей ықпалымен басталды.

1905 жылдың қарсаңында Россияда езгінің барлық түрі өрістеп, халық бұқарасының халін нашарлатты, таптық қайшылықтарды шиеленістіріп, асқындырып жіберді.

Россия пролетариаты капиталистік езгінің барлық жан түршігерлік түрлеріне тап болды. 1900—1903 жылдардағы экономикалық дағдарыс олардың бұрыннан да ауыр халін мүлде нашарлатып жіберді. 200 мыңнан астам жұмысшы жұмыссыз көшеде қанғырып қалды. Заводтар мен фабрикалардағы жұмыс күнінің ұзақтығы 12—14 сағаттан кем болмады. Жұмысшылардың көпшілігі подвалдар мен тозығы жеткен лащықтарда, жер кепелерде, фабрика жанындағы казармалар мен барактарда күнелтетін. Бұл жердегі өмір, тіпті сол кездегі буржуазиялық баспасөздің мойындағанындай, каторгадағы өмірдің аз-ақ алды еді.

Россия деревняларындағы шаруалар тұрмысы да барынша ауырлап кетті. В. И. Ленин 1905 жылдың қарсаңындағы Россия еңбекші шаруаларының жағдайын былайша суреттеген болатын: «Шаруалар тұрмыстың қайыршылық сатысына жеткізілді: ол малмен бірге жатты, кигені жалба-жұлба болды, қорегі алабота болды... Шаруалар үнемі аштыққа ұшырап отырды, егін шықпаған уақыттарда аштық пен аурудан он мыңдай адам өлді, егін шықпауы жиі-жиі қайталап отырды» (Шығармалар, 4-том, 443-бет).

Россиядағы сол кездегі қоғамдық дамудың негізгі қажеттері, жұмысшылар мен шаруалардың көкейтесті мүдделері елімізде саяси және экономикалық өзгерістер жасауды барынша қатты талап етті. Ал ол өзгерістерді тек революциялық күрес жолымен патшалық монархияны, помещиктердің үстемдігін жою арқылы ғана жеңіп алуға болатын еді.

1904 жылдың бас кезінде Жапония мен Россия арасында басталған соғыс еңбекші халықтың жағдайын мүлде нашарлатып жіберді. Бұл соғыс Россия мен Жапония халықтарының мүдделеріне жат еді. Ол патша самодержавиясы мен Жапонияның билеп-төстеуші топтарының мүдделері үшін басталған болатын. Сондықтан соғыстың ауыртпалығы онсыз да қайыршылық өмір сүріп отырған еңбекшілердің шыдамын тауысты. Соғыс Россиядағы қоғамдық өмірдің барлық қайшылықтарын шиеленістіріп, революциялық қозғалысты жеделдете түсті. Россияда терең революциялық дағдарыс пісіп жетілді.

Революция дауылының бастамасы Петербургте 1905 жылғы 9 январьдағы бүкіл елді сілкіндірген оқиғалар болды.

Бұл күні, большевиктер айтқандай, Николай патша қарусыз жұмысшыларды оқпен қарсы алды. Патша бұйрығы бойынша жұмысшыларға

қарсы оқ атылып, қылыш сермелді. Петербург көшелерінде жұмысшылар қаны судай ақты, бұл күні патша әскері мыңнан астам жұмысшыны қырып, екі мыңнан астам адамды жаралады.

9 январь «Қанды жексенбі» деп аталды. Бұл күні жұмысшылар қанды сабақ алды, олардың патшаға сенімі де оққа ұшты. Жұмысшылар өз праволарын енді күрес, қарулы күрес арқылы ғана ала алатындығын ұқты. «Патша бізге көресіні көрсетті, біз де оған көресіні көрсетеміз» деді олар.

В. И. Ленин 9 январь оқиғалары туралы алғашқы хабарды алысымен-ақ былай деп жазды: «Жұмысшы табы азамат соғысының ұлы сабағын алды; пролетариаттың революциялық тәрбиеленуі бір күннің ішінде соншама көп ілгері басты, ол әншейінгі қарапайым, езілген өмірдің айлары мен жылдары бойы мұндай болып ілгері баса алмас еді. Петербургтің ержүрек пролетариатының: «не бостандық, не өлім» деген ұраны қазір бүкіл Россияны жаңғырықтырып тұр» (Шығармалар, 8-том, 88—89-беттер).

Патшаның «қанды жексенбіде» жасаған зұлымдығы туралы қайғылы хабар барлық жерге тарап, бүкіл Россияны күңіретті. Бүкіл жұмысшы табын, бүкіл елді кернеген ашу-ыза енді шегінен асты. Самодержавиеге қарсы бүкіл ел болып аттанды, «Жойылсын самодержавие!» деген ұран бүкіл халықтың ұраны болды. 1905 жылдың январында ғана 440 мың жұмысшы көтеріліс жасады. Жұмысшы қозғалысы зор сатыға көтеріліп, революциялық оқиғалар қауырт үдей берді. Россияда тұңғыш революция осылай басталды.

1905 жылғы январьда басталған Россиядағы революциялық қозғалыс жалыны ұлғайып, қала мен селоны, әскери гарнизондарды тегіс шарпи бастады. Сонымен қатар жұмысшылардың революциялық күресі саяси күрес сипатына енді, бұрынғы экономикалық және ынтымақтастықты білдіру стачкаларынан енді жұмысшылар саяси стачкаларға, патша әскерлеріне қарулы қарсылық көрсетуге көше бастады. Петербург, Москва, Варшава, Рига, Баку, Иваново-Вознесенск, Одесса сияқты ірі-ірі қалалардың пролетариаты революцияның алдыңғы шебінде болды, өздерінің батыл күрестері арқылы бүкіл жұмысшы табын, бүкіл елді патшаға қарсы табанды күреске жұмылдырды.

1905 жылдың май айында басталған Иваново-Вознесенск қаласындағы жұмысшылар стачкасына 72 мыңдай жұмысшы қатысты. Иваново-Вознесенск жұмысшылары «Өкілдер советін» құрды. Бұл Россияда тұңғыш құрылған жұмысшылар депутаттары Советінің бірі еді.

Қала жұмысшыларымен ілесе самодержавиеге, помещиктерге қарсы шаруалар да көтеріле бастады. Шаруалар помещиктердің именелерін, үй-жайларын өртеді, жерлерін тартып алып, азық-түліктерін ашыққандарға үлестіріп бере бастады.

Жұмысшылар мен шаруалар қозғалысына патшаның таянышы болып келген армия өкілдері де үн қоса бастады. 1905 жылдың июнінде Қара теңіз флотындағы «Потемкин» атты броненосецтің матростары көтеріліс жасап, революция жағына шықты.

Россия еңбекшілерінің бірінші революциясы бүкіл елді түкпір-түкпіріне дейін сілкіндірді. Россияның шеткері ұлт аймақтарының езілген жұмысшылары, шаруалары орыс пролетариатының соңынан еріп, патшаға қарсы және ұлт-азаттығы үшін күреске аттанды.

1905 жылдың алғашқы айларында-ақ Қазақстан қалаларында саяси ереуілдер, жаппай революциялық демонстрациялар үздіксіз болып жатты. Акмола, Өскемен, Гурьев уездеріндегі өндіріс орындарында, Екібастұз, Қарағанды көмір кендерінде, Ақтөбе, Орал, Перовск, Қазалы, Петропавл станцияларының деполарында істейтін орыс, казак жұмысшылары революциялық күресті күшейте түсті. 1905 жылы 1 майда

Қазақстанның бірсыпыра кәсіпорындарында саяси ереуілдер өткізілді. Орал, Перовск жұмысшылары 1 май демонстрациясын жасады.

Революциялық толқу Қазақстанның селолары мен қазақ ауылдарына да жайылды. 1905 жылы 19 июньде Семейдің соғыс губернаторы өзінің генерал-губернаторға жазған мәлімдемесінде: «Қырда тыныштық жоқ. Қазақтар Россияда болып жатқан оқиғалардың бәріне мұқият зер салуда, қырға көршілес облыстардың адамдары, тіпті Бөкей ордасының адамдары да келіп жүр, бұлар үкімет жарлықтарын көрер көзге теріс түсіндіруде» деп көрсеткен.

Қазақ еңбекші шаруалары революциялық қозғалыстарға барған сайын белсене кірісе бастады. Ауылдарда жер мәселесіне байланысты толқу күшейе түсті. Мұндай толқу, атап айтқанда, Ақтөбе, Қарқаралы, Семей, Павлодар, Ырғыз, Өскемен, Орал уездерінде көбірек болды.

Сөйтіп, 1905 жылғы 9 январьда басталған революция көп ұзамай-ақ бүкіл Россияны қамтыды, қоғамның барлық топтарын, барлық партияларын қозғалысқа келтірді. Әрбір тап, әрбір партия өзінің революцияға, үкіметке көзқарасын белгілеуге, тактикасын анықтауға кірісті.

Революцияның бірден бірге өрлей түскен кезеңінде социал-демократиялық партиялар қарулы көтерілісті ұйымдастыру, патша үкіметін құлату, оның орнына революцияшыл Уақытша үкімет құру, бұл үкіметке қатысу-қатыспау сияқты және басқа практикалық маңызы зор мәселелерді шешуге тиісті болды. Партияның марксистік тактикасын белгілеу күн тәртібіне қойылды.

1905 жылғы апрельдің 12-нен 27-не дейін Лондон қаласында РСДРП-ның III съезі болды. Съезд бүкіл елге қанатын жайған буржуазиялық-демократиялық революция кезеңіндегі большевиктердің тактикасын белгілеп берді. Съезд былай деп көрсетті: қазіргі революция буржуазиялық демократиялық сипатта бола тұрса да, оның толық жеңіп шығуына ең алдымен пролетариат күштар; сондықтан революцияның бірінші кезеңінде пролетариат барлық шаруалармен одақтаса отырып, революцияның жеңуі үшін, самодержавиені құлатып, демократиялық республика орнату үшін күресу керек. Ал екінші кезеңде пролетариат буржуазиялық-демократиялық революцияны социалистік революцияға дереу ұластыру үшін күресуге тиіс. Буржуазиялық-демократиялық революцияның толық жеңуін көздеген пролетариат тактикасын тек шаруалар ғана қолдай алады, сондықтан шаруалар пролетариаттың табиғи одақтасы болып табылады, осы одақтың нығайуын революцияның көсемі ретінде пролетариат қамтамасыз етуге тиіс.

Съезд «қарулы көтеріліс жолымен пролетариатты самодержавиеге қарсы тікелей күреске ұйымдастыру міндеті — партияның қазіргі революциялық кезеңдегі ең басты және кейінге қаратуға болмайтын міндеттерінің бірі болып табылады», — деп атап көрсетті.

Бұл кезде Женевада өздерінің конференциясын ашқан меньшевиктер революцияға басқаша қарады, большевиктер ұсынған марксистік тактикаға қарсы шықты. Революция буржуазиялық революция болғандықтан оған тек либерал буржуазия ғана көсем бола алады, пролетариаттың шаруалармен емес, осы либерал буржуазиямен жақындасуы керек деді меньшевиктер. Егерде көтеріліс нәтижесінде революцияшыл уақытша үкімет құрылса, оған социал-демократтардың қатыспауы керек деп байбалам салғандар да меньшевиктер болды.

В. И. Ленин өзінің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» деген еңбегінде меньшевиктердің тактикасын батыл әшкереледі және большевиктердің марксистік тактикасын данышпандықпен дәлелдеді. В. И. Лениннің бұл еңбегі елімізде революциялық қозғалысты одан әрі өрістетуге үшін аса маңызды роль атқарды, марксистік революцияның жаңа теориясымен байытты. Россия пролетариатының 1917 жылы патша өкіметін, капитализмді жеңіп шығуын қамтама-

сыз еткен Коммунистік партияның революциялық тактикасының негізін жасап берді.

Партияның III съезінің бірінші орыс революциясы үшін маңызы зор болды. Осы съездің тарихи шешімдерімен қаруланған большевиктер буржуазиялық және ұсақ буржуазиялық партияларға қарсы, буржуазиялық ұлтшылдарға қарсы аяусыз күрес жүргізді. Бұқара халықтың революциялық қозғалысында большевиктердің басшылық ролі арта түсті.

1905 жылдың жазында, әсіресе күзге қарай бүкіл елді қамтыған революциялық қозғалыстың өсіп ұлғаюы орасан күшті болды. Сентябрьдің 19 күні басталған Москвадағы баспа жұмысшыларының ереуілі басқа қалаларға да тарап, жалпы саяси стачкаға айналды. Октябрьдің бас кезінде Москва-Қазан темір жолшылары ереуілге шықты. Көп кешікпей-ақ қозғалыс толқыны бүкіл елдегі темір жолдарды қамтыды. Бұларға фабрика, завод жұмысшылары үн қосып, жұмыстарын тоқтатты. Октябрьде бүкіл елдің тіршілігі тоқтап қалды. Үкімет күшінің тырп етуге шамасы келмеді. В. И. Ленин октябрьдегі жұмысшылар қозғалысын жоғары бағалады.

Октябрьдегі бүкіл елді қамтыған жаппай саяси көтерілістен үрейі ұшқан патша 17 октябрьде манифест шығарды. Ол манифесте патша адамның жеке басының бостандығын, баспасөз, жиналыс және кәсіп-салақ бостандығын қамтамасыз етуге, заң шығаратын дума құруға, сайлауға барлық таптарды қатыстыруға, жалпы саяси амнистия жариялауға уәде берді. Буржуазиялық партиялар 17 октябрь манифестін жер-көкке сыйғызбай мадақтауға кірісті.

Ал іс жүзінде патша халыққа ешнәрсе бермеді. Бұл манифест халықты алдап торға түсіру үшін, тыныс алып, күш жинап, революцияға қарсы шабуыл жасау үшін патшаның қолданған амалы еді. Большевиктер патшаның бұл зұлымдық әрекетін әшкереледі, 17 октябрь манифестінің халыққа құрылған қақпан екенін түсіндірді, жұмысшыларды қарулы көтеріліске дайындалуға шақырды.

1905 жылдың соңғы екі айында Россияда революциялық қозғалыс кеңінен өріс алып, қарулы көтеріліс кезеңіне жетті. В. И. Лениннің көрсеткеніндей, бұл кезде «халықтың революциялық күштерінің барлық бұлақ көздері бұрынғыдан анағұрлым кең ашылды» (Шығармалар, 23-том, 262-бет).

1905 жылдың ноябрінде В. И. Ленин Россияға келіп, қарулы көтерілісті тікелей әзірлеуге кірісті, партияның Орталық Комитетінің жұмысына басшылық етті. 1905 жылдың декабрінде көтеріліс революцияның ең жоғарғы сатысына жетті. Бұл күндері Россияның жүздеген қалаларында қарулы көтерілістер қанат жайып, мың-мыңдаған баррикадалар тұрғызылды. Патша өкіметіне қарсы қарулы көтеріліс туын Москва пролетариаты бірінші болып көтерді. Красная Пресня ауданындағы күрес ерекше табанды және батыл сипатта болды.

Революцияның бұл өрлеу дәуірінде шаруалардың помещиктерге қарсы күресі ұлғая түсті, бұл күндері шаруалардың қозғалысы бүкіл елдегі уездердің үштен бір бөлегін қамтыды. Революциялық толқу солдаттар арасында да күшейе түсті. Қарулы көтеріліс күндерінде патша өкіметіне қарсы Грузияда, Украинада, Латвияда, Финляндияда ерекше күшті күрес болды.

1905 жылдың соңғы айларында орталықта орасан күшті болған революция патшалық Россияның отар елдерінің бірі — Қазақстанды да кеңінен қамтыған болатын.

Октябрьдің бас кезінде Ақтөбе темір жолшылары ереуіл жасады. Көп ұзамай-ақ Сибирь және Орынбор — Ташкент темір жолдарының жұмысшылары көтерілді. 17 октябрьде Орал қаласында, 19 октябрьде Орынбор, Ташкент, Перовск, Қазалы, Арыс, Түркстан, Петропавл тағы

басқа қалаларда мың-мыңдаған кісі қатысқан демонстрациялар өткізілді. Қазақ жұмысшылары орыс жұмысшыларымен бірге қолдарына Қызыл ту алып, «Самодержавие жойылсын!», «Бостандық жасасын!», «8 сағаттық жұмыс күні жасасын!» деген ұрандар көтеріп шыққан.

1905 жылғы октябрьдегі саяси стачка, декабрьдегі Москваның қарулы көтерілісі күндерінде революциялық күрес Қазақстанда ерекше күшейді. 15 ноябрьде Қарқаралы қаласында өткізілген демонстрацияға қала маңындағы қазақ ауылдарынан көптеген шаруалар қатысты. Бір мыңдай кісі қатысқан демонстрацияға қаланың солдаттары да үн қосты. Демонстрация жасаушылар Қызыл ту көтеріп, уездік басқарманың алдынан өтті. «Жоғалсын полиция!» деп ұрандар тастады. Осыдан кейін демонстранттардың ұйғаруы бойынша Қарқаралы қаласында «Революциялық комитет» құрылды. Қарқаралы уезінің бастығы бұған қарсы шара қолдануға дәрменсіз болды. Бұл туралы ол генерал-губернаторға: «Хал өте хауіпті, бұл жағдайда қазақ арасында ұлт қозғалысының болуы мүмкін, дала қозғалыстың шегінен асты» деп мәлімдеді.

Қарқаралы оқиғасы халқымыздың тарихынан үлкен орын алады, өлеңбекшілердің күш біріктіріп, революциялық қимыл жасауының тамаша үлгісі болып табылады.

1905 жылдың декабрінде Орталық Қазақстандағы Успен мыс руднигінің қазақ, орыс жұмысшылары бірнеше күн жұмысты тастап ереуілге шықты, рудник басқармасының алдына экономикалық және саяси талаптар қойды. Ереуіл ісін басқаратын «Қазақ-орыс одағы» атты саяси комитет құрылды. Комитеттің нұсқауы бойынша рудник жанындағы магазиндер басып алынып, азық-түлік, товарлар жұмысшыларға, олардың семьясына үлестірілді. Успен мыс руднигінде болған бұл көтеріліс жұмысшылардың саналылығы мен ұйымшылдығының Қазақстанда бұрын болып көрмеген тамаша үлгісін көрсетті, интернационалдық одақтың, бауырластықтың бастамасы болды.

1905 жылдың соңғы айларында революциялық қозғалыс Қазақстанның басқа да аудандарында кеңінен өріс алды. Патша өкіметінің жергілікті генерал-губернаторларға жазған хабарларында Қазақстандағы революциялық қозғалыстың социал-демократияның ықпалында болып отырғаны атап көрсетілген.

Россияда монархизмнің іргесін шайқалтқан декабрь көтерілісін патша үкіметі адам айтқысыз қаталдықпен басты. Патшаға енді «Қанды-балақ Николай» деген ат тағылды.

В. И. Ленин декабрь көтерілісіне ең жоғары баға берді, оның жеңілу себептерін терең талдап, жұмысшыларды революция сабағын үйренуге, жаңа күреске мықтап әзірленуге шақырды.

Декабрь қарулы көтерілісі жеңілгеннен кейін революция біртіндеп төмендеуге бет алды. Бірақ революция басылған жоқ. Революциялық күрес 1907 жылдың ортасына дейін созылды. Жұмысшылардың, шаруалардың жаңа топтары күреске тартыла бастады. 1906 жылы стачкаларға бір миллионнан астам жұмысшы қатысты, ал 1907 жылы революциялық қозғалыстарға қатысқандардың саны 740 мыңнан асқан. Шаруалардың қозғалысы 1906 жылдың бірінші жартысында Россия уездерінің жартысына жуығын қамтыды.

Алайда бірінші орыс революциясы жеңілумен аяқталды. Оған мынадай жайлар себеп болды: патша өкіметіне қарсы жұмысшылар мен шаруалардың берік одағы әлі жасалған жоқ еді; шаруалар патшаны күртпей тұрып, помещиктерді жоюға болмайтынын түсінбеді. Мұндай пиғылдың өзі солдат шинелін киген шаруа балаларының армиядағы жағдайына да әсер етті; оның үстіне жұмысшылардың өздері де ұйымшылдық көрсете алмады; жұмысшы партиясының қатарында бірлік, ұйымшылдық болмады, ол большевиктер мен меньшевиктерге бөлініп кетті, яғни, осының салдарынан пролетариат революциядағы гегемон-

дық ролін толық орындап шыға алмады; революцияны жаншу үшін патша үкіметіне батыс-европа империалистері көмектесті, ең ақырында Жапониямен жасасқан бітім патшаның жағдайын едәуір жақсартып жіберді.

Бірінші орыс революциясының өзіне тән қасиеттері, өзгешеліктері болды. Батыстағы буржуазиялық революциялар (Франция, Англия, Германия, Австрия) басқа жолмен кеткен болатын. Революциядағы үстемдік оларда пролетариаттың қолында болған жоқ, либералдық буржуазияның қолында болды, пролетариат әлсіз болғандықтан өз алдына саяси күш бола алмады. «Орыс революциясының ерекшелігі нақ мынада, — деп атап көрсетті В. И. Ленин, — ол өзінің әлеуметтік мазмұны жағынан буржуазиялық-демократиялық, бірақ күресетін құралы жағынан пролетарлық революция болды...» В. И. Ленин көрсетіп бергендей, бұл революцияның өзгешелігі, пролетарлық сипаты тек қана пролетариаттың жетекші күш болғандығы, қозғалыстың авангарды болғандығы мағынасында емес, сонымен қатар күрестің ерекше пролетарлық құралында еді. Стачкалар бірінші орыс революциясы кезінде бұқараны қозғаудың, революцияға көтерудің басты құралы болды.

Бірінші орыс революциясы — жаңа заман дәуірінің бастамасы. Ол демократиялық революцияға ұласуға жол ашты, пролетариат диктатурасына өтудің сатысы болды. Бұл революция — бүкіл дүние жүзінде революцияны дамытудың, оның жеңісін тездетудің алғы шарты. Орыс революциясы батыс жақтағы елдерге де жанамалап, өзінің әсерін тигізді.

Бірінші орыс революциясы Россияның халық бұқарасын саналы түрдегі революциялық қаһармандық іске көтеріп, оларға мол саяси тәжірибе берді. Россияда 1905—1907 жылдардағы буржуазиялық-демократиялық революция күрестің бұрынғы революциялар тарихында болып көрмеген жаңа құралдары мен түрлерін шығарды. Күрес өртінің үстінде өзінше бір бұқаралық ұйым — жұмысшы депутаттарының атакты Советтері құрылды. Жұмысшы депутаттарының осы Советтері Россияның бірнеше қалаларында бірден бірге уақытша революциялық үкіметтің ролін, көтеріліс органдарының және көтеріліске басшылық ету ролін атқарды. Бұл Советтер Ұлы Октябрь социалистік революциясының жеңіп шығуының нәтижесінде елімізде құрылған Советтердің алғы нұсқасы болды.

1905—1907 жылдарда патша өкіметіне қарсы күрестің барысында Россияның езілген халықтарының біртұтас революциялық майданын жасаудың берік негізі қаланды, бұл майданды орыс пролетариаты бастап шықты. Бірінші орыс революциясы жылдарында патша өкіметіне берілген соққы империализмнің бүкіл системасына да берілген соққы болды.

В. И. Лениннің айтқанындай, 1905 жылғы «Ұлы репетиция» болмаса, 1917 жылғы революциялар, буржуазиялық Февраль революциясы да, Ұлы Октябрь социалистік революциясы да мүмкін болмас еді.

Т. ЕЛЕУОВ,
тарих ғылымының докторы.

А Л Ы П А Д Ы М М Е Н

СЫРБАЙ МӘУЛЕНОВ

Ертемен тұрып ел хабарына елендейсін. Радиоға құлақ тосасын. Ауа толқынында санқылдаған диктор даусы сан алуан жаналықтарды құлағына құйып жатады. Сол хабарларды естігенінде елдің ерлік еңбегіне сүйсінесің. Жаңа қуатты техниканың әрбір басқан қарышты қадамына қуанасың. Сол жаналықтардың барлығы Кремль күмбезінен жұлдыз боп ұшып қиян биікке самғап жатқандай болады. Кремль — еліміздің күре тамыры. Кремль куранттары — Отанымыздың дүрсілдеп соғып тұрған жан жүрегі. Талай ғасырды басынан кешірген қасиетті қарт Кремль талай тарихи істердің, талай ұлы уақиғалардың куәсі болып келеді. Сондықтан да бүкіл еліміз Кремль сағатының қоңыраулы даусын естігенше асығып, тағат таппайды. Өмір ағысының қуаты осы Кремль сағатының қоңыраулы үнімен өлшенеді. Кремль сағаты жаналық жаршысы, алып адымның аршыны секілді.

Мен Москваға барған сайын таңғы сағат алтыда тұрамын. Москва-ның қоңыр салқын таңында Кремльге беттеймін. Менің ойымша, Кремль күндіз-түні кірпік ілмей тұратын тәрізді. Ол бүкіл елдің тағдырын толғанып, сан қилы қызмет атқарып отырған Ленинге ұқсайды. Кремль куранттарының сыңғырлаған үнін естимін. Мавзолейде Ленин ұйқысын күзетіп тұрған солдаттардың тағдырына қызығамын. Басқа солдаттардан да гөрі менің үшін сол солдаттар бақыттырақ көрінеді. Қыста да, көктемнің көк бояуын жоймаған мәңгі жас шыршаларға көз жүгіртемін. Ертемен оянып Қызыл алаанның шақпақ тас төселген айдынында қаптап жүрген көгершіндерді қызықтап тұрамын. Оларға жем тастап жүрген қариялармен сөйлесемін. Осының бәрі маған Кремльден әрі ұлылықтың, әрі қарапайымдылықтың ғажайып қасиеттерін ұқтырғандай...

Бүкіл еліміздің тағдыры осы Кремль күмбезінің астында шешіледі. Кремльде партияның ұлы съездері, тарихи пленумдары өтіп жатады. Партия әруақытта ел қызметінде, ел бақытының күзетінде. КПСС Орталық Комитетінің пленумдары әруақыт халық ойынан шығып, мемлекеттің үлкен кемесін жаңа бір көкжиектерге, жарқын жағаларға бастап отырады. Орталық Комитеттің әрбір пленумы елге ғажайып жаналықтар әкеледі. Әр пленум — коллективтік көрегендіктің тамаша сылаттамасы, лениндік дана саясаттың салтанатты жеңісі. Қай пленумда болсын ел өмірінің түбірлі мәселелері қозғалып, түбегейлі шешімін табады. Мысалы, март Пленумы ауыл шаруашылығын шұғыл өрге бастырудың маңызды мәселелерін алға тартты. Ауыл шаруашылығын өркендетуде орын алып келген кейбір кемшіліктерді жоюдың нақты шараларын белгіледі. Басшылықтағы субъективизм мен орашолоқтыққа, сыңар жақтылыққа, оралымсыздыққа жол бермеу жағын қарастырды.

Биылғы сентябрь. Бүкіл әлем Кремль күмбезіне көз тікті. Кремль сөйледі. Ауа толқындары асқар таулардан, айдынды мұхиттардан, меридиандар мен параллелдерден асып өтіп, жалпақ жиһанға Кремль үнін таратты.

Кремль сөйледі. Өмірдің ең бір өзекті мәселесін көп айлар зерттеп, алда тұрған айбынды міндеттерді айқындап, көпшілік талқысына салды. Сентябрь Пленумы өнеркәсіпті өркендетудің соны программасын сызды. Басшылықты жақсартуға жаңа бағдарын нұсқады. Жоспарлауды жетілдірудің тың жолдарын белгіледі. Өнеркәсіп өндірісін экономикалық жағынан көтермелеуді күшейту туралы келелі мәселелерді түйіндеп, жаңа кезеңнің қырқасына шығарды.

Советтік Отанымыз — қуатты индустрияның алтын тұғыры, алып ордасы. Ұлан-байтақ далалардың өр төсінде жалын атқан құрылыс мұнаралары, калаларда ертеңгісін гудогі айқайлап жұмысшыны қауырт еңбекке шақырған завод-фабрикалар, басына бұлт түнеген тәкаббар таулардың өр кеудесін тесіп, шөл құмайтарда канал қазып, көл орнатып жатқан қуатты экскаватор керуендері, сонау алыс арманды дүниедей жұлдызды кеңістікке көтерілген космос корабльдері — өнеркәсіптің қуатты күдіретінің айғағы.

Өнеркәсіп — еліміздің есейген егделігі мен жалынды жастығының жарқын бейнесі. Оның әрбір қаланған қышында қазір самайын бурыл шалған қарттардың жастық шағының өрнегі жатыр. Менің есіме өнеркәсіпті атағанда ең алдымен Отанымыздың болат сауыты секілді Урал таулары түседі. Көз алдымнан көлбеңдеп бір сурет тартыла береді. Оны мен елуінші жылдары Магнитогорскінің музейінен көрген болатынымын. Жалпақ дала. Ағып жатқан толқынды өзен. Айналада сағыммен мұнартып буалдыр тартқан биік адырлар. Сол далада көгілдір тауларға көз жіберіп, бір атты қазақ тұр. Ол алысты армандайды. Мүмкін, ол осы таулардың жонына талай жыл бойы қолы батпай келе жатқанына өкінетін де шығар. Бұл Магнитогорскінің алып комбинаты орнамай тұрған кезіндегі бір көрініс еді. Сол атты қазақ тұрған дала аз жылдың ішінде жаңа өмір жасаушылардың қуатты қолы тиіп, жаңғырығып сала берді.

Енді бір сурет Магнитогорскінің алғашқы домна пештерінің салынып бітіп, іске қосылған кезін бейнелейді. Кеншілердің ортасында Серго Орджоникидзе тұр. Ол ертедегі салт атты қазақтың арманының іске асқанын көріп, магнит ерлерін құттықтайды. Содан бері күреске толы жылдар өтті. Болат қорытатын алып комбинат шартарапқа даңқын жайды. Магнитогорск металлургия комбинаты сапалы құрыш құйып, Отанымызға еселсіз пайда келтірді. Өнеркәсіптің өрен күшін тек қана Магнитогорскінің күндіз-түні маздаған жалынынан айқын аңғаруға болатындай. Ал біздің елімізде Магнитогорск сияқты өнеркәсіп алыптары күн сайын шарықтап өсіп, құлашын кең сермеп жатыр.

Уақыт қанша жүйрік, қанша ұшқыр десек те, совет адамының қадамына ілесе алмайды екен. Ол бір күннің өзіне апталардың, айлардың жүгін арқалатып, болашаққа шығарып салып жатыр. Советтік Отан өнеркәсіпті өркендетуде дүние жүзінің күшті дамыған елдерімен иін тіресе жарыса өсіп, алдыңғылар қатарына теңелді. Айналасы аз жылдың ішінде талай-талай менменсіген капиталистік мемлекеттерді қуып жетіп, басып озды. Қазір өнеркәсіп өнімдерінің негізгі түрлерінен әлемдік орынның ең төрінде Совет елі тұр. Осыдан жүз жылдар бұрын Россия өнеркәсібі артта қалған, мешеу ел деп саналса, қазір ондай сөзді ешкім айта алмайды. Россияның талантты ұлдары сол кездің өзінде-ақ өз енерлерін әлемге танытқаны белгілі. Орыстың тұңғыш металлургі Аносов дүние жүзінде ең бірінші рет болаттың құпиясын тапқан еді. Болат сыры Россия арқылы басқа елдерге аян болды. Бірақ Аносов тұсында өнеркәсіп техникасы мардымсыз еді. Қазір өнеркәсіп қуатты техникамен жабдықталып отыр. Толып жатқан жаңа машиналарды сөз етпегеннің өзінде өмірімізге химия әкелген жаңалықтар қаншама! Сол жаңалықтар өндірісімізден күнделікті өмірімізге еркін еніп, халқымыздың тұтыну қажеттерін өтеп отырғанын өз көзімізбен көріп келеміз.

Отандық өнеркәсіп сұрапыл кезеңдерден, ауыр сындардан абыроймен өтті. Кешегі Ұлы Отан соғысы Совет елінің күшін жан-жақты сынады. Өнеркәсібіміз Ұлы Отан соғысы жылдарында қарулы күштерімізді күдіретті қару-жарақпен жабдықтады. Урал тауларының өңіріне орналасқан металлургия заводтары Отанның көк құрыштан құйылған қару қазынасына айналды. Жауды құрыш табанымен таптаған алып танктер, өнешінен оқ боратқан ауыр зенбіректер, туған жердің аспанын жаттан қорғаған ұшқыр самолеттер, көк теңізде жорық шеккен крейсерлер өнеркәсібіміздің тегеурінді күшінің теңдесі жоқ көрінісі болатын. Қарыштап алға басқан өнеркәсібіміздің арқасында қазір совет аспаны берік тұр. Оның кеңістігіне ешбір жаудың тұмсығы бата алмайды.

Отандық өнеркәсіптің кең өрісінен біздің республикамыздың алатын орны зор. Бұрын қазақ даласы жадағай жаланап жатса, бүгін жаңа заводтарымен дүниеге асқақ қарайды. Менделеев кестесі бейне бір қазақ жеріндегі әртүрлі элементтерден алынып жасалған секілді. Қазақстан таулары дүние байлықтарының қорлы қазынасынан қаланған. Сол таулардың қатпар-қатпары алтын, күміс, қалайы, мырыш, темір, көмір.

Осыдан төрт-бес жыл бұрын мен көп жылдан бері Қостанай даласында болмаған бір қартпен Тобылға аттандым. Ол кезде «Правда» газетінде үлкен Торғайдың мәселесі қозғалып жатқан еді. Сол шақта бүкіл Қостанай өңірі Торғай даласы, Торғай қақпасы аталып жатты. Қартпен бірге Қостанайдан қырық шақырымдай жерде жататын Сарыбай даласына жол шектік. Сонда қарттың бір туыстары бар екен. Кең дала экскаваторлардың қуатты гүрілімен жанғырығып тұрды. Қарт өзінің бұрын талай аралаған даласын танымай қалды. Үйілген тау-топырақтар, қазылған терең орлар, Сарыбай үстін ерсілі-қарсылы тіліп өткен айқұш-ұйқыш жолдар. Ертеден кешке дейін еңбек етіп маңдай терін төгіп жүрген жұмысшылар бұл өлкені бүтіндей өзгертіп жіберіпті. Қарт қайран қалды.

— Осы жерді баяғыдан бері қалай білмегенбіз?

— Сарышұнақ жортқан сары далада темір бар деп кім ойлаған?

— Бүкіл Совет Одағының барлық машинасы осында жиналған шығар?!

Қарттың берген сұрағы осы тәріздес еді.

Ал оған мынадай жауаптар қайтарылып жатты.

— Бұл жердің кенін күнде басып жүрсе де жердегілер білмейті.

— Бұл жердің кенін көктегі ұшқыштар тауыпты.

— Көктегі самолеттің аппаратындағы магнит тілдерін жер астында жатқан темір магниті тартыпты.

— Бұл жерге Совет Одағының ең қуатты машиналары келіп жатыр. Бір машинаны құрастыру үшін екі-үш ай уақыт кетеді.

Кейіннен бірқатар жыл өткен соң қарт екеуміздің жолымыз тағы да Рудныйға түсті.

Бұл сапарда біз баяғы ақ шаңдағы шығып жатқан Рудныйдың орнына көп қабатты үйлері бар, бау-бақшалы, үлкен қала Рудныйды көрдік. Онда бұл қалада жетпіс мыңға жуық халық тұратын.

— Шырағым, өнеркәсіп бар жерде өмір ұшқыны ойнайды екен ғой. Жер астынан табылған темір жер үстін жайнатып жіберіпті ғой. Егер осы жерден толып жатқан темір көзі ашылмаса, жапан даланың бағы жанып, көзі ашылмаған болар еді, — деді қарт.

Бұл жолы барғанымызда Рудныйдың қалалық партия комитетінің секретары қазіргі Қостанай қалалық партия комитетінің бірінші секретары Шәнгерей Жәнібеков екен. Мен оны ертеден білетінмін. Ұзын бойлы, ат жақты, қалың қабақты сұлуша келген Шәнгерей жас та болса сабыр иесі жігіт. Ол қарт екеумізді машинасына мінгізіп алып, жаңа қа-

ланы аралатты. Шәңгерей асып-саспай, артық айтпай сөйлейтін жігіт болса да, бұл жолы мақтаныш сезімінің ұшқынын жасыра алған жоқ.

— Рудный қаласы өзінің жастығына қарамастан облыс орталығы қарт Қостанайды құрылыс жағынан да, халқының саны жағынан да артта қалдырып кетті. Рудный қазір бүкіл оңтүстік Урал бойындағы алып заводтарды темір кенімен қамтамасыз етіп отыр, — деді Шәңгерей.

Біздің алдымызда бір жағы сонау Сарыбай поселкесіне тірелген үлкен қала жатты. Бір қалыпты салынған көп қабатты еңсесі биік, сәулетті үйлер сап түзеп, қатар тұр.

Егер Рудный қаласын түнде самолеттің илюминаторынан қарасаныз, бұл қаланы я Магнитогорск, Челябинск ме деп қаласыз. Қараңғы түннен жарқырап көрінген қала оттары сол қалаларды еске түсіреді.

Қазақстан топырағында өнеркәсіптің кен құлаш жаюының арқасында көктеп, кенересін жайып, бой түзеген жаңа қалалар қаншама десеңізші!

Осыдан біраз жыл бұрын әдебиетіміздің абыройы мен беделі болған Мұхтар Әуезовтың Түркстан қаласында кездесіп айтқан бір сөздері еріксіз еске түседі. Күн ыстық болатын. Оңтүстіктің аспаны ыстық күннен темірдей балқып, жерге шым-шымдап еріп түсіп жатқандай. Әуезов асығыс жолға дайындалып жатты.

— Мұха, осы оттай күйдіріп тұрған күнде жол жүрмей, осында азырақ аялдамайсыз ба дегендерге, Мұхан:

— Бәлі, сендер де қызық екенсіндер, осыдан қазір біз Кентауға жетіп барамыз. Кентау жаңа, мәдениетті қала. Социалистік қала қалай болу керек, оны Кентаудан үйренуге болады, — деген болатын.

Одан әрі Мұхан Кентаудың көгалмен безелген кең, сұлу, салтанатты да сәнді көшелерін, түзу проспектілерін, әдемі аллеяларын, мұнтаздай тазалығын, адамдарының тәлім-тәрбиесін, өз қаласының әсемділігі мен әдемілігі үшін күресе білетіндігін шешен тілмен шерте жөнелді.

— Бәлі, біздің ақын-жазушыларымыз да қызық. Сондай жас, салтанатты қаланы бар дауыспен жырламасқа болар ма? — деп еді Мұхан.

Артынан Ғабит Мүсірепов бастаған бір топ ақын-жазушы Кентау қаласында болдық. Шынында да Кентау Қазақстанның сұлу қалаларының бірі екен. Бұл қаланың бәрі жас. Бізге сындарлы сұлу ағаштары да жас көрінді. Тіпті атылып жатқан фонтан сулары да жаңа ғана көз тауып, жер бетіне шыққан жас су секілді көрінді.

Кентауды Кентау етіп отырған да өнеркәсіп. Әйтпесе Қазақстанда басқа қалалар аз ба? Менің есіме сол баяғы Қостанайға бірге баратын қарттың өнеркәсіп бар жерде өмір ұшқыны ойнайды екен ғой деген сөздері тағы да түсті.

Береке, байлық жерде. Оның ішінде кенде. Барлық сұлулық та соған байланысты. Егер өнеркәсіп болмаса, егер жер астында қайнап жатқан кендер болмаса, қалалар да канат жаймас еді, адамдар да әл-ауқатты тұрмас еді. Сондықтан «байлық көзі — кен» деп халықтың жаңадан қанатты сөздер табуы тегін емес.

Тарихи сентябрь Пленумының қарарларын оқығанда менің ойыма осындай өткен күндердің көріністері түсті.

Сентябрь Пленумы өнеркәсіпті өркендету жолындағы еліміздің ересен табыстарын атап көрсетті. Коммунистік партия бастаған совет халқының индустрияны жедел қарқынмен алға бастырғанын, өнеркәсіп өнімін өндірудің көлемін жылдан-жылға еселеп арттырғанын, халыққа қалтқысыз адал қызмет еткенін партия өзіне тән байсалды тілмен, байыпты тұжырымдармен, дәйекті дәлелдермен жер жүзіне паш етті. Бұл Пленумда осындай қол жеткен тамаша табыстарымызбен қатар кейбір кемшіліктеріміздің де беті ашылды. Пленум социализмнің экономикалық заңдары мен Ленин нұсқауларына сүйене отырып, өнеркәсіпті

басқару саласындағы олқылықтарды алдағы уақытта болдырмау шараларын көздеді.

Бұдан үш жыл бұрын мен бұрынғы соғысқан жерлерімді көру үшін Ленинград облысына бардым. Ленинград-Волховстрой жұмысшы поезында екі адам келе жаттық. Күн жаз еді. Қасымдағы көршім вагон терезесін ашып тастап, төңіректі қоршаған қалың орманға көз тастап келе жатты. Мен оның қасына барып:

—Сіз бір жақтан келіп пе едіңіз? — деп сұрадым.

— Жок, мен ленинградтықпын. Мынау батпақтар маған ертеден таныс. Осы арада қаным тамған. Сонау бір шоғыр орманның ішінде дала госпиталы тұрған. Демалыс сайын осы орманның ішін аралап тұрмасам, көңілім көншімейді.

Екеуміз тез таныса қалдық. Мен де оған жалма-жан осы арада болғанымды, осы арада жарақаттанғанымды айтып жаттым.

Екеуміз Волховстройға барғанша біраз сөйлестік. Өмір-тіршілік жайын әңгімеледік. Ол Ленинградтың бір заводында істейді екен. Завод жағдайын маған таныстырды. Сонда ол көңілінде жүрген көкейкесті мәселелердің кейбір ұштығын білдіріп қалып еді.

Әсіресе ол өнеркәсіпті халық шаруашылығы советтерінің жөнді басқара алмай келе жатқанын, көп баспалдақты басшылықтың барлығын, басшылық ісі түгелдей бір тізгінге түйілмегенін айтып еді.

Ленинградтың сол саналы жұмысшысының айтқандары сентябрь Пленумының материалдарын оқығанда қайта ойыма оралды. Оның бірқатар пікірлерінің Пленум қарарларымен қалыптаса кетуі маған партия мен халық ойының ортақтастығын дәлелдегендей болды.

Шынында да бытыраңқы басшылық, көп баспалдақты әкімшілік оралымсыздыққа, кей ретте икемсіздікке алып барып соқтыратыны сөзсіз еді. Бір кәсіпорын өз мәселесін шешкенінше талай басшылықтан өтетін. Бір басшылықтан бір басшылық мәселені сатылап шешкенінше көп уақыт зая кететін. Соның салдарынан өнеркәсіптің кейбір салалары жоғарыдан бұйрық күтіп, ол қашан оралып келгенше томаға-тұйыққа тірелетін.

Осындай жағдай біртұтас басшылықтың болуына кедергі жасап, өнеркәсіп орындарын бөлшектеп жіберді. Кәсіпорын басшыларының праволарына да бірқатар тежеу салды. Жергілікті инициативаны барынша көтермелеп, қолдап отыруға да белгілі дәрежеде теріс әсерін тигізді. Өнеркәсіпті халық шаруашылығы советтері арқылы басқару жүйесі бүгінгі өскен талабымызға төтеп бере алмайтын болды. Пленум өнеркәсіпті салалық басқару жүйесіне салуды мақұлдады.

Сентябрь Пленумының қарарлары қазір жер-жерде дәйекті түрде жүзеге асырылып жатыр. Біздің республикамызда да бірнеше министрлік құрылып, өнеркәсіпке салалық басшылық жасау ісі қолға алынды. Мемлекеттік Жоспарлау комитетіне мол право берілді. Жоспарлау жұмысы терең ғылыми тұрғыдан талданып жасалатын болды.

Сентябрь Пленумының қаулылары барлық совет адамдарымен бірге ақын, жазушыларды да терең толғандырды. Еліміздің өміріндегі аса зор уақиғалардан жазушы қауым қалыс қала алмайды. Олар да осы Пленум қарарының жүзеге асуына ат салысып, партияға шын мәнісінде қолқанат болмақ.

Сентябрь Пленумынан бері аз ғана уақыт өтті. Осы аз ғана уақыттың ішінде жаңа жігер, жаңа күштің лебі сезіледі. Халқымыздың кеменгер көсемі, еліміздің ұйтқысы — лениндік Орталық Комитет бізді коммунизм шынына бастай береді.

Өндірісті экономикалық жағынан көтермелеу

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь (1965 ж.) Пленумы өнеркәсіпті басқаруды жақсарту, жоспарлауды жетілдіру және өнеркәсіп өндірісін экономикалық жағынан көтермелеуді күшейту жөнінде аса маңызды шешімдер қабылдады. Партия мен үкіметіміз халық шаруашылығының толғағы жеткен мәселелерін объективтік экономикалық шарттар мен заңдылықтарға терең талдау жасау негізінде шешудің бірден-бір дұрыс ғылыми жолын көрсетіп берді. Экономикаға жете мән бермей, оны басқаруда құрғақ әкімшілік қолдануға, жоспарлаудағы волюнтаризм мен субъективизм фактілеріне біржола тыйым салынды. Шаруашылық саясатында жасалған бұл жаңа қадам шын мәнінде лениндік нұсқауларға сәйкес келеді. Партия В. И. Лениннің «біз коммунизмді тек экономикалық жағынан толық дәлелденген жағдайда ғана бағалаймыз» (38-том, 179-бет) деген дана пікірінің дұрыстығын тағы да дәлелдеп берді.

Коммунистік партия мен Совет үкіметінің экономикалық саясатты «ен қызықты саясат», социализмнен коммунизмге өтудегі саяси-әлеуметтік және мәдени өзгерістердің ірге тасы деп білетінін Пленум шешімдері тағы да айқын көрсетті. Ал коммунизмнің екінші сатысының материалдық-техникалық базасы тек қана экономикалық майданда жасалатыны баршаға мәлім.

Бүгінгі таңдағы экономикалық саясаттың аса маңызды міндеттерінің бірі — халық шаруашылығы салаларындағы сәйкессіздікті түзету, құн, жоспарлы (пропорциялы) даму, еңбекке қарай ақы төлеу заңдары талаптарын бұрмалаушылықты жою жөнінде тиісті шаралар белгілеп, оларды жүзеге асыру. Бұл міндеттерді орындауда өнеркәсіп қызметкерлерін материалдық жағынан ынталандырудың маңызы орасан зор.

Шаруашылықтағы жаңа реформа, материалдық жағынан ынталандыруды қоса есептегенде, жоспарлау мен шаруашылық қызметінде баға, пайда, өзіндік құн, сыйлық, жалақы, кредит сияқты экономикалық тетіктерді кеңінен пайдалануға негізделген. Бұл реформа социалистік экономикада товарлы өндірістің болуына байланысты шыққан. Бірақ кейбір ғалымдар біздегі товарлы өндірісті соңғы уақытқа дейін капитализмнің қалдығы, социализмнің әлі жетілмегендігінің салдары деп есептеп келді. Мұның жаңсақ пікір екенін өмірдің өзі көрсетіп берді.

Социализмнің экономикалық тетіктерін бағаламаушылық халық шаруашылығына үлкен зиян келтіреді, қызметкерлердің материалдық ынталылығын және шаруашылық есептің тиімділігін төмендетеді.

Бұл күндері буржуазиялық экономистер мен идеологтар біздің шаруашылық реформамыз төңірегінде айғай-шу көтеріп жүр. Совет елінде материалдық жағынан ынталандыруды күшейту нәтижесінде өндірістің қарқыны және оның тиімділігі онан әрі арта түсетіні оларға, әрине, ұнамайды. Буржуазияшыл ғалымдар Совет Одағында пайда және рентабельділік көрсеткіштерінің кеңінен қолданылуын капиталистік экономикаға қайта оралу деп пайымдауда.

Әлбетте, капиталистік қоғам тұсында пайда капиталистердің қалтасына түседі. Капиталистер үшін пайда — өндірісті дамытудың бірден-бір қозғаушы күші. Ал біздегі жағдай мүлде басқаша. Социалистік қоғамда пайда халық шаруашылығын өркендету, еңбекшілердің әл-ауқатын жақсарту мүддесіне сай жұмсалатын қаржы.

В. И. Ленин совет өкіметінің алғашқы жылдарында-ақ кәсіпорындар экономикалық жағынан зиян шекпей, рентабельді жұмыс істеуге тиіс деген болатын. Ленин пайда көрсеткішін өндірістің тиімділігіне баға берудің бірден-бір маңызды өлшемі деп білді.

Өндіргіш күштердің қазіргі даму дәрежесінде пайда көрсеткіші шаруашылықтың тиімділігін бейнелейді. Сондықтан кәсіпорындардың жұмысты қалай істеп отырғанын осы көрсеткіштер арқылы айқын білуге болады. Алайда пайда көрсеткішіне сонғы уақытқа дейін жете мән берілмеді. Соның салдарынан пайда көрсеткіші жұмысшыларды өз еңбегінің нәтижесіне ынталандыра алмады.


Пайда мен рентабельділік мәселелерін елемеушілік іс жүзінде субъективизмге, өндірістің тиімділігін төмендетуге әкеліп соқтырады. Мұны біле тұра, кәсіпорындардың кейбір басшылары шығын мөлшерден артық жұмсалса да әйтеуір жоспардың орындалу мақсатын көздеді. Мысалы, өткен жылы астанамыздағы «Алматы» мебель фирмасы товарлы өнім өндіру жоспарын толық орындады. Бірақ фирма жоспар бойынша өнімнің бір сомына 8,9 тиын пайда түсіру орнына небары 7,8 тиын пайда түсірді. Өйткені фирма басшылары негізінен өнім шығару жоспарын орындауға күш салды да, пайда табу жоспарына қажетті қамқорлық жасамады.

Соңғы уақытқа дейін экономикалық ынталандыру жүйесінде пайда көрсеткішіне жете мән берілмеуі жөнінде мынадай мысал келтірсек те жеткілікті. Бұрынғы тәртіп бойынша өнеркәсіп орындарына түскен пайданың 30 проценттейі ғана қалдырылатын. Соның салдарынан қазір кәсіпорындардың тең жартысының пайдадан түсетін қоры жоқ болып отыр. Ал барларында оның мөлшері өте аз. Осыдан келіп кәсіпорындар жұмысшыларға сыйлық ақша бере алмады. Мұндай жағдайда кәсіпорындардың өнім мөлшерін көбейте беруге, ең бастысы өнімнің өзіндік құнын кемітуге, өндірістің рентабельділігін арттыруға материалдық жағынан ынталы болмайтыны даусыз.

Осындай олқылықты жою үшін, КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының шешімдеріне сәйкес, пайданы мемлекет пен кәсіпорын арасында бөлу тәртібі енгізілгелі отыр.

Бұрын кәсіпорын табысының белгілі бір бөлігін мемлекеттік бюджетке аударған кезде негізгі және айналмалы қорлардың мөлшері есепке алынбады. Бұл материалдық қаржыны жұмсауда жауапсыздыққа, өндірістік қордың тиімділігін төмендетуге әкеліп соқтырды. Мәселен, жетіжылдықтың өткен алты жылы ішінде республикада өнеркәсіп салаларының негізгі өндірістік қоры екі еседей өсті. Ал өнім өндіру небары 1,9 есе артты. Сондықтан да негізгі өндірістік қордың әрбір сомына өнім 18 процент кем алынды.

Алдағы уақытта мұндай кемшілікке жол бермеу мақсатымен кәсіпорындар табысының мемлекетке берілетін мөлшері негізгі және айналмалы өндірістік қорлардың мөлшеріне қарай белгіленеді. Ол үшін, біріншіден, шаруашылық практикасына рентабельділік көрсеткіші енгізіледі. Рентабельділік пайданың сомасын негізгі айналмалы қордың сомасына бөлу арқылы анықталады. Бұдан былай кәсіпорындардың пайдасынан мемлекеттік бюджетке түсетін соманың мөлшері рентабельділік көрсеткішін есепке алу жолымен белгіленеді. Мұның өзі қордың әрбір сомынан түсетін пайданың көбеюіне мүмкіндік беретінінде сөз жоқ. Рентабельділік көрсеткіші неғұрлым төмен болса, кәсіпорындарда қалатын пайда-



ның мөлшері соғұрлым аз болады. Бұл шаруашылық басшыларын кәсіпорындардың жұмысты тиімді істеуін камтамасыз етуге мүдделі етеді.

Екіншіден, негізгі өндірістік қорды кәсіпорындарға сатып беру тәртібі қолданылады. Бұл да жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлерді қаржыны үнемдеп жұмсауға ынталандырады. Сонда кәсіпорындар негізгі және айналмалы қорларды қанша алса, мемлекетке өз пайдасынан сонша төлейді. Осылай істеу арқылы мемлекет шаруашылық басшыларының халық қаржысын ұқыптап жұмсауына күшті ықпал етеді.

КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының өндірісті экономикалық жағынан көтермелеу жөнінде белгілеген шараларын жүзеге асыру пайданың өндіріс тиімділігін арттырудағы, кәсіпорынның қаржы жинаудағы ролін барынша арттыра түседі. Кәсіпорындарда бұдан былай табыстың 50—60 процентке дейіні (өндіріс саласына байланысты) қалады. Сонда қандай қорлар жасалмақ? Біріншіден, өндірісті дамытуға арналған қор жасалады. Ол өндіріске жаңа техниканы енгізу, технологияны жетілдіру, ескірген жабдықтарды ауыстыру және жаңғырту, өндірісті механикаландыру және автоматтандыру үшін пайдаланылады. Бұл мақсат үшін кәсіпорын пайданың және амортизациялық төлемнің біраз бөлігін, қажетсіз заттарды сатудан түскен ақшаны пайдалануға тиіс.

Кәсіпорынның өндірісті дамыту мүмкіндіктері ішкі ресурстарды пайдаланумен ғана шектелмеуі керек. Заводтар мен фабрикалардың бәрі бірдей өздерін күрделі қаржымен жеткілікті мөлшерде камтамасыз ете алмайды. Сондықтан күрделі қаржының негізгі бөлігі бұрынғысынан мемлекеттік бюджеттен алынып отырады. Бірақ күрделі қаржы кәсіпорынға тегін емес, кредитке беріледі. Мұның өзі өндіріс коллективтерінің алған қаржыны тиімді пайдалануға ынталылығын көтереді.

Бұрын заводтар мен фабрикалардың басшылары бөлінген қаржының үнемдеп жұмсалыуына шын мәнінде жауап бермейтін. Кейде олар күрделі қаржыны игеру жоспарын қайткен күнде де орындау мақсатымен үйлер мен құрылыстардың ірге тасын мүмкіндігінше көбірек қалауға, қажетсіз машина-жабдықты молырақ алуға тырысатынды. Мысалы, Алматының ауыр машина жасау заводында дәл осындай жағдай болды. Өткен жылы мұнда нормадан тыс 39 мың сомның құрал-жабдығы сатып алынып, қондырылмай босқа жатты. Бірақ бұдан завод экономикалық жағынан ешқандай зиян шеккен жоқ. Ал мұның өзі халық шаруашылығына арналған күрделі қаржыны далаға шашқанмен бірдей болды. Қаржы берудің бұрынғы тәртібінің кемшілігі міне осындай. Күрделі құрылыс үшін кредит берудің қазіргі жаңа тәртібі мұндай жауапсыздықтан арылтады, кәсіпорындарды негізгі өндірістік қор мен күрделі қаржыны ұқыпты пайдалануға мүдделі етеді.

Әлеуметтік-мәдени шараларға арналған қор да жасалады. Ол жоспарлы пайданың және жоспардан тыс түскен пайданың бір бөлігінен құралады. Бұл тұрғын үйлерді, тұрмыс қажетін өтейтін мекемелерді, ауруханаларды, санаторийлерді, демалыс үйлерін, мектептерді, клубтарды, кинотеатрларды және басқаларын бұрынғыдан көп салуға мүмкіндік береді.

Сонымен бірге кәсіпорындарда материалдық жағынан ынталандыру қоры едәуір молаяды. Одақта 1967 жылы оның мөлшері 1,5—2 есе ұлғайып, шамамен 3,5 миллиард сомға жетеді. Басқа қорлар сияқты, бұл қор да түскен пайдадан құралады, ол жұмысшылар мен инженер-техниктерге сыйлық беру үшін жұмсалады.

Мұндай кадамның экономикалық мәні, жаңалығы неде? Бұрын қалыптасқан тәртіп бойынша озат жұмысшыларға сыйлық оның өз еңбегінің саны мен сапасы үшін ғана берілетін. Сыйлықтың мөлшері мен кәсіпорынның тапқан пайдасы арасында қажетті байланыс болмайтын. Мәселен, соңғы бес жыл ішінде еліміздің өнеркәсібінде пайданың мөлшері 44 процент өсті, ал берілген ақшалай сыйлық пен басқа да ынта-

ландыру сыйлығының мөлшері небары 2 процент артты. Соған сәйкес пайданың есебінен қызметкерлерге сыйлық өте аз берілді.

Материалдық жағынан ынталандыру қорын жасаудағы мақсат әрбір қызметкерді кәсіпорынның экономикалық тиімділігін арттыруға мүдделі ету; яғни пайда неғұрлым көп болса, сыйлық та соғұрлым мол беріледі. Соның нәтижесінде жұмысшылар еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсуге ұмтылады; жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлер тәжірибе алмасуға, өзара жәрдем көрсетуге тырысады. Қорыта айтқанда материалдық жағынан ынталандырудың жана жүйесі әрбір қызметкердің еңбегін, коллективтің бірлескен күш-жігерін бүкіл қоғам жұртшылығы танитындай дәрежеге көтеру мақсатын көздейді.

Адамдарды материалдық жағынан ынталандыру қорын өндірісті экономикалық жағынан көтермелеу жөніндегі жана жүйенің негізі десек артық болмайды.

Бұдан былай қызметкерлердің жалақысындағы сыйлықтың үлесі қауырт өсуге тиіс. Ал соңғы уақытқа дейін оның мөлшері өте аз болды; тіпті жылдан жылға кеми түсті. Айталық, 1962 жылы жұмысшылардың жалақысындағы сыйлықтың үлес салмағы 7,2 процент болса, 1964 жылы небары 6,4 процент болды. Табыс пен сыйлық ролінің экономикалық жағынан ешбір дәлелсіз кемітілуі жұмысшылардың өндірістің тиімділігін арттыруға деген ынтасын төмендетті.

Бұл арада жалақы мен сыйлықты шексіз арттыра беруге бола ма деген сұрақ туады. Әрине, болмайды. Өйткені еңбек өнімділігін арттыру нәтижесінде үнемделген ақша қорын түгелдей жалақыны өсіруге жұмсау мемлекет үшін тиімді емес. Бұл ұлттық табыстың социалистік қор жинауға арналған бөлігін бірте-бірте тауысуға әкеліп соқтырар еді. Демек, жалақы мөлшерін жоспарлаған кезде еңбек өнімділігінің өсу қарқыны мен жалақының өсу қарқыны арасында дұрыс үйлесімділік болуын ескеру керек.

Материалдық ынталандырудың бұрынғы жүйесі бойынша сыйлық жоспарды орындағаны үшін беріліп келгені белгілі. Қызметкерлер сыйлықты әсіресе жоспарды артығымен орындағаны үшін көбірек алатын. Солай болғандықтан да көптеген кәсіпорындардың басшылары бұрын жоспарды оңай орындап, сыйлық алу үшін өндірістік тапсырманы азырақ алуға, ал жалақы қоры, жұмысшылардың саны, күрделі қаржы мен материалдық қорлар жөніндегі жоспарды арттыра түсуге тырысатын. Енді мұндай әрекеттердің экономикалық мәні жойылды. Өйткені шағын, жеңіл жоспарды асыра орындағаны үшін берілетін сыйлықтың мөлшері келемді жоспарды толық орындағандағыдан біршама кем белгіленеді. Осыдан кәсіпорын көтеріңкі, бірақ орындауға боларлық жоспар қабылдауға мүдделі болады. Мұның өзі техникалық прогресс, өндірісті ұйымдастыруды жақсарту, негізгі өндірістік қорларды тиімді пайдалану жолындағы күресті күшейте түсуге мүдделі етеді. Жоспарлау, материалдық жағынан көтермелеу жөніндегі жана тәртіптің мәні мен артықшылығы міне осында.

Сонымен кәсіпорындардың жұмысына әсер етудің осындай икемді экономикалық шаралары жоспардың орындалуына әкімшілік органдары тарапынан жасалатын бақылауға қосымша тірек болып табылады.

КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдеріне сәйкес өндірісті экономикалық жағынан көтермелеу коммунистік қоғамның материалдық-техникалық базасын жасау қарқынын тездетіп, қоғамдық еңбек өнімділігін арттыруға көмектеседі.

О. БАЙМҰРАТОВ,

экономика ғылымының кандидаты.

Құрылыс материалдары өнеркәсібін жедел өркендетейік

КПСС Орталық Комитетінің сентябрь (1965 ж.) Пленумында еліміздің өнеркәсібі жалпы алғанда ойдағыдай өркендеп отырғаны, жетіжылдық жоспардың тапсырмалары асыра орындалатыны, солай бола тұрса да өнеркәсіптің бірсыпыра салаларының, әсіресе жеңіл, тамақ, химия, ағаш өңдеу және қағаз өнеркәсіптері, сондай-ақ құрылыс материалдары өнеркәсібі бүгінгі өскелең талапқа сай жұмыс істей алмай отырғаны айрықша атап көрсетілді. Мұның өзі соңғы жылдары өнеркәсіп өнімдерін өндіру мен тұтыну арасында, еліміздің өндіргіш күштерін дамыту мен орналастыру арасында едәуір сәйкессіздік туғызды.

Бұл кемшіліктер Қазақстан өнеркәсібіне де тән. Біздің республикамызда, әсіресе күрделі құрылыс пен оның өндірістік базасы — құрылыс материалдары өнеркәсібі арасында сәйкессіздік орын алды.

Қазақстан — үлкен құрылыс алаңы. Жыл сайын кара және түсті металлургия, химия, машина жасау, отын, жеңіл және тамақ өнеркәсіптерінің ондаған жаңа кәсіпорындары іске қосылады. Жетіжылдықтың өткен жылдарында республикамызда екі жүзге жуық өнеркәсіп орындары салынды. 1958 жылмен салыстырғанда республикамыздың халық шаруашылығына жұмсалған күрделі қаржы 1965 жылы 2,5 еседей, соның ішінде құрылыс-монтаж жұмыстарына жұмсалған қаржы 2,2 есе артты.

Күрделі құрылыс келесі бесжылдықта (1966—1970 жылдары) кеңінен өріс алады. Мұны мынадан-ақ көруге болады. Бесжылдық тұсында республикамыздың халық шаруашылығы салаларын дамытуға 7,5 миллиард сом, соның ішінде құрылыс-монтаж жұмыстарына 5 миллиард сомдай қаржы жұмсалады.

Осындай зор міндеттердің ойдағыдай орындалуы күрделі құрылыстың негізгі өндірістік базасы — құрылыс материалдары өнеркәсібінің даму дәрежесіне байланысты.

Рас, соңғы жылдары Қазақ ССР-нің халық шаруашылық комплексінде құрылыс материалдары өнеркәсібі едәуір ілгері басты. Қазіргі уақытта бұл салада 88 мыңнан астам адам істейді, мұның өзі — республиканың бүкіл өнеркәсібінде істейтін адамдардың 11 проценті болады және негізгі өндірістік қордың 10 процентке жуығы осында.

Қазақстанда өнеркәсіптік және азаматтық құрылыстың үдемелі қарқынмен жүргізілуі құрылыс материалдары өнеркәсібінің салалық құрылымын едәуір өзгертті. Егер 1958 жылы құрастырмалы темір-бетон бөлшектері мен конструкциялары өндірісінің үлесіне бүкіл құрылыс материалдары өнеркәсібіндегі негізгі өндірістік қордың 27,1 проценті ғана тисе, 1964 жылы бұл мөлшер 49,1 процентке жетті немесе 2 еседей көбейді. Сол уақыттың ішінде құрылыс материалдарын жасауға арналған түрлі тас, құм шығарып, қайта өңдеу жөніндегі негізгі өндірістік қор 8,8 проценттен 10,8 процентке дейін өсті.

1958 жылмен салыстырғанда құрылыс материалдары өнеркәсібінің құрылымындағы ілгері басқандық ең алдымен мынаған байланысты болды: құрастырмалы темір-бетон бөлшектері мен конструкциялары

өндірісі едәуір көлемде дамыды, ал түрлі тас, құм шығарып, қайта өңдеу біршама баяу қарқынмен жүргізілді. Мәселен, осы уақыт ішінде 1554 мың текше метр темір-бетон бөлшектері мен конструкциялары жасалып шығарылды, яғни бұрынғыдан үш еседей артық, 377 миллион дана кірпіш кұйылды, яғни бұрынғыдан екі еседей артық, ал түрлі тас, құм шығарып, қайта өңдеу небары 40 процент, гипс — 10 процент өсіп, әк өндіру сол 1958 жылғы дәрежесінде қалды.

Бірақ салалық құрылымның осындай сапа жағынан өзгеруіне, құрастырмалы темір-бетон бөлшектері мен конструкциялары өндірісінің біршама жедел өркендеуіне карамастан құрылыс материалдары өнеркәсібінің дәрежесі өндіргіш күштер дамуының қазіргі кезеңінде республикамыздағы күрделі құрылыстың көлемі мен қарқынына сай келмей отыр.

Сондықтан да қазір Қазақстанның күрделі құрылысы үшін 4,5 миллион текше метр құрылыс материалдарын жасауға арналған шикізат (құм, тас) жетпей отырғаны кездейсоқ емес. Әсіресе Гурьев, Орал, Жамбыл және басқа облыстардағы құрылыстарды осындай материалдармен қамтамасыз ету жайы нашар болып отыр.

Гурьев облысында мұнай өндіру, мұнай өңдеу және химия өнеркәсіптері жедел қарқынмен өркендеуде. Олар құрылыс материалдарын жылдан жылға көп керек етіп отыр. Бірақ шой тас пен қиыршық тастың, ірі және ұсақ құмның өнеркәсіптік қорының жетіспеуінен құрылыс материалдары өнеркәсібінің өндірістік базасы өскелең күрделі құрылысты құрылыс материалдарымен қамтамасыз ете алмай келеді. Сондықтан бұл материалдар Азербайжаннан, Россия Федерациясынан, басқа іргелес облыстардан тасып әкелінеді.

Республиканың көптеген облысында құрастырмалы темір-бетон конструкциялары мен бөлшектері, қабырғаға арналған материалдар жөнінде де осыны айтуға болады. Әсіресе Қазақстанның солтүстік облыстарында төзгісіз жағдай туып отыр. Целиноград, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Көкшетау облыстары темір-бетон конструкциялары мен бөлшектері, қабырғаға арналған материалдар жөніндегі қажеттерін тиісінше 83 және 86 процент, Орал облысы 61,78, Гурьев облысы 42,72, Қызылорда облысы 33,47, Жамбыл облысы 63,49 процент қана өтей алады. Сол себептен де құрылыс орындары жетіспейтін материалдарды мындаған километр жерден тасуға мәжбүр болуда. Қазір республиканың құрылыс орындарына 470 мың текше метр құрастырмалы темір-бетон және 550 миллионға жуық кірпіш жетіспейді.

Республикада өндіргіш күштер мен күрделі құрылыстың өндірістік базасы — құрылыс материалдары өнеркәсібінің арасында сәйкессіздіктің пайда болу себебі не?

Оның негізгі себебі, біріншіден, құрылыс материалдары өнеркәсібінің өндірістік базасының техникалық дәрежесі төмен, екіншіден, темір-бетон бөлшектері, қабырға блоктары сияқты құрылыс материалдарын жасауға керекті шикізатты өндіретін өндірістік қуат шағын әрі әлсіз, сондықтан да ол республикадағы өнеркәсіп және ауыл шаруашылық құрылысының өскелең қажетін толық өтей алмайды.

Қазақстандағы құрылыс материалдарын жасауға керекті шикізатты қазып шығарып, өңдейтін кәсіпорындардың көпшілігі ұсақ. Олар белгілі бір маусымда ғана жұмыс істейді және олардың құрал-жабдықтары ескі. Темір-бетон бөлшектері мен конструкцияларын жасайтын кәсіпорындарда да жағдай осындай. Мысалы, Орал өнеркәсіп құрылыс тресінің құрылыс материалдары комбинатында темір-бетон бөлшектері мен конструкциялары ашық алаңдардағы қазан шұңқыр камераларында жасалады. Сондықтан да олардың жұмыс өнімділігі ауа райы жағдайына тәуелді. Оның үстіне темір-бетон бөлшектерінің түр-түрін жасау жөнінде тапсырма шамадан тыс көп беріледі. Олардың түрі ай сайын 150-

ге жетіп отырады. Сонда күніне 7—8 түрлі бөлшектер мен конструкцияларды жасап шығаруды игеру керек. Оның үстіне осы құрылыс материалдары кәсіпорнының уақытша алаңдары түрлі министрліктер мен ведомстволарға бағынады. Соған сәйкес олар өнімдерді әдетте, өз ведомствосының қажеті мөлшерінде шығарады. Мысал келтірейік. Гурьев облысында өткен жылы темір-бетон бөлшектерін жасап шығару ісімен Қазақ ССР Құрылыс министрлігінің және де СССР Транспорт құрылысы комитетінің, Қазақ ССР Суармалы егіншілік және су шаруашылығы министрлігінің, Қазақ ССР Байланыс министрлігінің, Қазақ ССР Тас жолдар басқармасының, СССР Қатынас жолдары министрлігінің құрылыс материалдары кәсіпорындары қатар шұғылданды. Былайша айтқанда жоға көп, өнім аз болды. Қазақ ССР Құрылыс министрлігінен басқа ведомстволар мен министрліктердің құрылыс ұйымдары жылына 1—2 мың текше метрден артық темір-бетон бөлшектерін жасай алмады.

Мұның өзі құрастырмалы темір-бетон жасап шығару мен құрылыс материалдарын жасауға керекті шикізатты қазып алып, өңдеу көлемі республикадағы құрылыс материалдарын өндірудің халық шаруашылығы жоспарымен жеткілікті дәрежеде байланыстырылмай, жоспарсыз жүргізілгенін көрсетеді.

Біз сөз етіп отырған негізгі құрылыс материалдарының жеткіліксіздігі министрліктер мен ведомстволарды шағын, тиімсіз, механикаландыру дәрежесі төмен уақытша карьерлер мен алаңдар ашуға мәжбүр етті.

Өткен жылы республикада құрылыс материалдарын жасайтын 2312 шағын кәсіпорын, оның ішінде күм, тас қазып шығарып, өңдейтін 1282 карьер мен кәсіпорын болды. Мұның 90 процентке жуығы уақытша, маусымды жұмыс істеді, олар қажетті өнімнің небары 20 процентін өндірді.

Ұсақ кәсіпорындардың осыншама көп болуы, ведомство аралық бытырандылығы бірыңғай техникалық саясат жүргізуге кедергі жасайды, шындап келгенде құрылыс материалдары өнеркәсібін техникалық жағынан артта қалған, өнімділігі төмен, тиімсіз өндіріске айналдырып жібереді. Сондықтан да өткен жылы құрылыс материалдары өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігі республиканың бүкіл өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігінен 46 процент, СССР өнеркәсібіндегіден екі еседей кем және кәсіпорындардың көпшілігі жасап шығарған өнімдердің өзіндік құны жоспардағыдан 2—3 еседей қымбат болды. Мәселен, Орал заводында өткен жылы құрастырмалы темір-бетон бөлшектерінің бір текше метрі жоспардағыдан 81 сом 96 тиын қымбатқа түсті. Сондай-ақ Қазақ ССР құрылыс материалдары кәсіпорындарында гипстің бір өлшемін өзіндік құны Одақ көлеміндегіден екі еседей, кірпіш—39,7, қиыршық тас—22, құрылысқа арналған күм—20,3 процент артып кетті.

Құрылыс материалдары өнеркәсібін өркендету мәселесіне бұрынғы Қазақ ССР Жоспарлау комиссиясы мен халық шаруашылығы советтері, министрліктер мен ведомстволар жете назар аудармады. Құрылыс материалдары өнеркәсіп орындарын қайта құруға, жаңадан салуға, жаңа техникамен жабдықтауға күрделі қаржы аз бөлінді.

Алдағы уақытта, яғни 1965—1970 жылдары Қазақстанда құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 2 еседей, құрастырмалы темір-бетонды тұтыну көлемі 1,9 есе, қабырғаға арналған блоктар мен құрылыс материалдарын жасауға керекті шикізатты тұтыну мөлшері тиісінше 1,8 және 1,7 есе артады. Бұл міндетті орындау үшін республиканың құрылыс материалдары өнеркәсібі қазірдің өзінде мықты индустриялық негізде озық қарқынмен өркендеуге тиіс.

Бұл жөнінен КПСС Орталық Комитетінің сентябрь (1965 жыл) Пленумына сәйкес өнеркәсіпті басқаруды салалық белгі бойынша қайта құру принципі ерекше роль атқарады. Одақ көлемінде, республикаларда құрылыс материалдары өнеркәсібі министрліктері мен шаруашылық бір-

лестіктерінің құрылуы бытырандылықты, иесіздікті жойып, басшылықты бір қолға шоғырландырады.

Бірақ құрылыс материалдары өнеркәсібін қайта құрған кезде көптеген мәселелерді жан-жақты ойластырып шешпесе болмайды. Біздіңше, бұл жұмыс бірте-бірте жүзеге асырылғаны мақұл. Өйткені жергілікті құрылыс материалдары тапшы, оның өндірістік базасы әлсіз болып отырған кезде, неғұрлым ірі кәсіпорындар болмаса, ведомстволық аландардың, карьерлер мен шағын кәсіпорындардың бәрін бірден біріктіру асығыстық болар еді.

Ол үшін алдымен құрылыс материалдары өнеркәсібінің қуатты, техникалық жағынан алдыңғы қатарлы өндірістік базасын жасау қажет. Қазақстанда жергілікті құрылыс материалдары шикізатының орасан мол қоры бар. Қазірдің өзінде 3 мыңға жуық құрылыс материалдары шығарылатын орын ашылды. Бірақ бұл жерлер өте баяу игеріліп келеді. Мұның негізгі себептерінің бірі — елеулі ғылыми-геологиялық және техника-экономикалық зерттеу жұмыстарының жоқтығы. Бұл Қазақ ССР Құрылыс материалдары өнеркәсібі министрлігіне, ең алдымен Қазақ ССР Геология министрлігіне, минералдық шикізат және құрылыс материалдары ғылыми-зерттеу институттарына жауапты міндеттер жүктейді. Олар құрылыс материалдары өнеркәсібінің минералдық-шикізат базасы қорын барлап, зерттеуді ұйымдастырумен қатар, технология, өндірісті жобалау мәселелерін жедел шешіп, жанадан ашылған және ашылғалы отырған руда емес құрылыс материалдары шығарылатын орындарға техникалық-экономикалық ғылыми сипаттама беруге тиіс. Осыған орай, біздіңше, геология министрлігі мен ғылыми-зерттеу институттарының жергілікті құрылыс материалдарының қорын барлау, экономикалық тиімділігін дәлелдеу мәселелерімен шұғылданатын бөлімдерін ірілендіріп, кеңейткен жөн.

Құрылыс материалдарын жасауды орталықтандырып, шоғырландыру өндіріске озат технологияны енгізуге, кәсіпорындарды өнімді машина-жабдықтармен қаруландыруға, еңбекті ғылыми негізде ұйымдастыруға жол ашады және құрылыс материалдары өнеркәсібінің материалдық-техникалық базасын дамытуға жұмсалатын күрделі қаржының мөлшерін дұрыс анықтауға, оны тиімді жұмсауға, бұл саладағы кәсіпорындарды комплексті дамытып, дұрыс орналастыруға мүмкіндік туғызады.

Өнеркәсіптің халық шаруашылық маңызы зор осы саласын ойдағыдай өркендетудің бірден-бір тиімді жолы — қазіргі заманғы техникалық талапқа сай ірі кәсіпорындар мен комбинаттар салу. Әрине, бұл жұмыс қолда бар кәсіпорындардың қуатын толық пайдалану, оларды қажетіне қарай кеңейтіп, қайта құру, соның негізінде еңбек өнімділігін арттырып, өнімнің өзіндік құнын кеміту, құрылыс материалдарын неғұрлым көп жасап шығару ісімен ұштастырыла жүргізілуге тиіс. Ал келешектегі техникалық бағыт айқын: өндірістік процестер толық механикаландырылады және автоматтандырылады. Міне сонда ғана халық шаруашылығының құрылыс материалдарына деген қажеті толық әтеледі.

С. ХУСАИНОВА,

экономика ғылымының кандидаты.

А. ОБРАЗЦОВ,

ғылыми-қызметкер.

Басқара білу — өнер

Н. ҚАПЕСОВ,

Қаратал аудандық партия комитетінің бірінші секретары

Қайсыбір шаруашылық мәселесінің дұрыс бағдарын тауып, тиянақты, салықалы шешім қабылдаудың үлкен мәні бар. Дегенмен шешім қабылданғаннан кейін іле-шала ұйымдастыру жұмысы өрістетілмесе, еңбекші бұқараның күш-жігері сол мақсатты орындауға жұмылдырылмаса, ең тәуір деген шешімнің өзі де қағаз жүзінде қалатыны қашаннан белгілі жай. Сондықтан да партия шаруашылықты басқару дегеніміз істің орындалуын мұқият тексере отырып, мемлекеттік жоспарлардың, социалистік міндеттеменің мүлтіксіз жүзеге асуын ұйымдастыру деп үйретеді.

Қаратал аудандық партия комитеті күнбе-күнгі практикалық қызметінде нақ осы талапты басшылыққа алып жүр. Бұл жөнінде өте мәте КПСС Орталық Комитетінің март, сентябрь Пленумдарынан бергі жерде ерекше бір жаңа леп, шабытты қарқын туды. Аудандық комитеттің қызметкерлері мәжіліс құмарлықты азайтты, уақыттарының көбін шаруашылық істердің тағдыры шешіліп жатқан жерлерде өткізетін болды. Олар совхоздарға, кәсіпорындарға жалаң нұсқау беріп, мәлімет жинап қайту үшін емес, нақты ұйымдастыру жұмысын жүргізу үшін барады. Егер жақсы бір бастама көрсе, оны қолдап, көтермелеп, көпшілікке тарату шарасын қарастырады, ал шаруашылықтың бір саласында, адамдар арасындағы саяси-тәрбие жұмысында кемшілік байқаса, оны дереу түзетуге көмектеседі.

Біздің ауданның егістік жерін суы мол Қаратал өзені басып өтеді. Демек, бізде күріш өсіруге өте қолайлы жағдай бар. 1939—1942 жылдары ауданда күріш егісінің көлемі 3500—5200 гектарға дейін жеткізіліп, оның әр гектарынан орта есеппен 37,6 центнерден, ал сол кездегі «Достижение» колхозында (қазіргі «Үштөбе» совхозының бөлімшесі) 250 гектар күріштің әр гектарынан 62 центнерден өнім жиналған. Бұл шаруашылықтың кейбір жеке звенолары әр гектардан тіпті 120 центнерге дейін күріш алған-ды. Күріштің қадірін ұмытпаған бірсыпыра шаруашылықтар соңғы жылдарда да бұл дақылдың мол пайдасын көріп келді. Мысалы, «Правда» газеті атындағы совхоз 1963 жылы 1650 гектар жерге күріш егіп, оның әр гектарынан 22,4 центнерден өнім алды. Осы шаруашылықта әр гектар күріштің өнімі 4,5 гектар бидайдың берген өнімімен тепе-тең болды. Екіншіден, бір гектар бидайдан алынған табыс небары 30 сом 10 тиын болса, бір гектар күріштен алынған табыс 662 сомға жетті. «Правда» газеті атындағы совхоздың Алексей Ким басқарған звеносы күріштің әр гектарынан 58,9 центнерден өнім жинап, совхозға 11 595 сом таға пайда келтірді.

Күріш дақылының осындай артықшылығын жан-жақты ескерген аудандық партия комитетінің бюросы 1962 жылдан бері күріш өсірумен шұғылданып келе жатқан «Правда» газеті атындағы, «Үштөбе» совхоздарының басшыларымен, мамандарымен, партия активімен кенесті. Сөйтіп күріш өсіру жөнінде Қаратал ауданының бұрынғы даңқын қайта көтеруге ұйғарды. Биылдың өзінде ауданда күріш егісінің көлемін 4 300 гектарға жеткізу, оның 2 500 гектарын «Правда» газеті атындағы совхозда, 1 800 гектарын «Үштөбе» совхозында орналастыру белгіленді.

Күріш еңбекті көп керек ететін дақыл. Онан жоғары өнім жинау үшін ең алдымен мол техника, қажырлы еңбек пен тәжірибе керек. Сондықтан да партия комитеті Сыр күрішінің атасы, Социалистік Еңбек Ері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ыбырай Жақаевтың озат тәжірибесін үйрену мақсатымен ауданның бір топ күріш өсірушілерін Қызылорда облысына жіберіп алды.

Біздің делегация Қызылорда облысынан қайтып оралғаннан кейін күріш өсірушілердің аудандық кеңесін өткіздік. Оған Ыбекен бастаған қызылордалық бір топ күріш өсірушілер қатысып, өздерінің жұмыс тәсілдерімен таныстырды, құнды-құнды ақыл-кеңес берді. Бұдан кейін аудандық «Коммунизм жолы» газетіне Ыбырай Жақаевтың «Агротехниканы дұрыс сақтау — мол өнімнің кепілі» деген мақаласы жарияланды. Онда дикан-ата күрішті күтіп-баптау жөніндегі өзінің көп жылдық тәжірибесін ортаға салды. Сол кісінің ақылымен ауданда 183 звено құрылып, оларға жеткілікті техника және 590 адам бекітіліп берілді. 5 звенода күріш егісі толық механикаландырылды. Сол сияқты күрішшілер арасында саяси-бұқаралық жұмыстарды жүргізіп, социалистік жарысқа күнделікті басшылық жасау үшін әр совхозда бес-бестен партия тобы құрылды.

Әрине, бір жылда егіс көлемін екі есеге жуық ұлғайту, әрі одан мол өнім алу оңай міндет емес. Күріш суды да, бапты да көп тілейтін талғампаз дақыл. Оның үстіне өткен жылы жер аз дайындалды да, жаңадан егілетін егістіктің көбін ерте көктемде әзірлеуге тура келді. Күріш өсірудің қыры мен сырын жетік білетін мамандарымыз өте-мөте сушылар жағы да жеткілікті болмады.

Аудандық партия комитеті бұл қиыншылықтарды мұқият ескерді. Күріш егісі түгелдей қысқа мерзімде, агротехникалық талаптарға сай егіліп болысымен, оны баптау барысын күн тәртібінен бір мезгіл де түсірмей қадағалады. Әсіресе егісті суару, арам шөптен тазарту жұмыстарының сапалы жүргізілуін қатаң бақылауға алдық. Бұл жөнінде еңбекті жақсы ұйымдастыра білген озат дикандардың жұмыс тәсілін зерттеп, басқаларға тарату жағына көбірек көңіл бөлдік. Күрішшілердің ойдағыдай еңбек етуіне мәдени-тұрмыстық жағдай жасау, олардың өзара социалистік жарысын өрістету мәселелерін ерекше қамқорлыққа алдық. Қажет болған жерлерге қолма-қол көмек ұйымдастырдық. Мысалы, күрішті суару, арам шөптен тазарту кезінде совхоз дикандарына Үштөбе қаласының еңбеккерлері үлкен қолғабыс тигізді.

Биылғы маусымда «Үштөбе» совхозының механизаторлары мен звеношыларының белсенділік көрсеткенін атап айтқан орынды. Олар қызылордалықтардың үлгісімен күріш егісінің кемінде 60—70 процентін механикаландырамыз деп уәде берген еді. Сол мақсатпен олар астық сеялкасын күріш себетін сеялкаға айналдырды. СКГ-3 маркалы комбайндар мен бірнеше плугтарды қайтадан жабдықтады. Аудандық партия комитеті үштөбеліктердің бастамасын дереу қолдап, басқалардың да осындай әдістер қолдануын ұйымдастырды.

Сондай-ақ биылғы егін жинау кезінде «Новый мир» совхозында жағдай қиындау болды. Жаңадан ұйымдастырылған жас шаруашылықты басқару ісінде кем-кетік байқалды. Егін жинаудың созылып кету қаупі туды. Жағдай белгілі болысымен аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, Қаратап суландыру жүйесі басқармасының бастығы Ф. Кеңжеғарин жолдас дереу совхозға жүріп кетті. Ол бара сала қызу араласып, негізгі кемшіліктің неден болып жатқанын анықтады. Өзі тікелей қатыса жүріп, совхоз партия ұйымының жұмысын жақсартуға, ең жауапты буындарға коммунистерді қойып, оларға деген талапты күшейтуге көмектесті. Аудандық ұйымдарға ықпал жасау арқылы совхоздың қажетті жабдықтар алуына жәрдем етті. Тракторшылар мен комбайншы-

лардың жетімсіздігін ескеріп, екі сменамен жұмыс істеуді ұйымдастырды.

Аудан партия ұйымы күріш өсіретін негізгі екі шаруашылықта — «Правда» газеті атындағы, «Үштөбе» совхоздарында социалистік жарысты өрістетуге үшін көп жұмыс жүргізді. Әрбір бригада мен звенода еңбеккерлерді материалдық, моральдық ынталандыру шарасы ұштастырыла жүргізілді. Озат тәжірибені дер кезінде қорытып, көптің игілігіне айналдыру қамтамасыз етілді. Қос басында, қырманда арнаулы бюллетеньдер, листовкалар, қабырға газеттері шығарылды, құрмет тақталары толтырылды.

Партия ұйымдарының басшылығымен өріс алған күрішшілердің ерлік еңбегі игі нәтижесін берді. Қараталдықтар Отан қоймасына 6 мың тонна күріш құйып, бұл жөніндегі мемлекет тапсырмасын абыроймен орындады. «Үштөбе» совхозы мемлекетке 24 500 центнер күріш өткізіп, жоспардан едәуір асып түсті. Шаруашылықтың Л. Ким басқарған звеносы 91 гектар егістің әр гектарынан 34,5 центнерден өнім жинап, үздік табысқа жетті. Н. Ли жолдастың звеносында 103 гектар күріштің түсімі гектар басы 32,5 центнерден айналды.

Ауа райының қолайсыз болуына байланысты биыл егін жинау мен шөп шабу қабат келіп, қарбалас туғызғаны мәлім. Адам күші мен техниканы шебер пайдалана алмаған шаруашылықтар мықтап-ақ қысылды. Әсіресе кей жерлерде егін орағы басталысымен шөп дайындаудың қарқыны күрт төмендеп кетті. Міне осы тұста аудандық комитеттің мүшелері іске шын жанашырлық көрсетті. Олар шаруашылықтарды бөліп-бөліп алып, әрбір совхоздағы істің жайына күнбе-күн бақылау жасады. Егер сәл олқылықтың шеті көріне бастаса, дереу байланыс жасап, асқындырмай алдын алып отырды.

Бұл жерде мына жағдайды атап айтуымыз керек. Аудандық партия комитетінің совхозға барған бірде-бір қызметкері шаруашылық басшылары үшін жұмыс істемейді немесе олардың ісіне орынсыз килігіп, қол сұқпайды. Кемшілік неден болып отыр, ол кемшілікті жойып, жұмысты жақсарту үшін не істеу керек, қалай істеу керек, нақ сол науқан тұсында бастауыш партия ұйымы немен шұғылдануға, қалай шұғылдануға тиіс — міне аудандық комитеттің қызметкерлері осы мәселелер жөнінде нақтылы ақыл-кеңес береді, шаруашылық басшыларынан, мамандарынан, бастауыш партия ұйымының секретарынан қызу жұмыс жүргізуді талап етеді. Ең бастысы — бұрынғыша кез келген мәселе жөнінде аудандық партия комитетінің бюросына жүгінбей, мүмкіндігінше оны жергілікті жердің өзінде, іс үстінде шешуге көмектеседі.

Мысалы, «Қаратал» совхозы — аудандағы ең малды шаруашылықтардың бірі. Үстіміздегі жылы совхоз коллективі әр жүз саулықтан 106 козды өсіріп, әр қойдан 3,4 килограмнан жүн қырықты. Сол табысы үшін Казакстан КП аудандық комитеті мен еңбекшілер депутаттары аудандық Советінің ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды.

Алайда осы совхоз мал азығын дайындау науқанының алғашқы кезінде көптеген қиыншылықтарға кездесті. Мұнда пішен дайындау жұмысына адам күші жеткілікті бөлінбеді, техниканың қуаты толық пайдаланылмады. Әсіресе бұл жұмыс № 1 фермада бәсең жүргізіліп, шаруашылықты артқа тартты. Міне осы кезде аудандық партия комитетінің нұсқаушысы К. Оңғарбеков жолдас «Қаратал» совхозының № 1 фермасына келіп, шөп шабу және пішен жинау жұмысының барысымен жете танысты. Ол мал азығын дайындау науқанында тікелей еңбек етіп жүрген коммунистердің өте аз екендігін байқады. Бұл мәселе ферма партия ұйымының жиналысында талқыланып, шөп шабу және жинау жұмыстарының ең шешуші учаскелеріне коммунистер бекітілді. Пішеншілер бригадасын басқару коммунист С. Асанбеков жолдасқа жүктелді. Мү-

нын нәтижесі жаман болған жоқ. Ферма бойынша да, совхоз бойынша да жемшөп дайындау жоспары артығымен орындалды.

Ең іскер, ең кабілетті кадрлардан іріктелгенімен де, аудандық партия комитеті тек қана өз аппаратының күшімен жұмысты тындырып тастай алмас еді. Біз мұны жақсы түсінеміз. Сондықтан да жер-жердегі ұйымдастыру, саяси-тәрбие шараларын партия активіне, бастауыш ұйымдарға сүйеніп жүргіземіз. Аудандық комитеттің мүшелері арасында еңбегімен елге өнеге көрсетіп, бұқараны тәрбиелеу ісіне де белсене ат салысып жүрген коммунистер аз емес. Мысалға «Қаратал» совхозының аға шопаны, республиканың мал шаруашылығына еңбек сіңірген шебері Түтінбай Дәулетияровты алайық. Ол аудандық партия комитетінің мүшесі ретінде де үлкен жұмыс атқарып отыр. Совхозда атакты шопанның озат тәжірибе мектебі ұйымдастырылған. Ондағы басты насихатшы — Дәулетияровтың өзі. Ол қой өсірудегі бай тәжірибесін басқаларға жалықпай үйретумен қатар, коммунистің ар-ожданы, өз коллективі, бүкіл халық алдындағы жауапкершілігі жайлы әңгімелер өткізіп, өте мөте жас коммунистерге ақыл-кеңес айтып тұрады. Егер шаруашылықта бір кемшілікті көзі шалса, оны жойғанша бастауыш партия ұйымына дамыл бермейді.

Озат шопан малға шын жаны ашитын талай-талай шәкірттер баулып өсірді. Совхозда Түкеннің ізбасарлары жыл санап көбейе түсуде. Биылдың өзінде әр жүз саулықтан 5 шопан 140-тан асырып, 22 шопан 110-нан асырып козы алды. Бүкіл совхоз бойынша әр жүз саулықтан алынған төл 106-дан айналып, міндеттеме артығымен орындалды. Ал Түкеннің өзі 166 козыдан алды.

Осы секілді аудандық партия комитетінің мүшелері: Абай атындағы совхоздың тандаулы шопаны Т. Әтімөв, «Еңбекші» совхозының қызылша өсірушісі З. Сейітова жолдастар да озат еңбектің ұйымдастырушылары ретінде көзге түсіп жүр. Олар өз коллективтерінің өндірістік-саяси өміріне, адам тәрбиесіне қызу араласады.

Бұл күндері аудан еңбеккерлері КПСС XXIII съезін лайықты қарсы алу мақсатымен саяси және өндірістік өрлеу үстінде еңбек етіп жатыр. Олар келесі жылы күріш егісін бес мың гектардан асырып, мол өнім алуға уәде берді. Қызылша өсірушілеріміз де биылғы мол табысын баянды етіп, жана белеске шығу қамында. Ал қоғамдық мал бабын көбейту, өнімділігін арттыру тапсырмасын ойдағыдай орындағандықтан малшыларымыз барлық түлікті қыстан шығынсыз, қонын тайғызбай шығарып, табыс үстіне табыс қосуға берік бел байлап отыр. Аудандық партия комитеті бұқара арасындағы ұйымдастыру жұмысын, бастауыш партия ұйымдарының жетекшілік ролін күшейте отырып, еңбекшілердің осы мақсат жолындағы күресін көтермелеп, дұрыс бағыттап отырады.

Алматы облысы.

Партиялық жұмыстың маңызды саласы

Абай ауданындағы «Бірлік» совхозының бастауыш партия ұйымы коммунистердің өндірістегі жетекшілік ролін көтеруде, олардың өз коллективіндегі, бүкіл елдегі істің жайына жауапкершілігін арттыруда тәп-тәуір нәтижеге жетіп келеді. Бұған бастауыш ұйымның партия қатарына адамдарды мұқият іріктеп алу, жас коммунистерді тәрбиелеу жөніндегі игі істері елеулі ықпал жасап, көмектесіп отыр. Сондықтан да бұл ұйымның осы саладағы тәжірибесіне арнайы тоқталуды жөн көрдік.

Совхоз партия ұйымы ең алдымен өз қатарының санын емес, сапасын жақсартуға басты назар аударады. Соңғы үш жылда қабылданған 29 коммунистің көпшілігі материалдық игіліктер өндіруге тікелей қатысатын, практикалық істе сыниан өткен алдыңғы қатарлы адамдар. Өткен жылы КПСС-ке мүше және мүшелікке кандидат болып қабылданған 17 кісінің ішінде үш шопан, бір сауыншы, бес тракторшы, екі шофер, екі мал маманы, бір мұғалім, бір ферма меңгерушісі бар.

Бастауыш ұйым партияға өткісі келген озат адамдардың өзін бірден қабылдай салмайды. Әуелі саяси-идеялық, практикалық жағынан жақсылап әзірлейді, олармен тәрбие жұмысын жүргізеді. Талай рет әңгімелесіп, кеңесіп, партиялық тапсырма беріп, іс үстінде сыниан өткізіп байқайды. Бұл жұмысқа партбюро мүшелері, тәжірибелі коммунистер қатыстырылады. Кепілдеме берушілердің жауапкершілігі мейлінше арттырылған.

Міне осындай жан-жақты әзірліктен соң партияға өткісі келген кісінің өтініші ферма коммунистерінің жиналысында, совхоз партия бюросының мәжілісінде талқыланады. Содан кейін ғана бүкіл совхоз партия ұйымының қарауына ұсынылады. Партияға өтуші кісі жөнінде әрбір коммунистің өз пікірін еркін айтуы толық қамтамасыз етілген.

Партияға жаңа өткен адамның бәрі мүшелік билетті алысымен коммунистке қойылатын бар міндеттің биігіне бірден шығып кете алмайды. Оны тәрбиелеу, баулу, шыңдау жөнінде ерінбей-жалықпай жұмыс жүргізу керек. «Бірлік» совхозының партия ұйымы нақ осылай істеп отыр. Мұнда өте-мөте жас коммунистерді тәрбиелеу ісі ерекше қамқорлыққа алынған.

Коммунистерді партиялық жұмыс мектебінен өткізуде алуан түрлі әдіс қолданылады. Соның ішінде қоғамдық жұмысқа тарту, партиялық тапсырма беріп, оның орындалуын қатаң бақылауға алу

ең тиімді әдістердің бірі болып отыр. Ұйымда коммунистердің бәрі, ең алдымен партияға жаңадан алынғандар біліміне, мамандығына, бейіміне лайық белгілі бір нақты тапсырма атқарады. Мысалы, соңғы екі жылда КПСС мүшесі және мүшелікке кандидат болып қабылданған 25 коммунистің бесеуі насихатшы, алтауы партиялық-мемлекеттік бақылауға көмектесетін топтың мүшесі, төртеуі халық жасақшысы, үшеуі жолдастық соттың мүшесі, екеуі орта мектепте өндіріс вожатыйы болып істейді.

Совхоз партия ұйымы партиялық-қоғамдық тапсырманы қалай атқарып жүргені, еңбекте өнеге көрсетуі, идеялық өсуі жөнінде жеке коммунистердің есебін тыңдау әдісін жақсы пайдаланып келеді. Мәселен, № 2 ферманың шопаны, жас коммунист Сабыржан Тезекбаев өткен жылы жұмысына салақ қарады. Мал дұрыс азықтандырылмай, соның салдарынан арық-тұрақ көп болды, аздап шығынға да ұшырады. Осыған байланысты партия ұйымы Тезекбаевтың есебін тыңдады. Коммунистер шопанның жақсы жақтарымен бірге, істегі кемшіліктерін де жан-жақты талқылады, оған жолдастық сынмен қоса жанашыр ақыл-кеңес айтты. Осының бәрі Тезекбаевтың өз қатесін терең түсініп, одан дұрыс қорытынды жасауына көмектесті. Коммунист шопан биып отарындағы малын қыстан күйлі шығарып, әр саулыққа қозы ергізді.

Партия ұйымы бұдан басқа да көптеген коммунистің, атап айтқанда насихатшылар Кошкин, Қорғанбаев, Бақырбаев, үгітші Мұқатаев, шопан Бақиев жолдастардың қоғамдық-өндірістік қызметі жөніндегі есебін тыңдады. Мұндай әдіс есебі тыңдалған адамға ғана емес, ұйым есебіндегі барлық коммунистерге қозғау салып, олардың тапсырылған іске жауапкершілігін күшейтуге ықпалын тигізуде.

Атап ескертетін бір жай мынау: бастауыш ұйым тек жұмыста кемшілігі байқалған коммунистердің ғана емес, жақсы ісімен өнеге көрсетіп жүрген коммунистердің де есебін тыңдап, тәжірибесін қорытып, басқаларға таратып отырады. Мысалы, КПСС мүшелігіне кандидат, саяси үйірме жетекшісі М. Ерденбековтың насихатшылық тәжірибесі совхоз партия ұйымының ұсынуымен аудандық «Совхоз туы», облыстық «Ертіс» газеттерінде жарияланды. Сондай-ақ жоғары білімді мал дәрігері, жолдастық соттың мүшесі М. Ғалиев, әйелдер советінің мүшесі, тракторшы К. Медеуова, мектептегі пән жетекшілері Нұра-

лин, Серікбаев жолдастардың партиялық тапсырмаға аса жауапты қарайтынын коммунистер жоғары бағалап жүр.

Совхозда жас коммунистердің қарт большевиктермен, еңбек ардагерлерімен кездесулерін ұйымдастыру дәстүрге айналған. Партиялық жұмыстың бұл әдісі де жас коммунистер арасындағы саяси-тәрбие жұмысының мазмұнын байытып, ықпалын күшейте түсуде. 1939 жылдан КПСС мүшесі, колхоз құрылысын орнатуға, нығайтуға қатысқан Жұмағұл Базарбаевпен кездесу мазмұнды өтті. Жастар қарт большевиктің ауыл шаруашылығын коллективтендіру, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы партиялық жұмыстың әдістері, коммунистердің ерлік дәстүрі жайлы әңгімесін қызыға тыңдады, өздеріне көп сабақ алды. Сондай-ақ Социалистік Еңбек Ерлері О. Табаев, О. Қазанбаев сияқты ардагерлермен кездесу де жас коммунистердің жүрегінде жақсы әсер қалдырды.

Мектеп оқушыларымен, комсомол жастармен бірлесіп тақырыптық кештер, диспуттар өткізу жас коммунистерді тәрбиелеудің ықпалды құралына айналып отыр. Соңғы айлардың өзінде совхозда «Коммунизм адамы қандай болуы керек!», «Ауыл мәдениетін көтеру біздің төл ісіміз», «Коммунист деген атты ардақ тұтайық» деген тақырыптарда осындай кештер болып өтті. Мұндай кештер кейде белгілі бір баяндаманың төңірегінде болса, кейде еркін пікір алысу, әңгімелесу, жолдастық айтыс түрінде ұйымдастырылады.

Ұйым есебіндегі коммунистердің білімін, саяси-идеялық даярлығын көтеру жағы да мұқият ескерілген. Партия мүшелерінің көбісінің жоғары, арнаулы орта білімдері бар. Жас коммунистерден 14 кісі кешкі мектепте, 3 кісі Семейдің зоотехникалық-малдәрігерлік институтында сырттан оқиды.

Міне осының бәрі сайып келгенде совхоз коммунистерінің еңбектегі белсенділігін арттыруға пәрменді ықпал жасап келеді. Шаруашылықтың қай саласын алсаңыз да жұмыстың ең жауапты, ең қиынын атқаратын — коммунистер. Сонымен қатар олардың басым көпшілігі қолға алған істерін ылғи абыроймен атқарып, айтарлықтай табыстарға жетуде.

Бірнеше мысал келтірейік. Жас коммунист Қорғанбаев басқаратын № 1 ферма бойынша орта есеппен әр жүз саулықтан 101 қозы, Кошкин басқаратын № 3 фермада 106 қозы алынып, түгел аман өсірілуде. Бұл фермалар қысқа да тәуір өзірлікпен келді. Бірінші ферманың коллективі мал азығын дайындаудың жоспарын 125 процент орындады. Жеке коммунист шопандар мұнан да жоғары нәтижеге жетіп, КПСС Уставы талабына сай авангардтық роль атқаруда. Аудандық партия комитетінің мүшесі, тәжірибелі шопан Алдажаров Қойшыбай әр жүз саулықтан 116 қозы, Қой-

Семей облысы.

лыбаев Қыйсық 108 қозы, КПСС мүшелігіне кандидат Мекен Тақанов 113 қозы, Оразбеков Тәттібек 116 қозы өсірді. Қылшық жүнді қой өсіруге сіңірген көп жылғы жемісті еңбегі бағаланып осы совхоздың атақты шопаны коммунист Кеңесбай Солтабаевке биыл «Қазақ ССР қой шаруашылығының шебері» деген атақ берілді. Сондай-ақ Мұқанов Кеңесбек, Әлиасқаров Советбек, Дәулетбаев Әшім, Ысқақов Сиязбек сынды жас коммунист шопандардың да төл алуда шыққан биігі қуантарлықтай.

Жас коммунистер тракторшы Медеуова Кулиман, сауыншы Гайтөлеуова Қапизалар өз өндірісі бойынша алдыңғы сапта келеді.

Совхоз жұмысшыларының, әсіресе коммунистердің еңбектегі өрлеуі, қарқынды қимылы шаруашылықта айтарлықтай табыстарға жетіп, оны рентабельді жүргізуге жағдай жасап отыр. Совхоз соңғы екі жылда мемлекетке ауыл шаруашылығы өнімдерін тапсырудан 2 113 мың сом ақшадай кіріс алды, мұның ішінде таза пайдасы 573 586 сом. Биыл да совхоз бойынша мал басын өсіру, мемлекетке өнім тапсыру жоспарлары артығымен орындалуда. Совхоз коллективі мал азығын дайындау жоспарын ауданда бірінші болып 105 процент орындап, ҚКП аудандық комитеті мен аудандық Совет атқару комитетінің ауыспалы Қызыл туын жеңіп алды.

«Бірлік» совхозы партия ұйымының партияға адам алу және жас коммунистерді тәрбиелеу жұмысындағы татымды тәжірибесі аудандық партия комитетінің бюросында қорытылып мақұлданды. Дегенмен бюрода атап көрсетілгендей, совхоз партия ұйымының өз қатарын өсіру, жас коммунистерді тәрбиелеу ісінде бірлі-жарым кемшіліктер де жоқ емес. Соңғы көздері кейбір цехтық партия ұйымдарының инициативасы төмендеп кеткені байқалады. Совхоздың жөкелеген басшы кадрлары жас коммунистерді тәрбиелеу ісімен тікелей өздері шұғылданбай, одан шет қалып жүр. Соның әсерінен бірлі-жарым жас коммунистер тарапынан өз міндетіне салқын қараушылық, өндірістік тапсырмаларын орындамаушылық фактілері ұшырасып қалады. Малшылардың, әсіресе шопандардың мәдени-тұрмыс жағдайын жақсартуға жас коммунистердің, комсомолецтердің қатысы әлі де жеткіліксіз.

Бұл кемшіліктер алдағы уақытта іс үстінде жойылады деп сенуге болады. Ал тұтас алғанда «Бірлік» совхозының партия ұйымы өз қатарын ең лайықты адамдармен толықтыру, жас коммунистерді тәрбиелеу ісімен пәрменді, нақты шұғылданып отыр.

С. БАРМАҚОВ,

Абай аудандық партия комитеті ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі.

АДАМ ТАҒДЫРЫ

Анталап тұрған тағдырлар. Адам тағдыры. Өмір шіркін ылғи көңілді бола бермейді ғой. Тіпті кейбіреулерін ойламағанның, ақтармағанның өзі жақсы.

Бірақ, мына Ақат!..

Жаңа ғана шешесі келіп кетті. Күрт қартайыпты да бітіпті өзі. Құр сұлдері. Шала уқалаған терідей бегін әжім басқан. Үсті-басы жүдеу. Әлде қандай именшектік бар мінезінде. Батыл емес бұрынғыдай, жасқана сөйлейді.

— Келмейін деп едім, келдім. Көрінбейін деп едім күн көзіне де, еп көзіне де, өз көзіңе де. Көріңдім.

— Не болды, шеше, не! Өзіңіз алдымен отырыңызшы жайласып.

Ғажап-ай, орындыққа да сынып кететіндей имене келіп, ерең отырып жатыр.

— Қарағым Қапасжан-ай, айтуға дәтім шыдамағанмен, айтпауға да лажым қалмады-ау. Қарақан басым болса «құдай салды, мен көндім» дер едім де, шыдар ем. Шиедей алты немеремнің, алтындай келінімнің тағдыры батады жаныма. Бір жыл туып, бірге өскен төл едің. Шиедей алты баланың әкесің сен де. Арыз айтайын деп емес, ақылдасайын деп келдім.

Көзінен жасы сорғалап отырып ана айтқан осы бір мұңды шер Қапастың ішкі дүниесін астан-кестен етіп жіберіп еді. Жүрегі өрекіп, қабағы жабылып, бір сәт терең ойға шомып кеткендей болды.

Адам тағдырына қатысты шие боп қалған не бір түйіндерді шешуге келгенде Қапас Әділғожиннің партия талабын тағы да бір терең тебіреніспен еске түсіріп, сол талапқа жүгінетін әдеті болушы еді. Міне, осынау бір ойланыс сәтте де сол партия: «Әділғожин жолдас, басқа жұмыстың бәрін қоя тұрыңыз да, осы іске—қарт ананың өтінішіне, адам тағдырына тезірек араласыңыз»—деп тұрғандай болды.

Ақат... Ақат! Қандай жақсы жігіт еді, шіркін. Бірге оқыды, бірге өсті, еңбекке де қатар араласты. Оның таңдап алғаны есеп жұмысы еді, аз жылда ірі балық қабылдау пунктіннің бас бухгалтері дәрежесіне дейін көтерілді. Партияға өтті. Бар коммунист бір кісідей қол көтеріп, Ақат Ыбраевтың атына толып жатқан қошамет сөздер айтты.

Үйленді. Бала сүйді. Бір... екі... үш... алты... Бәрі де үріп ауызға салғандай еді. Бақытты еді. Бәріне ана боп, бәрін қоғамдастырған көрі шешенің төбесі көкке бір-ақ елі тимей жүріп еді.

Сол Ақат, коммунист Ақат табан астынан бұзылып, ұясын бұзып, бәрінен анадан да, баладан да, жардан да, жа-

қыннан да безді. Бір күн, екі күн емес... Жыл өтті арада. Жын рухын жанына қолдан құйған Ақат мұздай еріп, таусылып, мүжіліп бітуге айналып еді. Бала—әкем демей шошынып, жар—жарым демей үркіп кеткен баяғыда. Қайда жүр, не халде тірі жетімдер?! Білер, түсінер Ақат жоқ. Жалғыз-ақ қайран шеше төңіректен шықпайды маңынан. Жанын шүберекке түйгендей боп соны аңдиды, ториды, бақылайды. Өзі де бітті, қажыды. Қажытты сор маңдай болған сорлы жалғыз. Сыр бермеймін, білгізбеймін ешкімге, өзі-ақ түзеледі дей-дей, ақыры амалы таусылған соң Балқаш балық комбинатының партбюросына—Әділғожинге келіп тұрған беті осы.

Ең әуелі безіп кеткен балаларды табу керек деп түйді Әділғожин. Тапты да. Үш жасында анасыз, бес жасында әкесіз тұлдыр боп қалғандағы өз күйінен аумайды. Жетім, кәдімгі қарақасқа жетімдер болыпты да қойыпты. Жаны күйзеліп, іші ашып кетті.

— Ер соңыма ересек үшеуің. Ер деймін, неменеңе тартынасыңдар!

— Қайда, әкесіне апармақсыз ба? Әке жоқ бұларда, ол біткен, құрыған. Бармайды ешқайда!

Бұл шеше қарсылығы еді.

— Әке жоқ болса, мектеп-интернат бар. Менің де әке-шешем сол болған. Бұларды да жатсынбайды, жатырқамайды...

* * *

Ыбраев Ақат жайынан Әділғожин бұрын да бихабар емес-ті. Естіген. Ескерген де. Бір сәт өзінің қат-қабат жұмыстарын жиып қойып, сол істейтін балық қабылдау пунктіне арнайы барған да болатын. Пункт коммунистерін жинап алып, айрықша тапсырып та кетіп еді.

— «Асқындырмаңдар, алдын алықдар, мүмкін, бірдеңеге қиықтанған болар, себебін біліңдер...»

Міне, осыдан кейін ол туралы даңғыраған көп сөз бола қойған жоқ-ты. Есті еді, сабасына түскен болар деп ойлап, күнделікті өмір қаракетінде қайнап жүре берген-ді. Балықшыларды жаппай еңбекке жұмылдыру, соның ішінде коммунистердің жетекшілік ролін арттыру, тәрбиелеу, жалпы халықтық істің белсендісі ету—аз жұмыс емес. Оған сіңірген еңбек жақсы жемісін беріп те келеді. Өзі партбюро секретары болған 1960 жылдан бері [бір жыл ғана басқа жұмысқа ауысып, қайта сайланған-ды] Балқаш айдыны бойынша жоспардың асыра орындалмай қалған кезі болған емес. Облыстық республикалық, одақтық сыйлықтарға талай рет ие болды коллектив.

Комбинат партбюросында есепте тұратын 150-ге жуық коммунистің тікелей өндірісте істейтіндерінің тапсырма орындамайтыны кемде-кем. Соның ішінде коммунист балықшы Әушәкіров, Артықбаев, Әуезбаев, Қоңқабаевтар — бір жарым-екі нормашылар. Жұртты, міне, осылардың деңгейіне теңеу керек. Мұнымен де бар міндет түгенделе ме? Тұрмыс қамы, мәдени-тіршілік жайы тағы бар...

Сонымен, уақыт өтіп жатқан болатын. Сөйтіп жүргенде ана келді. Ақаттың анасы. Содан кейін сабыр-тағаты қалмай коммунист тағдырына тікелей араласты. Ана айтқан ақиқатқа өз көзі де жетті.

Қапас қатты күйзелді, «япыр-ай, жап-жақсы адам да осындай масқараға душар болады екен-ау! Не істеу керек!..»

Бұл сұрауға әркім өзінше әрқилы жауап берді:

— Партия жиналысына салып жіберіп, билетті алу керек, садаға кетсін партиядан.

— Жұмысқа жолатпау керек, несіне ішер екен сонсоң арақты.

Бұл ұсыныстарды қабылдай салудан оңай не бар? Жоқ, Қапас мұның біріне де бармады. Бара алмайтын да еді. Неге десеңіз, бұл шаралар жар жиегінде тұрған қауыз жанды қатерден тартып алу емес, итеріп жіберу. Сонда қалай болмақ!

Соңғы кезде Ақат балық комбинаты поселкесіне келіп, балықшы-мотористер даярлайтын училищеге орналасқан болатын. Училище директоры Мұсахановқа берілген тапсырма — адамды адам ету еді. Ол аянған жоқ. Бірақ құнығып алған қу нәпсі Ақатты жардан-жарға соға берді.

— Кіммен ішеді екен, достары кімі?

— Ойлыр-ау, Ақатта тұрақты дос болатын ба еді, кез келген-дағы...

Көршілеріне де бірнеше барып сыр тартып көріп еді. Олар безер боп безініп отыр екен.

— Әкетіңіз аулақ! Коммунист сіздікі... Эх, коммунист!..

Бай-бай, бәрінен осы бір сөздің ауыры-ай! Шымбайға батқан сүймендей жаны ыршып кетті. Қапастың Ыза ма, намыс па, әлде осы екеуі қабаттасып шырқытырып жіберді ме, әйтеуір сол күні қалаға тартып кетті. Онда, мыс байыту

фабрикасында диірмен машинисі Мансұр Қарымсақов дейтін жігіт бар еді. Ақаттың немере ағасы.

— Немене, Ақат бауырыңды өстіп қоретіп қоюшы ма ең? Коммунист біздікі болса, бауыр сенікі. Сен де коммунистің. Бірік кәне менімен. Не істейміз!

— Сол үшін де мен сізге шешесін жіберіп едім ғой...

— Жіберсең, содан бері Ақат маған бір төбе жұмыс болып тұр. Енді қолыңа ал, тәрбиеле, бақ, бақыла, керек көмегіңді ал. Мен дайын...

— Дәрігерлік шарадан басқа лаж жоқ. Сөйлесіңіз де, емханаға алдырыңыз, — деп келді күндердің бір күнінде Мансұр Әділғожинге.

Бұл соңғы шара еді. Баруға тура келді.

* * *

— Хал қалай Ақат, арақ ішесің бе? Тыжырынасың ғой. Демек, ішпейсің, солай ма! Ендеше бар тіршілікті жаңадан, адал еңбектен баста. Көнөсің бе осыған? — деген сұрақты бүкпесіз тура тартты Ыбыраевтың алдына парторг. — Көсім мынау: Бозаралға барасың, қатардағы балықшы боласың. Ондағылармен келістім.

Шынында да келісім бар еді. Және мұндағы балықшы бригадада ішімдікке бой ұратын адамның жоғы да Әділғожинге мәлім болатын.

— Қайда бар десең де барайын, тек әйелім мен балаларымды жинап бер, қос өзіме.

— Түзелсең қосам, түзелмесең олардың обалына қала алмаймын...

* * *

— Сонымен, сол Ақат кім болды қазір дейсіз ғой? Во!.. — деді Әділғожин Қапас бас бармағын нұсқап. — Керек десеңіз, біз оны көтермелеп пункт бастығы етпек ойымыз бар. Үйі кірсе шыққысыз. Балалары мұнтаздай, келіншегі құлпырып, шешесі жайнап кетті. Бақытын тапты, қайта тапты бақыттары...

Балқаш балық комбинаты партия ұйымының секретары Қапас Әділғожин тарапынан адамға деген қамқорлықтың бұл бір ғана мысалы. Адам тағдыры бәрінен жоғары қоятындықтан да ғой, комбинат коллективі арасында Әділғожин үлкен беделге ие.

Балқаш-Қарқаралы.

Ә. ОМАРБАЕВ.

Коммунистердің бірінші парызы

Совет Одағының Коммунистік партиясы — халық бақыты жолындағы күрескерлердің ерікті ұйымы. Оның әрбір мүшесі өз ұйымының бүкіл жұмысына белсене қатысумен қатар ай сайынғы мүшелік жарна арқылы материалдық жағынан да қолдап отыруға міндетті. Владимир Ильич Ленин дүниедегі ең революцияшыл партияның негізін қалай бастағаны кездің өзінде-ақ мәселенің осы жағын ашық та анық айтқан болатын. РСДРП-ның II съезінде партияға кімдер мүше болады деген сұрақтың төңірегінде қызу айтыс болған кезде, В. И. Ленин «Партияның Программасын танитын және материалдық қаражатпен де, партия ұйымдарының біріне өзінің қатысуымен де партияны қолдайтын әрбір адам партия мүшесі болып саналады» деген ұсыныс енгізді. Сол уақыттан бері КПСС Уставы түгелдей осы лениндік талапқа негізделіп келеді.

В. И. Лениннің ең әуел бастан-ақ материалдық жағынан қолдауды партияға мүше болу үшін қажетті шарттың бірі етіп қоюы тегін емес. Біздің партияның негізгі қаражаты коммунистердің мүшелік жарна ретінде ай сайын қосып отыратын ақшадай үлесінен құралады. Демек, партияның елді, халық шаруашылығын басқарудағы орасан зор ұйымдастыру-саяси жұмысының нәтижелі жүргізілуі коммунистердің материалдық жағынан қолдау-көмегіне де байланысты.

Екіншіден, біздің партия өз қатарының құрыштай бірлігімен, барлық мүшелеріне бірдей қатаң тәртібімен күшті. Ал мүшелік жарнаны ұқыпты төлеу осы партиялық ішкі тәртіпті нығайтқан үстіне нығайта берудің пәрменді құралы болып табылады. Коммунист мүшелік жарнаны уақтылы әрі дұрыс төлеу арқылы өз партиясына қамқорлығын, Уставтық міндеттеріне адалдығын дәлелдейді.

Осыған байланысты М. И. Калининнің мына сөздерін еске салған артық емес. Егер, деп көрсеткен еді Михаил Иванович, Сіз партиялық жарнаңызды уақтылы төлемесеңіз, оның өзі Сіздің партия туралы терең ойламайтыныңызды, партиялық міндеттеріңізге салақ қарайтыныңызды көрсетеді. Ал партиялық міндеттеріне, соның ішінде партиялық жарна төлеу секілді ең қарапайым, таза ұйымдық міндетіне салақ қараған кісінің партияға оншалық жаны ашымайтын болғаны...

Михаил Ивановичтің бұл сөздері нақ қазірде де маңызын жойған жоқ. Расында да ойлап қараңыздаршы, мүшелік жарна төлеу — коммунистің ең қарапайым уставтық борышы. Егер коммунист осы секілді ең оңай талапқа ұқыпсыз қарайтын болса, одан гөрі қиынырақ, жауаптырақ тапсырманы адал атқарады деп сенуге бола ма? Өзінің партия алдындағы бірінші парызын абыроймен өтей алмаған коммунист еңбекші бұқараға қалай өнеге көрсетпек, оны өзінің соңынан қалай ертпек? Турасын айтқанда коммунистің мүшелік жарна төлеуге көзқарасы белгілі дәрежеде оның моральдық-саяси санасын, рухани бейнесін, партияға адалдық дәрежесін сипаттайды.

Республика партия ұйымында мүшелік жарна төлеудің жайына арнайы жүргізілген байқау коммунистердің басым көпшілігі өздерінің бұл уставтық міндетіне өте жауапты қарап, мүшелік жарнаны аса мұқият әрі дұрыс төлейтінін, сөйтіп партиялық тәртіпті нығайта беру үшін

жан салып күресетінін көрсетті. Партияға мүшелер мен кандидаттарға дұрыс талап қойып, мүшелік жарнанын ай сайын партия кассасына мүлтіксіз түсуін жақсы қамтамасыз еткен тұтас ұйымдар бар. Бұл жөнінде Семей ет комбинатының, сол облыстағы № 453 мостопоезд вагон депосының, текемет-киіз комбинатының, Гурьев балық-консерві комбинатының, Қарағандыдан темір-бетон бұйымдары заводының, «Қарағандамебель» бірлестігінің, № 2 құрылыс басқармасының партия ұйымдары мақтауға тұрарлық. КПСС Орталық Комитетінің «Партияның мүшелері мен кандидаттарының мүшелік жарналары туралы» нұсқауын бұлжытпай орындауда өнеге көрсетіп жүрген мұндай ұйымдарды әр облыстан-ақ он-ондап кездестіруге болады.

Дегенмен тексеру үстінде коммунистердің мүшелік жарна төлеуінде елеулі бұрмалаушылықтар мен тәртіп бұзушылықтардың бар екені ашылды. Өздерінің уставтық борышын ұмытқан кейбір коммунистер партия ұйымы мен оның секретарының салақтығы мен ашық ауыздығын пайдаланып, партиялық мүшелік жарнасын ай сайын емес, өзі қалаған уақытта, окта-текте ғана төлейтін болған. Ал коммунистердің мүшелік жарнаны айлық табысынан толық төлемейтіні жөніндегі фактілер тіпті көп-ақ. Бірнеше мысал келтірейік.

«Қарабұтақ» совхозының орталық мекеніндегі партия ұйымында (Ақтөбе облысы) есепте тұратын 47 коммунистің 18-і, яғни жалпы ұйым құрамының жартысына жуығы екі айдан алты айға дейін мүшелік жарнасын төлемеген. Совхоздың бас инженері, партия бюросының мүшесі Қ. И. Бернardt осы жылғы мартта бұрынғы өткен үш айдың, июльде екі айдың жарнасын төлеген. Содан соң үш ай бойына тағы да төлемей кеткен.

Алматы темір жол бөлімшесінің жұмысшыларды жабдықтау бөлімінің партия ұйымында 62 коммунистің 43-і мүшелік жарнаны үнемі бір-екі ай кешіктіріп төлеуді әдетке айналдырған.

Жеке коммунистер тарапынан болып жүрген бұрмалаушылық бұдан да сорақы. Мысалы, коммунист Жомартов Ақтөбе облысындағы Новоресей аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып істейді. Ол әрі аудандық партия ұйымының тексеру комиссиясының мүшесі. Міне осы Жомартов жолдас басқаға үлгі-өнеге көрсетудің орнына, партия Уставының талаптарын өзі өрескел бұзған. Ол тоғыз айдың ішінде үш-ақ рет жарна төлеген. Гурьев қалалық денсаулық сақтау бөлімінің партия ұйымынан коммунистер Гусев бес айға, Ысмағұлов төрт айға төлемеген. Ол ол ма, Ақтөбе облыстық комсомол комитетінің нұсқаушысы Құлжанов биылғы апрельде өтіп кеткен бес айдың жарнасын бір-ақ төлеген. Сірә бұл жолдастар КПСС Уставының «барлық коммунистер үшін, олардың сіңірген еңбектері мен атқарып отырған қызметіне қарамастан, партияның бір тәртібі, бір заңы бар» деген қағидасын мүлдем ұмытса керек.

Коммунистен мүшелік жарнаны уақтылы төлеумен бірге оны бүкіл табысынан дұрыс есептеу талап етіледі. Бірақ бұл жөнінде де өте ұят фактілер орын алып келеді. Коммунистердің ішінде жарна төлеген кезде қосымша табысын, қалам ақысын, пенсиясын, тіпті жалақысының да бір бөлегін есепке қоспай, жасырып қалатындары бар.

Мәселен, Ақтөбе облысының Темір ауданындағы № 4 кен өнеркәсібі училищесіндегі партия ұйымының секретары Сафронов екі жыл бойына өзінің нақты табысын үнемі азайтып көрсетіп, партия кассасына 40 сом 65 тиынды кем төлеген. Жетібай мұнай барлау экспедициясының партия ұйымында 38 коммунист өз табысының елеулі бөлегін жасырып қалып, партия кассасына 365 сом 65 тиынды, Шевченко қаласының 8 бастауыш ұйымынан 116 коммунист сондай жолмен 674 сом 34 тиынды кем төлеген.

Алматы қаласындағы бірсыпыра творчестволық ұйымдардың (суретшілер одағы, «Мектеп» баспасы, т. т.), Қазақ темір жолы басқармасының, Азаматтық авиацияның және басқа мекемелер мен кәсіпорындардың партия ұйымдарында коммунистердің мүшелік жарнаны бүкіл табысынан төлемейтіні үнемі сөз болып жүр. Бірақ содан шыққан қорытынды әзір байқалмай келеді.

Тағы бір қынжыларлық нәрсе, мүшелік жарнаны толық табысынан төлемейтін кейбір коммунистер қателіктері әшкереленіп, беттеріне басылғаннан кейін де, оны тезірек түзетуге асыға қоймайды. Мысалы, Ақтөбе облысындағы Алға ауданының XX партсъезд атындағы колхозында бас агроном Белоконов 1964 жылы 31 сомды кем төлеген екен. Бұл биылғы февральда анықталған болатын. Бірақ ол май айына дейін сол берешегін өтеген жоқ. Сол колхоздағы басқа коммунистер де жарна жөніндегі жалпы сомасы 406 сом борышын партиялық кассаға салмаған. Нақ осы сияқты Мартөк ауданының Ленин атындағы колхозының председатели Гринько мен партия ұйымының секретары Балғазин жолдастар да 146 сом жарналық берешегін үш ай бойы өтемей, тексеру келуін «күтіп» жүрген. Мүшелік жарнасын төлеуге партия ұйымының секретары бұлай карап отырған жерде қандай тәртіптілік пен ұқыптылық іздеуге болады?

Коммунистердің мүшелік жарнаны төлеу тәртібі, оны қабылдау, есептеу, өткізу тәртібі КПСС Орталық Комитетінің Секретариаты 1962 жылғы 27 майда бекіткен нұсқауда толық айтылған. Бұл нұсқаудың негізгі қағидалары партиялық журналдарда да сұраққа жауап түрінде октын-октын түсіндіріліп тұрады. Соған қарамастан кейбір бастауыш партия ұйымдарының секретарьлары жарна қабылдау тәртібінен мүлде бейхабар. Тіпті қайсы бір секретарьлар жарна қабылдауды машакат көріп, аса жауапты бұл жұмысты коммунистердің біріне жүктей салған. Әдетте мұндай ұйымдарда мүшелік жарна жинау бетімен жіберіледі, тәртіпсіздік, көңіл жықпастық, бұрмалаушылық орын алады. Алматыдағы «Қазгипромясомолпром» институтының партия ұйымында жағдай нақ осылай болды. Мұнда мүшелік жарна қабылдау коммунист Полуяноваға тапсырылған. Партия бюросының, аудандық комитеттің тарапынан бақылаудың жоқтығын пайдаланған Полуянова коммунистерден түскен жарнаның елеулі бөлегін партиялық кассаға тапсырмай, жеке басының пайдасына жаратып отырған.

Бірқатар бастауыш партия ұйымдарында партиялық жарна қабылдайтын тізім қалай болса солай жасалады, алфавит сақталмайды, уақтылы жабылып, қабылданған қаржы сақтық кассасына белгіленген мерзімде өткізілмейді. Целиноград облысының Державин ауданындағы «Тассуат» мал бордақылау совхозының партия ұйымы январь, февраль, март айларында қабылданған жарнаны тек май айында ғана өткізген. Гурьев қаласындағы № 5 механикаландырылған колоннаның партия ұйымы 4 ай бойына, Алматы облысындағы Ақсу ауданының 10 бастауыш партия ұйымы 5 ай бойына, Орал облысындағы Чапаев ауданының 12 бастауыш ұйымы 2—3 ай бойына түскен жарналарды жинақ кассасына тапсырмаған. Орал облысының Чапаев автобазасы партия ұйымының секретары Липатовтың жарна қабылдауды бетімен жіберіп, сенімнен айрылғаны соншалық, бірсыпыра коммунистер партиялық жарнасын тікелей жинақ кассасына тапсыратын болған. Сондай-ақ Ақтөбе облысындағы Новоресей астық қабылдау пункті партия ұйымының секретары А. Литовченко 9 ай бойына, Новоресей аудандық оқу бөлімі партия ұйымының секретары Жұманиязов 4 ай бойына коммунистерден қабылданған жарнаны өткізбеген.

Орал облысындағы Жымпиты ауданының «Правда» газеті атындағы совхоз партия ұйымын (секретары Темірәлиев жолдас) тексерген кезде 31 рет жарнаның ведомосқа енгізілмей қабылданып, жұмсалып кет-

кені ашылды. № 3 бөлімше партия ұйымының бұрынғы секретары Рос-смехин жарнаны екі айдай ведомоссыз қабылдап, 150 сом ақшаны жинақ кассасына өткізбестен өзі пайдаланып кеткен.

Партия ұйымдарының көптеген секретарьлары, өте-мөте жарна қабылдау тәртібін бұрмалайтындары өздерінің кемшіліктерін бүркемелеу үшін жоғарғы партия органдарына № 3 формада белгіленген ай сайынғы есепті уақтылы тапсырмайды, тапсырса да кемшіліктерді көрсетпей бүркеп қалады. Мысалы, Қарағандының № 12-бис шахтасының партия ұйымында 18 коммунист мүшелік жарнасын уақтылы төлемеген. Ал аудандық комитетке берілген есепте соның үшеуі-ақ көрсетілген. № 70 шахтада жарнадан берешегі бар 36 коммунисттің біреуі ғана есепке енгізілген. Шығыс Қазақстан облысындағы Большенарым ауданының Ленин атындағы колхозының партия ұйымында мүшелік жарнасын уақтылы төлемеген 38 коммунист есепте көрсетілмеген.

Осының бәрін КПСС Уставының адалдық, шыншылдық жөніндегі талабын орындағандық деп айтуға бола ма? Әрине, болмайды. Бұған ең алдымен бастауыш партия ұйымдары, оларға бақылау жасап, талап қоймайтын аудандық, қалалық партия комитеттері кінәлі. Кейбір партия комитеттері коммунистердің мүшелік жарна төлеудегі қателіктерін қатты айыптап, тәртіпке шақыру орнына өздері көз бояушылық жасап, кемшіліктерді жаба тоқуға тырысады. Мысалы, Орал облысындағы Бөрлі аудандық партия комитетіне март айында түскен мәлімет бойынша мүшелік жарнасын екі-үш ай бойы төлемеген коммунистердің саны 72 еді. Ал аудандық комитет облыстық партия комитетіне жолдаған мәліметте оны 9-ақ деп көрсетті.

Немесе мына фактіні алыңыз. Целиноград облысының Ерейментау ауданындағы Ленин атындағы совхоз партия ұйымының бұрынғы секретары И. Лесной 1963 жылы коммунистерден түскен мүшелік жарнаның 119 сом 75 тиынын өз пайдасына жаратып жіберген. Бұрынғы селолық партком оны ұйымдастырушы инспектор етіп жоғарылатты. Былтыр жоғарыда аталған өрескел факті әшкереленді. Лесной сол айда 26 сом 75 тиын, ноябрьде 75 сом төледі. Барлық іс осымен тынды. Аудандық комитеттің Леснойды партиялық жолмен айыптамағаны былай тұрсын, қалған 18 сомды өндіріп алмады да.

Ең қынжыларлығы — бұл сияқты өрескел кемшіліктерге жол беретін партия комитеттері қай облыстан болса да кездесіп қалады. Рас, соңғы кездері аудандық, қалалық, облыстық партия комитеттерінің көпшілігі коммунистердің мүшелік жарнасын қабылдау ісіндегі бұрмалаушылықтар мен қателіктерді тез жоюға бағытталған шешімдерді көбірек қабылдай бастады. Бірақ әңгіме игі ниетті шешімдердің санын көбейтуде емес, коммунистерге қойылатын талапты күшейтуде, КПСС Уставының талаптарын бұрмалаушылық атаулының бәріне қарсы батыл күрес жүргізіп, партиялық тәртіпті мейлінше нығайтуда болып отыр.

Коммунистердің мүшелік жарнаны мерзімінде әрі дұрыс төлеуі, қабылданған соманың іле-шала партиялық кассаға өткізілуі, ол жөніндегі есептің дұрыс жасалып, мезгілінде тапсырылуы партия ұйымдарының күнбе-күнгі назарында болуға тиіс. Мүшелік жарна мәселесін ұсақ-түйек деп санамай, партия жиналыстарында оқтын-оқтын қарап тұрған жөн. Мүшелік жарнаны ұқыпты төлеу өзінің аса маңызды уставтық борышы екенін әрбір коммунист ұдайы жадында берік сақтауға міндетті.

И. КИРЕЕВА.

ПАРТИЯЛЫҚ ЖАРНА ТӨЛЕУ ТУРАЛЫ

Мүшелік жарнаның мөлшері, оны төлеу, қабылдау тәртібі КПСС Уставында және партияның мүшелері мен кандидаттарының мүшелік жарнасы туралы 1962 жылғы 29 майда КПСС Орталық Комитетінің секретариаты бекіткен нұсқауда, Москвадағы саяси әдебиет баспасы шығарған «Бастауыш партия ұйымы секретарының анықтамасында» егжей-тегжейлі баяндалған.

Партияға мүшелік жарна қалай төленеді? Жарна қабылдаған кезде коммунистің негізгі еңбек ақысы да, сондай-ақ қосымша ақысы да (қосалқы қызметі, міндетті жұмыс уақытынан тыс атқарған қызметі, әдеби қалам ақы, лекциялық, ғылыми, педагогикалық қызметі, концертке қатысканы, радиодан, телевизиядан сөйлегені үшін алған ақы) және негізгі еңбек ақысына қосылған басқа да үстеме атаулының бәрі (көп жылғы қызметі үшін, шалғай мекендерде, Қиыр Солтүстік аудандарда істегені, әскери атағы, мамандық дәрежесі, шет тілдерді білгені, т. б. үшін ақы) түгел есепке алынады. Былайша айтқанда, мүшелік жарна еңбек ақыға жататын табыстың барлық түрінен төленеді.

Партияға мүшелік жарна төлеген кезде мыналар есепке алынбайды: пайдаланылмаған демалыстың есесі ретінде төленген ақы, командировкалық ақша, сондай-ақ темір жол транспортының, геологиялық барлау экспедицияларының, т. б. қызметкерлеріне командировкалық және пәтерлік қаражаттың орнына берілетін үстеме. Сол сияқты коммунистке берілген әртүрлі жәрдемнен, мемлекеттік заем мен лотереяға шыққан ұтыстан, ғылыми жаналық, өнер тапқыштық және рационализаторлық ұсыныс үшін берілген бір жолғы сыйлықтан, бәйге мен спорт жарыстарына қатысып алған сыйлықтар мен жүлделерден, кәмелетке толмаған балалары үшін, асыраушысынан айрылғаны үшін берілетін пенсиядан, көп балалы аналарға берілетін жәрдемнен, социалистік жарыс қорытындысы бойынша берілетін бір жолғы бәйгеден мүшелік жарна төленбейді. Өнертапқыштық және рационализаторлық ұсыныстарды енгізуге қатысканы үшін төленген сыйлықтар, денсаулық жағдайына байланысты немесе емделуге арнап берілген жәрдемдер де есепке алынбайды.

Үкімет шешімінің немесе ведомстволық ереже мен нұсқаудың негізінде төленетін, сөйтіп еңбек ақыға қосылатын басқа сыйлықтардың бәрі (өндірістік және өзіндік құнды кеміту жоспарын толық және асырып орындағаны, объектілерді іске қосқаны, жаңа техника мен технологияны жасап, өндіріске енгізгені, т. б. үшін берілетін сыйлықтар) мүшелік жарна төлеуге жатады. Кәсіпорын қорынан берілген сыйлықтар да есепке алынады. Ондай сыйлық қай айда берілсе, сол айдың еңбек ақысына қосып есептеледі, яғни сыйлық бір тоқсанның немесе жылдың қорытындысы бойынша берілсе, оны 3 немесе 12 айға бөліп есептеуге болмайды.

Еңбекке уақытша жарамай қалғанына байланысты әлеуметтік немесе кооперативтік қамсыздандыру арқылы жәрдем алған коммунист мүшелік жарнаны сол жәрдемнің сомасынан төлейді. Мысалы, айына 150 сом алатын коммунист бір ай бойы емделіп, сол үшін оған дәрігердің

қағазы бойынша 135 сом есептелсе, коммунист мүшелік жарнаы бұрынғы айлығынан (150 сомнан) емес, нақты алған 135 сомнан төлейді.

Орта және жоғары оқу орындарының стипендия алмайтын студенттері айына екі тиын мүшелік жарна төлейді. Үй шаруасындағы әйелдерге немесе уақытша жұмыс істемейтін коммунистерге де мүшелік жарна осы мөлшерде белгіленген.

Әрі пенсия алатын, әрі жұмыс істейтін коммунист мүшелік жарна төлеген кезде пенсиясы мен еңбек ақысы (және басқа табыстарын) қосып есептеп, соның жалпы сомасынан төлейді.

Коммунист жазушылар, суретшілер, мүсіншілер және басқа творчество қызметкерлері авторлық қалам ақыны қай айда алса, нақ сол айда, қалам ақысының бүкіл сомасынан төлейді. Егер коммунист тұрақты немесе уақытша қызметте болса, авторлық қалам ақысы айлық еңбек ақысына қосып есептеледі. Егер коммунист жазушы, суретші т. б. кейбір айларда қалам ақы немесе басқа еңбек ақы таппаса, ол айлар үшін екі тиыннан мүшелік жарна төлейді.

Егер коммунист партиялық жарнасын толық табысынан төлемесе, кейін қайта есептеп, айырмасын төлеуге керек. Мысалы, негізгі айлығы 120 сом коммунист декабрь айында ғылыми еңбегі үшін қосымша 200 сом алды делік. Сонда оның сол айдағы жалпы табысы 320 сом болады. Демек, Устав бойынша үш процент есебінен, яғни 9 сом 60 тиын жарна төлеуі керек еді. Іс жүзінде коммунист негізгі айлығынан (120 сом) ғана, яғни бір процент есебінен 1 сом 20 тиын төлеген. Сонда оның кем төлегені 8 сом 40 тиын. Осы соманы коммунист қосымша төлеуге міндетті.

Коммунист колхозшылардан мүшелік жарна алу тәртібі. Еңбек ақы жыл аяғында бір-ақ есептелетін колхоздардың коммунистері айына 10 тиыннан мүшелік жарна төлейді. Егер колхозда ай сайын ақшалай аванс берілетін болса, мүшелік жарна да сол айдағы аванстан есептеліп тұрады. Жыл аяғында толық есеп айырысқан кезде айырмасы қосымша төленеді.

Мәселен, коммунист ай сайын орта есеппен 30 сом аванс алып тұрды делік. Демек, ол ай сайын 10 тиыннан бір жылға 1 сом 20 тиын төлейді. Жылдық табысы 672 сом болды, яғни әр айға 56 сомнан айналды. Бұған ол ай сайын 28 тиыннан бір жылға 3 сом 56 тиын төлеуге тиіс еді. Коммунист осы сомадан бұрын төлеген 1 сом 20 тиынды шығарып тастайды да, 2 сом 16 тиын айырманы қосымша төлейді.

Мүшелік жарнадағы айырма жылдық еңбек ақы түпкілікті есептелген айда төленеді.

Совхоздардағы сияқты ай сайын тұрақты жалақыға көшкен колхоздарда мүшелік жарна сол жалақыдан төленеді. Ондай колхоздарда жыл аяғында партиялық жарнаы қайта есептеп жатудың қажеті жоқ.

Колхоз өндірісінде еңбек ететін ауыл шаруашылығының мамандары да партияға мүшелік жарнаы коммунист колхозшылар секілді төлейді. Егер колхоздың бас зоотехнигі өзіне тағайындалған 185 сом айлықтың 70 процентін (129 сом 50 тиын) алып тұрса, ол ай сайын сол сомадан 1 сом 30 тиын жарна төлеп тұрады. Мұны жылға шаққанда 15 сом 60 тиын болады. Жыл аяғында толық есеп айырысқан кезде коммунист қалған айырманы өтейді.

Көптеген колхоздарда айлық еңбек ақы немесе аванс ақшалай ғана емес, заттай да беріледі. Ал партиялық жарна ақшалай бөлігінен ғана есептеледі. Мұндай ретте партия ұйымының секретары әрбір коммунистің заттай алған ақысын алдын-ала біліп, сатып алу бағасы бойынша ақшаға шағып, жыл аяғында жарнадағы айырманы анықтағанда соған қосып есептеуі керек.

Совхоздардың басшы қызметкерлері мен мамандарының партиялық жарналары. Биылғы май айынан бастап совхоздардың және ауыл шаруашылығындағы басқа да кәсіпорындардың басшылары мен маманда-

рына тағайындалған еңбек ақы ай сайын толық төленетін болып белгіленген. Осыған байланысты партиялық жарнаны да сол айлық ақыдан есептеу керек. Мәселен, совхоз директоры августта 250 сом мөлшеріндегі тұрақты ақысын ғана алса, жарнаны да соған лайық төлеуге тиіс. Ал ауыл шаруашылық өнімін өндіргені, өткізгені үшін берілетін қосымша ақы мен жылдық жоспарды асырып орындағаны, сондай-ақ өндіріс шығынын азайтқаны және жоспардан тыс пайда келтіргені үшін берілетін сыйлықтар қай айда төленсе, сол айдың еңбек ақысына қосылып, мүшелік жарна соның жалпы сомасынан есептеледі.

Мүшелік жарнаны қабылдау тәртібі. Әрбір коммунист мүшелік жарнаны ай сайын өзі есепте тұрған партия ұйымына өз қолымен төлейді. Жарнаны партия ұйымының секретары немесе оның орынбасары қабылдайды. Коммунистердің саны 50-ден асатын партия ұйымдарында цех, ферма, бригада партия ұйымдарының секретарьларына жарна қабылдауға рұқсат етіледі. Бірақта партиялық жарнаның дұрыс жиналуы үшін де, оның жинақ қассасына уақтылы өткізіліп тұруы үшін де партия ұйымының секретары тікелей жауапты.

Бастауыш партия ұйымының секретары мүшелік жарнаның түсуі туралы ай сайынғы мәліметінде нақты жағдайды көрсетіп отырады. Мәселен, коммунист сентябрь айында август үшін жарна төлемесе, мәліметке бір айға берешегі бар деп, ал сентябрьде июль мен августқа төлемесе, екі айға берешегі бар деп жазады.

Мүшелік жарнасын үш ай бойына себепсіз төлемеген коммунистің мәселесі бастауыш ұйымда каралады. Тек талқылаумен тыну керек пе немесе партиялық жаза беру керек пе, ол жағын нақты жағдайға қарай коммунистердің өздері шешеді. Егер коммунистің іс жүзінде партия ұйымымен байланысын үзгені анықталса, онда партия жиналысы әлгі коммунисті партиядан шығып қалды деп шешім қабылдауға праволы. Ондай шешім аудандық партия комитетінің (қалалық комитеттің, парткомның) бекітуіне беріледі.

Партия ұйымының секретары мүшелік жарна жөнінде қалай есеп береді? Секретарьлар мүшелік жарнаны түскен-түскенінше жақын жердегі жинақ қассаларына өтінішпен қосып (№ 2 форма) өткізіп тұрады. Қалалық жерде он күннен, селолық жерде бір айдан кешіктірмей өткізу керек.

Бұған қоса әр айдың аяғында секретарьлар өткен айда түскен мүшелік жарна туралы аудандық (қалалық) партия комитетіне жалпы есеп (№ 3 форма) тапсырады. Ол есепке басқа бір документ не қосымша тіркеудің қажеті жоқ.

Бастауыш партия ұйымдары коммунистердің мүшелік жарнаны уақтылы әрі дұрыс төлеуін, жиналған қаражатты өткізу тәртібінің мүлтіксіз сақталуын мұқият қадағалап отыруға міндетті. Ол үшін мүшелік жарнаның түсу барысын оқтын-оқтын партия жиналысында қарап, уставтық міндетіне салқын қараған коммунистерді тәртіпке шақырып отыру қажет.

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ТЕОРИЯСЫН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

Социализмнің экономикалық заңдарының сипаты мен өзара әрекеті

Л. ЛЮБОШИЦ, И. ЗАГАЙТОВ.

Совет Одағының Коммунистік партиясы, оның лениндік Орталық Комитеті халық шаруашылығын жоспарлауды және экономиканы ғылыми негізде басқаруды жетілдіру жөнінде зор да жемісті жұмыс жүргізіп келеді. Біздің қоғамда экономикалық қатынастардың мән-мағынасы барған сайын терең танылуда, коммунистік құрылыстың күллі саласына басшылық етудің формалары мен әдістері қадам басқан сайын волюнтаризм мен субъективизм элементтерінен тазартылуда. Партия мен бүкіл совет халқының назарын қоғамдық өндірістің тиімділігін арттырудың экономикалық тұтқаларын мейлінше толық пайдалануға, сонымен қатар халық шаруашылығына жоспарлы түрде орталықтан басшылық етуді күшейтуге аудара отырып, КПСС Орталық Комитетінің сентябрь (1965 жыл) Пленумы өз қаулысында былай деп атап көрсетті: «Жоспарларды жасаған кезде аса маңызды принциптер — социализмнің экономикалық заңдарын қатаң ескеру, экономиканы өркендетуде сәйкестікті қамтамасыз ету, неғұрлым аз шығын жұмсай отырып, мейлінше көп өнеркәсіп өнімін алу принциптерін сақтау қажет».

Осыған орай социализмнің экономикалық заңдарының сыр-сипатына және өзара әрекетіне байланысты мәселелерді зерттеудің маңызы ерекше арта түседі. Бұл мәселелердің кейбіреуі осы мақалада қарастырылғалы отыр.

Қоғамдық дамудың барлық заңы тәрізді экономикалық заңдар да адамдардың қызметі арқылы әрекет ететіні жұртқа мәлім. Соның өзінде экономикалық заңдар әрекетінің сипатын белгілі бір өндірістік қатынастардың мән-мағынасынан бөле жарып қарауға болмайды.

Таптық-антагонистік формацияларда, жеке меншік емін-еркін үстемдік еткен жағдайда экономикалық заңдар адамдарға езіп-жанаштайтын, жат күш ретінде қарсы тұрып, стихиялықпен жүзеге асады.

Социализм тұсында қоғамдық меншік еңбекшілердің өндірістік коллективтерін біртұтас шаруашылық организмне біріктіреді, барлық еңбеккердің негізгі мүдделерінің үйлесуіне жәрдемдеседі. Осының арқасында тұтас тұлға ретіндегі өндіріс дамуының ішкі байланысы, бағыты мен қарқыны адамдардың іс-әрекетін бағындыратын «дүлей заң» түрінде көрінбейді, қайта, мұның керісінше, «адамдардың коллективтік ақыл-парасатымен танылуы және осыған орай соның әмірінде болуы себепті өндіріс процесін солардың жалпы бақылауына бағындыратын заң ретінде» көрінеді (К. Маркс. Капитал, III том, 267-бет). Нақ осының өзі социалистік ұдайы өндіріс процесінің барлық жағын жоспарлайтын қоғамдық-экономикалық орталық болуын көздейді. Социализм тұсында осындай орталықтың қызметін социалистік мемлекет және оның органдары атқарып отырады.

Таптық-антагонистік формациялардағы стихиялылық дегеніміз экономикалық заңдар көрінісінің жалпылама формасы. Әлбетте, бұдан социализмге дейінгі өндіріс әдістері жеке кезеңде, белгілі дәрежеде экономиканың қайсыбір жақтарын саналы түрде реттеп отырудан мүлде аулақ болады екен деген ұғым тұмайды. Мысалы, капиталистік елдердің бірқатар кәсіпорнында жоспарлаудың ең жетік математикалық әдістері қолданылады. Кейбір шаруашылық жобалары мемлекет мүддесін көздей отырып жасалады. Солай бола тұрса да, жеке меншікке, осыған орай бәсекеге негізделген өндірістің жалпы стихиялылығы, анархиясы салдарынан экономикалық дамудың барысына жүйелі ықпал етуге бағытталған бұл элементтердің бәрі де едәуір дәрменсіз болып қалады. Капитализм тұсында экономикалық заңдардың талаптарын ескерудің өзі өткінші, тар шеңберлі, шенеулі, қайшылығы мол сипатта болады. Мұнда экономикалық заңдар халық шаруашылығы көлемінде де, қоғамдық мүдделер тұрғысынан да саналылықпен пайдаланыла алмайды.

Мұның керісінше, социализм тұсында қоғамдық өндірісті саналы түрде, жоспармен ретке салып отыру экономикалық заңдар талабын жүзеге асырудың жалпылама және қажетті түріне айналады. Ал егер бізде стихиялылықтың жеке элементтерін туғызатын кейбір жағдайлар әлі де жойылмай келе жатқан болса, бұдан өндіріс дамуына олардың теріс әсер етуін мүлдем жоюға социалистік қоғамның шамасы жетпейді екен деген ұғым әсте тұмайды.

Халық шаруашылығында стихиялылық элементтерді болдырмау ісінде экономикалық ғылым, қоғамдық өндірістің барлық жағынан дамуын талдау, жоспарлау және бақылау әдіс-амалдарын жетілдіру үлкен роль атқаруға тиіс. Субъективизмді жою, жеке адамдардың ырқымен мәселе шешудің орнына дәл есепті қолдану, эксперименттік тәртіп нәтижесінде алынған қорытындыларды тексеру, оған түзету, толықтыру енгізу, тек осыдан кейін ғана оларды, жергілікті ерекшеліктерді еске аластырып, кеңінен пайдалану — коммунистік құрылыс практикасында экономикалық заңдарды еске алудың міндетті шарттарының кейбіреулері міне осындай.

Өмірдің өзі көрсетіп отырғанындай, шаруашылыққа басшылық етудегі бюрократтық бұрмалаудың зардабын жойып қана қоймай, сонымен қатар мұндай бұрмалауды іс жүзінде мүлде болғызбайтын қоғамдық жағдай туғызу қажет. Бұған, атап айтқанда, экономиканы басқарудың демократиялық негіздерін одан әрі дамыта түсу, еңбекшілер арасында экономикалық білімді пәрменді насихаттау, танылған қажеттілікке сәйкес қоғамдық өндірістің барысына халық бұқарасының жүйелі ықпал жасауы арқылы жетуге болады.

Экономикалық қажеттілікті танып білу дегеніміз ең алдымен қоғамның шаруашылық тіршілігін билейтін заңдарды танып білу деген сөз.

Іс жүзінде барлық экономикалық заңдар бір-бірінен оқшау әрекет етпейді — қайта олар тұтас жүйеде бір-бірімен тығыз байланысты болып отырады. Бұл жүйеде мыналарды ажырата білу керек: барлық формацияда байқауға болатын жалпылама заңдар, мысалы, өндірістің катынастардың өндіргіш күштер сипатына сәйкестік заңы, тұтыну мөлшерінің арту заңы, ұдайы өндірістің басқа кезеңіне қарағанда өндірістің шешуші-анықтаушы ролі жөніндегі заң; барлық формацияда емес, бірқатар формация тұсында әрекет ететін жалпы заңдар, мысалы, күн заңы, дифференциялы рента заңы; белгілі бір формация көлемінде ғана өмір сүретін, тек бір өзіне тән қоғамдық байланыстарды білдіретін арнаулы заңдар.

Арнаулы заңдардың ішінде бүкіл формация бойына әрекет ететін заңдар (мысалы, капитализм тұсында қосымша күн заңы, коммунистік

формация тұсында негізгі экономикалық заң, жоспарлы даму заңы) және бір формацияның дамуындағы белгілі бір кезеңде ғана елеулі байланыстарды білдіретін заңдар болады. Осындай арнаулы кезеңдік экономикалық заңдар қатарына, айталық, коммунизмнің төменгі сатысында өнімді еңбекке қарай бөлу заңы жатады, ал коммунизмнің жоғары сатысында бұл заң өнімді әркімнің қажетіне қарай бөлу заңына орын береді.

Сонымен, формация атаулыдағы экономикалық заңдардың жүйесі жалпылама, жалпы және арнаулы заңдардың белгілі бір бірлігі болып саналады. Олардың өзара әрекетінің іштей біте қайнасқан байланыста болатыны сондай, мұнда жалпылама немесе жалпы заң дербес маңызын сақтай отырып, сонымен қатар белгілі бір өндіріс әдісінің өзгеше экономикалық жай-жағдайы арқылы ғана өзінің нақты формасында көрінеді.

Мысалы, адам тіршілігіне керекті материалдық заттарды ұдайы өндіріп отыру, яғни өндірістің қайталануы немесе жаңарып отыруы — барлық қоғамдық-экономикалық формация үшін заң болып саналады. Қоғамдық құрылыс түріне тәуелсіз өмір сүретін осы объективті қажеттілік, осы жалпылама экономикалық заң ұдайы өндірістің әрбір формацияға тән арнаулы заңдары арқылы ғана көрініп отырады. Мысалы, капиталистік қоғамда ол циклды даму заңы арқылы мейлінше қым-қиғаш формада әрекет етеді. Мұнда өндіріс тек құбылмалы күйде, үздік-создық дамиды — өрлеуден дағдарысқа, дағдарыстан өрлеуге қарай ауытқып отырады. Ал бұған қарама-қарсы, социалистік қоғамда ұдайы өндірістің жалпылама заңы өндірістің үздіксіз өсу заңы арқылы әрекет етеді.

Демек, жалпылама экономикалық заңдар арнаулы экономикалық заңдардан окшау әрекет жасамайды, өз алдына, белгілі бір формацияның нақты жағдайынан тысқары өмір сүрмейді, қайта осылардың айырғысыз бөлегі ретінде көрініп отырады.

Осы нақты жағдайлардан бөлек алып қараса бірнеше формация үшін ортақ заңдардың әрекетін түсіну қиын болмақ. Мысалы, өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің басым өсу заңы социалистік шаруашылық дамуындағы өзге заңдардың ықпал етуі арқылы анархиялық түрде емес, жоспарлы түрде жүзеге асады — мұның өзі қоғамдық еңбек өнімділігінің үздіксіз өсуінен, сонымен қатар жұрттың еңбекпен неғұрлым көп шұғылдануынан, халықтың әл-ауқатының үздіксіз артуынан көрінеді. Капитализм тұсында өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің басым өсуі капиталдың органикалық құрамының артуы түрінде көрінеді, оның бер жағында қоғамдық өндірістің бірінші және екінші бөлімшелері арасындағы антагонистік қайшылықтар қатты шиеленісіп кетеді, өйткені өндіргіш күштердің прогреске жетуі халық тұтынуының тиісті дәрежеде өсуіне себепкер бола алмайды.

Белгілі бір өндіріс әдісіне тән экономикалық заңдар жүйесінде негізгі заң шешуші орын алады. Оның шешуші ықпал етуімен жалпылама, жалпы және арнаулы экономикалық заңдар бір-біріне әсер етеді, сонымен қатар нақ арнаулы заңдар арасында байланыс жасалады. Әрине, мұның өзі түрлі экономикалық заңдардың тікелей өзара әрекетін жоққа шығармайды. Мысалы, еңбек өнімділігінің ұдайы өсу заңы мен өнімді еңбекке қарай бөлу заңы арасындағы өзара байланыс ең алдымен олардың социализмнің негізгі экономикалық заңымен байланыстылығынан туған. Мұнымен бірге өнімді еңбекке қарай бөлу заңы еңбек өнімділігінің ұдайы өсу заңымен тікелей байланысты — еңбекке қарай ақы төлеу принципі неғұрлым толық және дұрыс жүзеге асырылса, оның өнімділігі де соғұрлым тез артып отырады.

Заңдардың осындай өзара байланысы болып отыратын себебі — белгілі бір формациядағы өндірістік қатынастар жиынтығы біртұтас, дербес әлеуметтік организм болып табылады; ал негізгі заң өндірістік қа-

тынастар жүйесіндегі басты мәселені, оның негізгі өндірістік қатынасын білдіреді.

Социализмнің өндірістік қатынастарындағы басты мәселе — өндіріс құрал-жабдықтарына қоғамдық меншіктің болуы; ол бүкіл социалистік экономиканы түгел біріктіріп, барлық қоғамдық байланыстың ең мықты негізі болады. Міне сондықтан да, біздің ойымызша, бүкіл коммунистік формацияның негізгі өндірістік қатынасы қоғам (өндірістің иесі) мен еңбекшілер арасындағы қатынас болып саналады. Мұнда біз өндіріс жағдайы иелерінің өндіріс қызметкерлеріне қатынасы бүкіл қоғамдық құрылыстың өте терең, құнды негізін ашып береді деген К. Маркстің белгілі қағидасын басшылыққа алып отырмыз.

Біздің қоғамның бүкіл экономикалық құрылымының арқауы болып отырған негізгі өндірістік қатынас қоғамдық прогресс пен жеке адамның прогресі жағдайларының үйлесімді ұштасып отыруын қамтамасыз етеді, социалистік өндірістік қатынастардың тең праволы, қанаудан азат етілген еңбекшілердің жолдастық ынтымағы, өзара жәрдемі қатынастары ретіндегі сипатын анықтайды. Ол қоғамдық және жеке мүдделердің бірлігінен айқын көрінеді, әрине, мұның өзі бұлардың арасындағы антагонистік емес қайшылықтардың болатынын жоққа шығармайды, бірақ түбірлі, басты мәселеде, жеке мүдделердің қоғамдық мүдделерге бағынуында антагонистік емес жаңағы қайшылықтардың үйлесіп отыруын көздейді.

Бұдан басқаша болуы мүмкін де емес, өйткені жолдастық ынтымақ пен өзара жәрдем орнамайынша, барша жұрттың әл-ауқатына әркім және әркімнің әл-ауқатына барша жұрт қамқорлық етпейінше қоғамдық байлықтың молаюы үшін де, еңбекшілердің жеке басының әл-ауқатын кетеру үшін де тұрақты қолайлы жағдай жасалуы қамтамасыз етілмейді. Демек, егер социалистік шаруашылықты жүргізу практикасында субъективтік сарындағы түрлі қателіктер еңбекке деген материалдық және моральдық ынталылықты төмендететін болса, белгілі бір кезеңде бүтіндей халық шаруашылығы үшін неғұрлым қажетті өнімдерді шығарудың орнына кәсіпорындарды теріске бағдарлайтын болса, мұның өзі қоғамдық прогресс қарқынына нашар әсер етеді.

Сонымен, қоғамдық және жеке адам прогресінің жай-жағдайы бір-бірімен неғұрлым тығыз, толық байланысты болса, экономика соғұрлым мінсіз өркендейді, әрбір еңбеккердің материалдық әл-ауқаты мен мәдениеті соғұрлым тез артады.

Негізгі өндірістік қатынас ең алдымен социализмнің негізгі экономикалық заңынан көрініп отырады. Жұртқа мәлім, оның мәні қоғамдық өндірісті үздіксіз өркендетіп, жетілдіру арқылы қоғамның ұдайы өсіп отыратын материалдық және рухани керектерін барған сайын толық қанағаттандыруда, қоғамның барлық мүшесінің еркін әрі жан-жақты жетілуін қамтамасыз етуде. Негізгі экономикалық заңның экономикалық өмірге жасайтын шешуші ықпалы, атап айтқанда, оның халық шаруашылығы пропорцияларының оптималды, дұрыс өлшемін тандап алуға себепкер болуында. Бұл өлшемдердің ішіндегі бастысы — үздіксіз қоғамдық прогрестің — материалдық, әлеуметтік және рухани прогрестің аса маңызды алғышарты ретіндегі ұлттық табыстың ұлғаюы. Социализмнің негізгі экономикалық заңы мәнінен келіп шығатын осы объективтік өлшемді социализм тұсындағы өндіріс процестерін, айырбасты, бөлісті және тұтынуды реттеп, үйлестіріп отыратын басқа да экономикалық заңдардың бәрін саналы түрде қолдану ісінде басшылыққа алудың маңызы бар.

Айталық, еңбекке қарай бөлу заңын алыңыз. Ол қоғамдық байлықты жасауға қызметкердің қосқан жеке еңбек үлесін бағалауда қателікке жол бермегенде ғана дұрыс есепке алынуы мүмкін. Социализмнің не-

гізгі экономикалық заңына сәйкес ұлттық табыс үнемі өсіп отыруға тиіс. Еңбекке қарай ақы төлеу де жеке еңбекшілердің ұлттық табысты жасауға қосқан үлесіне айналудан басқа ешнәрсе болуы мүмкін емес. Сондықтан социалистік бөліс заңының өзгеше формадағы көрінісі ретінде, сондай-ақ бүтіндей кәсіпорындар қызметін бағалау ретінде еңбекке ақы төлеудің және сыйлық берудің сан алуан коллективтік түрлері де ұлттық табысты жасауға белгілі бір коллективтердің қатысуын дұрыс білдіретін болса ғана, тиімді пайдаланылмақ. КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумында біздің елдің әлеуметтік-экономикалық зор артықшылықтары тиімді пайдаланылуға тиіс екені, ол артықшылықтар ұлттық табысты молайтудың қажетті қарқынын, негізгі өндірістік қордың әрбір сомына шығарылатын өнім мөлшерін ұлғайтуды, еңбек өнімділігінің үздіксіз арттырылуын қамтамасыз етуге тиіс екені атап көрсетілді. Мұның өзі түсінікті де, өйткені ұлттық табыс неғұрлым мол болса, өндірісті дамытуға және халықтың әл-ауқатын арттыруға жұмсалатын қаржы да соғұрлым көп болады.

Бұдан әрі мына жағдайды ескеру керек: негізгі өндірістік қатынас басқа қоғамдық-өндірістік байланыстың бәріне дәнекер болады, бірақ ол бұларды әсте түгел адақтап, қамти алмайды. Негізгі өндірістік қатынаспен тығыз байланыста және соның негізінде бүкіл қоғам мен социалистік кәсіпорындар арасындағы, мемлекет пен колхоз секторы арасындағы, социалистік кәсіпорындардың өздері арасындағы, социалистік кәсіпорын коллективі мен оның жеке қызметкерлері арасындағы қатынастар, мемлекеттік кәсіпорындар және колхоздар ішіндегі қоғамдық-еңбек байланыстары (кооперация және еңбек бөлінісі) қалыптасады.

Шынтуайтқа келгенде, осы қатынастардың алуан түрлерінен негізгі қатынас көрінеді. Бүкіл социалистік өндірістің мақсаты мен біздің экономикамыздың негізгі шаруашылық ұялары ретіндегі социалистік кәсіпорындардың мақсаты әбден үйлеседі. Бірақ фабрикалар мен заводтардың белгілі экономикалық дербестігіне байланысты бұл үйлесімділікпен мүлде барабар деген ұғым тұмайды. Сондықтан шаруашылық практикасында түрлі шаралардың мәнділігін және өндірістің тиімділігін арттыру жөніндегі кәсіпорындардың бағдарын көрсететін өлшем тікелей ұлттық табыс емес, пайда, ал пайданың мөлшері көп ретте қоғамның таза табысына еңбекшілер коллективінің қосқан үлесі қандай екенін көрсетеді. Өзіндік күнге қарағанда пайда кәсіпорындардың шаруашылық қызметінің нәтижесін неғұрлым толық сейнелейді. Оның бер жағында, КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумында көрсетілгеніндей, пайданың мөлшері мен өсімін ғана есептеу жеткіліксіз, мұнымен қатар рентабельділіктің дәрежесін есептеудің, яғни өндірістік қордың әрбір сомына қанша табыс алынғанын білудің де маңызы зор.

Пайда көрсеткішінің аса зор маңызы бар екенін мойындай отырып, оның туынды, бағынышты маңызын да ұмытуға болмайды, өйткені жеке кәсіпорындардың пайда шегі түптеп келгенде жаңадан жасалған құнның жалпы мөлшерімен анықталады, ал бұл құн ұлттық табысқа қосылады да, кейіннен түрлі арналар арқылы тұтыну және жинау қорларына бөлінеді.

Міне сондықтан экономикаға басшылық етуде пайданың ролін арттыру жөніндегі КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы белгілеген шаралар оны бөлудің практикасын (кәсіпорынның қарамағында қалатын табыстың үлесін көбейту) өзгертуді ғана гездеп қоймайды, мұнымен қатар көтерме бағаларды қоғамдық қажетті еңбектің жұмсалу дәрежесіне жақындату бағытында қайта қарау шарасын қолдануды да көздейді. Сонымен, пайданы өндірісті реттеп отырудың тиімді құралы ретінде пайдалану ісі ұлттық табысты жасауға жеке коллективтердің

қатысуын дұрыс бейнелеуді, бүкіл қоғамға пайдалы болған нәрсенің әрбір кәсіпорынға да пайдалы болуын талап етеді.

Социализмнің негізгі өндірістік қатынасы басқа қоғамдық-өндірістік байланыстың бәрін түгел қамти алмайды, сондай-ақ социалистік қоғамның коммунизмге қарай ілгері дамуындағы басты бағытын белгілейтін негізгі экономикалық заң басқа экономикалық заңдардың орнын баса алмайды. Егер ол социалистік өндіріс әдісінің объективтік мақсатын білдіретін болса, онда халық шаруашылығының жоспарлы даму заңы өндіріс құрал-жабдықтарына социалистік меншік жағдайында осы мақсат жүзеге асатын әдістің қандай екенін ыспаттайды, сол мақсатқа жету үшін пайдаланылатын құралдар қалай жұмыс істейтінін көрсетіп береді. Біздің пікірімізше, аталған екі заң өзара байланыстырылып, социалистік өндірісті реттегіш деп қаралуға тиіс. Шаруашылыққа ғылыми дәлелденген негізде басшылық ету ісі әрбір арнаулы заңның талаптарын ескеріп отыруды, оны социализмнің негізгі экономикалық заңымен де, халық шаруашылығының жоспарлы даму заңымен де тығыз байланыстыра ескеруді көздейді.

Мысалы, еңбекшілердің алуан түрлі керектерін барынша қанағаттандыру міндеті неғұрлым толық ескерілсе, социалистік қор жинау заңы соғұрлым тиімді пайдаланылып отырады. Бірақ күрделі қаржыны салалар мен елдің аудандары бойынша дұрыс бөлу үшін тек мұны түсініп қана қою жеткіліксіз болады. Ол үшін халық шаруашылығының жоспарлы даму заңының талаптарын да, соның ішінде келешектегі қоғамдық сұраныстың пропорциясын да ескеру қажет.

* * *

Экономикалық заңдардың өзара әрекетін, қатынасын талдаған кезде мынаны ескеру қажет: қатынастардың дамуына қарай заңдардың өздері де, олардың өзара байланыстары да өзгеріп отырады.

Мысалы, социалистік құрылыстың барысында материалдық игіліктерді бөлуді басқаратын заңдардың түрі өзгереді. Бір жағынан, жалпы тұтыну қорында қоғамдық қорлардың үлесі бірте-бірте көбейеді, ал, екінші жағынан, еңбекке қарай ақы төлеудің пропорцияларында, оның дәрежесінде, жалпы түрінде ілгері қарай елеулі қадам жасалады. Барлық еңбекшінің мәдени-техникалық дәрежесінің артуына байланысты және комплексті механикаландырудың өрістеуіне қарай қызметкерлерге ақы төлеу ісіндегі ала-құлалық азаяды; шаруашылық есеп қатынастарының нығаюымен байланысты жеке кесімді ақы төлеумен қатар коллективтік көтермелеу әдісі кеңінен қолданылатын болады; автоматтандырудың дамуымен байланысты еңбекке ақы төлеудің мерзімді түрлерінің үлес салмағы артады; колхоздардың экономикасы өрге басуымен байланысты колхоздарда еңбекке ақы төлеу дәрежесі мен түрінің мемлекеттік кәсіпорындардағы ақы төлеумен жақындасуы үшін тиісті жағдай жасалады, т. т.

Әрине, практика үшін экономикалық заңдардың нақты көріністерінің құбылмалы екенін жалаң баяндаудың шешуші маңызы жоқ, ең маңыздысы өзгеріс туғызбай қоймайтын жағдайларды анықтау, халық шаруашылығы пропорцияларын оптималды ететін шараны табу. Бұл шараны бұзу елеулі сәйкессіздіктің тууына, жеке товарлардың тапшылығына, қызмет көрсетудің қиындауына, еңбек нәтижесіне қызметкерлерді материалдық жағынан ынталандыру принципінің бұзылуына, қала мен деревня арасында, сала мен елдің аудандары арасында жұмысшы күшін халық шаруашылығы мүддесі тұрғысынан алғанда тиімсіз ауыстыруға әкеліп соқтыруы ықтимал.

Экономикалық заңдардың тіпті бір формация шеңберіндегі құбылмалылығын атай отырып, жалпылама, жалпы және арнаулы экономика-

лық заңдардың өзара байланысының өзгеруіндегі ерекшелікті ескеріп отыру керек болады. Мысалы, жаңа формацияның қалыптасу, прогрестік даму кезеңінде жалпылама экономикалық заңдар, әдетте, арнаулы заңдармен бір бағытта әрекет етеді, кейіннен бір жерден шықпай, үйлеспей қалуы былай тұрсын, қайта тіпті арнаулы заңдардың әрекетіне қарама-қарсы әрекет ете алады. Мұның өзі социализмге дейінгі формацияларда белгілі бір өндіріс әдісінің арнаулы қатынастары өндіріс дамуындағы жалпы қажеттілікке қайшы келген сайын неғұрлым айқын көрінеді.

Социализмнің ерекшелігі мынада: мұнда жалпылама және арнаулы экономикалық заңдар коммунистік формация дамуының өн бойында бір бағытта әрекет етеді, өйткені бұл формацияның арнаулы экономикалық қатынастары жалпылама экономикалық заңдардың әрекет етуі үшін қажетті өріс ашады және қоғамдық прогреске жету (жалпылама экономикалық заңдардың талаптарына сәйкес) қоғамның әрбір мүшесінің төл мүддесі болып саналады.

Жалпы және арнаулы экономикалық заңдардың өзара әрекетінің сипатына, атап айтқанда, арнаулы экономикалық заңдар бірқатар формация үшін ортақ заңдар әрекетінің көрініс түрі мен тетігін өзгертіп отыратынына назар аударудың да маңызы бар.

Мысалы, товарлы өндірістің жалпы заңы сияқты құн заңы да социализм тұсында жаңа белгілерге ие бола отырып, социализм тұсындағы товарлы өндірістің ерекшеліктерін бейнелей отырып, өмір сүре береді. Құн заңының әрекетіндегі осы жаңалықтың мәні ең алдымен мынада: ол қоғамдық өндірісті стихиялы түрде реттеуші құрал болудан қалады. Социализм тұсындағы товарлы өндірістің жай өндірістен және капиталистік товарлы өндірістен принциптік айырмашылығы бар, демек, жаңа жағдайда баға белгілеу де, айырбас та қоғамдық дамудың неғұрлым төменгі сатысына тән құбылыстардың қарапайым қайталануы бола алмайды. Қайталану бола алмайтын себебі — айырбас әдісін өндіріс әдісі белгілейді.

Социализм тұсындағы құн заңы өткен заманнан мұраға қалған жай сарқыншақ емес, социалистік қоғам үшін қайдағы бір жат нәрсе саналатын, неғұрлым тезірек құтылу қажет болатын экономикалық заң емес, қайта бұл социализмнің басқа экономикалық заңдарының ішінде маңызды орын алады. Тек соның көмегімен ғана, сол арқылы ғана социализмнің көптеген арнаулы заңдары азды-көпті толық жүзеге аса алады. Мысалы, құн заңын сұраныс пен ұсынысты жоспарлы түрде реттеп отыру үшін ойдағыдай пайдалануға болады; сол арқылы жұмсалған еңбектің саны мен сапасына ақы төлеу заңы іске асады; ол белгілі дәрежеде социалистік лагерь елдері арасында еңбек бөлінісін дамытуға жәрдемдеседі, т.т.

Немесе мысалға халық шаруашылығының жоспарлы даму заңын алайық. Социализм тұсында салалар арасындағы еңбекті сәйкестендіре бөлу сайып келгенде айырбас құнын көбейтуге ұмтылуға байланысты емес, қайта ол қоғам мүшелерінің нақты қажеттерін неғұрлым толық қанағаттандыруға байланысты, бұған бағаны, салықтарды, еңбекке ақы төлеу нормаларын, кредитті, тағы басқаларын жоспарлау жолымен қол жетеді, осы жоспарлау ісі өндірістің өсуіне, оның құрылымының жетілдірілуіне, қоғамдық еңбектің тиімді де үнемді пайдаланылуына әр кәсіпорынды және барлық еңбекшіні материалдық жағынан ынталандыратындай болуға тиіс. Мұнда құн есебін еңбек есебі элементтерімен сабақтастырып, ұштастыру орын алады, өйткені белгілі бір халық шаруашылығы пропорцияларының қалыптасуы кезінде құндық категорияларды пайдалану әлі де болса объективтік қажет болып отыр, бірақ сол пропорцияларды қоғамдық қажет пен жеке өнімдерді өндіруге жұмсалған еңбек

шығындарының салыстырмалы дәрежесін талдау негізінде қазірдің өзінде-ақ жоспарлауға болады және жоспарлау керек те.

Социализмнің негізгі экономикалық заңы, жоспарлы даму заңы, социалистік қор жинау заңы, еңбекке қарай ақы төлеу заңы, сұраныспен ұсыныс заңы және басқа заңдар талаптарының неғұрлым толық жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін біздің қоғам өндіріс шығындарының жай-күйін біліп отыруға, баға белгілеу практикасына экономикалық жағынан дәлелденген өзгерістерді дер кезінде енгізуге тиіс. Міне осыдан халық шаруашылығының есеп-қисабында екі сатылы топшылама көрсеткіштерді пайдаланудың объективтік қажеттігі келіп туады, оның бірі өнім өндіруге жұмсалған барлық жұмыс уақытын, ал екіншісі сол өнімнің айырбас құнын сипаттайды.

Мұның мәнісі социалистік қоғамда бағалар белгілібір товарларды өндіруге жұмсалған шығынға азды-көпті толық сәйкес келуге тиіс деген сез. Екінші жағынан, мұның өзі бағалардың қоғамдық өндіріс шығынынан әрбір ауытқуын социализмнің негізгі экономикалық заңының, халық шаруашылығының жоспарлы даму заңының талаптарын неғұрлым толық жүзеге асырудың қажетті шарты ретінде міндетті түрде дәлелдеп көрсетуді керек етеді.

Экономикалық заңдардың күллі күрделі өзара әрекеті біздің шаруашылық практикамызда, ең алдымен халық шаруашылығы жоспарларында ескеріліп отырады.

Өзінің бағытында өндіргіш күштердің қол жеткен дәрежесін, экономиканың жайын дұрыс бейнелейтін, жақсы жасалған жоспар сайып келгенде негізгі экономикалық заң талаптарын, оның өзге заңдармен байланыс-әрекетін бейнелейді. Мысалы, қоғамдық еңбек өнімділігінің үздіксіз өсу заңының әрекет етуімен байланысты жоспарда көбінесе қоғамдық өндірістің тиімділігін арттыру есебінен ұлттық табысты молайту көзделеді; өндіріс құрал-жабдықтары өндірісінің басым өсу заңына сәйкес I және II бөлімшелердің даму қарқындары, «А» мен «Б» топтары бойынша, сондай-ақ шаруашылықтың жеке салалары бойынша сараланып белгіленеді. Осы іспеттес тапсырмалар да социалистік қор жинау заңының талаптары негізінде жасалатын күрделі қаржы жұмсау жоспарымен байланыстырылып отырады. Оның бер жағында егер өндірістің өсу қарқыны көбінесе қор жинаудың жалпы мөлшері мен құрылымына байланысты болса, күрделі қаржының ресурстары да өндірістің көлемі мен құрылымына байланысты.

Негізгі экономикалық заңға сәйкес ұлттық табысты бөлу ісін жоспарлаған кезде еңбекшілердің әл-ауқатын үздіксіз арттырып отыру, сондай-ақ қор жинау, резервтер мен запастар жасауға қажетті қаржыны ұлғайту көзделеді, өйткені мұнсыз әл-ауқаттың үздіксіз өсуі мүмкін емес. Қоғамдық тұтыну қорының өсу заңының және жұмсалған еңбектің саны мен сапасына қарай ақы төлеу заңының талаптарына сәйкес жеке адамның тұтыну және қоғамдық тұтыну мөлшерін арттырудың нақты жолдары мен әдістері белгіленеді (жалақыны, сыйлық және коллективтік көтермелеу қорларын көбейту, бағаны кеміту, халыққа білім беруді, пенсиямен қамтамасыз етуді, медициналық, тұрмыстық, коммуналдық қызмет көрсетуді онан әрі жетілдіру, т. т.).

Тұтыну үшін бөлінетін материалдық қордың көлемі мен құрылымы жөнінде қатаң келісіп алмайынша, бөлінетін товар қорын толық өткізуге неғұрлым жақсы көмектесе алатындай, ол үшін жеке бұйымдардың құны кемуін, қоғамдық сұраныстың өзгерісін есепке алатындай баға саясаты мен сату шарттарын қолданбайынша бұл шараларды жүзеге асыру мүмкін емес. Сол сияқты айналымдағы ақшаның жалпы мөлшерін еске алу да маңызды, оны тиісінше реттеп отыру керек болады.

Мемлекеттік жоспарлар, әсіресе таяудағы болашаққа арналып жасалатын жоспарлар, социализмнің экономикалық заңдарының өзара

күрделі әрекеті негізінен дұрыс табылған күнде де, жоспарлардың барлық бөлімдері, тараулары бойынша күллі элементтің тиісті байланысын ығи толық қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан қалыптасқан пропорцияларды қажет болған жағдайда жетілдіріп, түзетіп отыру үшін күнделікті тынбай жұмыс істеу керек болады. Бұл үшін қоғамдық ұдайы өндірістің барлық саласы мен кезеңдерін — өндірісті, айырбасты, бөлісті, тұтынуды — қамтитын жана пропорциялардың қалыптасуына материалдық алғышарттар жасау керек.

Нақты пропорцияларды таңдау кезінде, жеке шараларды жүзеге асырудың қарқынын белгілегенде халық шаруашылығының даму заңы неғұрлым толық ескерілсе, ұтымды варианты таңдауда әрбір проблеманы шешудегі түрліше мүмкіндіктер салыстырылып қаралғанда жұмыс уақытын үнемдеу заңы неғұрлым толық ескерілсе, бүкіл халық шаруашылығы жоспары социализмнің негізгі және басқа экономикалық заңдарына неғұрлым толық сай келсе, ең соңында, өндірістің барлық учаскесінде еңбекшілер қызметті неғұрлым жігерлі, білгірлікпен атқарса, жоспарлы міндеттердің орындалу мерзімі де соғұрлым қысқара түседі. КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының шешімдерінде белгіленгеніндей, ғылыми негізделген жоспарларды сөзсіз орындап отырудың сенімді кепілі — еңбекшілер коллективтері мен жеке қызметкерлерді материалдық және моральдық жағынан көтермелеуді күшейту, өндірісті басқаруға оларды барынша кеңінен қатыстыру, социалистік шаруашылықты өркендету қорытындысы мен болашағына адамдарды жауапкершілік сезімде тәрбиелеу болмақ.

Сонымен, қоғамдық өндіріс дамуының объективтік заңдарын саналылықпен пайдалану тек сол заңдардың мәнін танып-біліп қоюды ғана, жеке заңдардың алатын орнын, олардың тұтас жүйе құрайтын шытырман қарым-қатынасын анықтауды ғана көздемейді, ол сонымен бірге экономикалық заңдардың өзара әрекет ету тетігін анықтауды да көздейді, өйткені бұл ретте осы заңдардың әрқайсысының талаптарын жүзеге асыру жеңілдейді, оңайланады немесе нақты әлеуметтік экономикалық жағдайлар арқылы шектеледі. Практикалық қызметте социализмнің экономикалық заңдарының ықпалы неғұрлым жақсы, толық ескерілсе, бүкіл қоғамдық өндіріс шығынды аз жұмсай отырып, коммунизмге қарай неғұрлым жылдам дамитын болады.

ӘДЕБИЕТТІҢ ҚЫСҚАША ТІЗІМІ

- К. Маркс. Капитал, I том, (К. Маркс, Ф. Энгельс. Шығармалар, 23-том, 5-11 бет).
 Ф. Энгельс. Анти-Дюринг. (К. Маркс пен Ф. Энгельс. Шығармалар, 20-том, 278—295-беттер).
 К. Маркс пен Ф. Энгельс. Таңдамалы хаттар. 208—209, 422—431-беттер.
 В. И. Ленин. Социализмді тағы бір жоюшылық. (Шығармалар, 20-том, 180—182 беттер).
 В. И. Ленин. Философиялық дәптерлер (29-том, 136—137-беттер).
 КПСС Орталық Комитеті март (1965 жыл) Пленумының материалдары.
 КПСС Орталық Комитеті сентябрь (1965 жыл) Пленумының материалдары.
 В. Немчинов. Халық шаруашылығын жоспарлауды және басқаруды оған әрі жетілдіру жөнінде. «Экономика» баспасы, 1965.
 А. М. Румянцев. Коммунистік формацияның экономикалық заңдарының әрекеті және оны пайдалану туралы. «Вопросы экономики» журналы, № 9, 1965.

«Политическое самообразование»
 журналы, № 11, 1965 ж.

Социализм елдері экономикасының үздіксіз өсуі

Социалистік мемлекеттердің табыстары мен даму артықшылығының жиынтық бейнесі—капитализм елдерімен салыстырғанда өнеркәсіп өндірісінің өте жоғары қарқыны. 1964 жылы социалистік елдер өнеркәсібінің өнімі соғысқа дейінгі дәрежеден шамамен 9,2 есе асып түсті, оның ішінде Албания—32,6 есе; Болгария—18,5; Венгрия—5,8; Герман Демократиялық Республикасы—4,1; Вьетнам Демократиялық Республикасы—8,6; Корей Халық-Демократиялық Республикасы—12,8; Монғол Халық Республикасы—11,5; Польша—9,7; Румыния—8,5; СССР—7,3; Чехословакия—4,8; Югославия—6,9 есе. Қытай Халық Республикасында өнеркәсіп өндірісі 1959 жылдың өзінде-ақ 1949 жылғы дәрежеден 13 есе асып кеткен болатын, ал 1964 жылы 1963 жылғы дәрежеден 15 процент артты. Куба Республикасының өнеркәсіп өндірісі 1964 жылы 1958 жылғы дәрежеден 1,4 есе асып түсті.

Ал 1964 жылы дүние жүзінің басқа елдерінде өнеркәсіп өндірісі соғысқа дейінгі дәрежеден шамамен 3,2 есе ғана асты. 1951—1964 жылдар ішінде өнеркәсіп өндірісінің орта есеппен алғандағы өсу қарқыны социализм елдерінде 11,7 процентке жуық, ал қалған елдерде 5,5 процент болды. Үстіміздегі жылы социалистік елдердің халық шаруашылығының өсу қарқыны бұдан анағұрлым көп.

Экономикалық өсудің өте жоғары қарқыны нәтижесінде социализм елдерінің дүние жүзілік өндірістегі үлесі үздіксіз артып келеді. 1964 жылы олардың үлесіне дүние жүзілік өнеркәсіп өндірісінің шамамен 38 проценті тиді, ал 1950 жылы ол 20 процент шамасындай болған еді. Мұның үстіне социализм елдерінде жер шарындағы халықтың шамамен 35 проценті тұратынын еске алсақ, онда өзінің жастығына қарамай дүние жүзілік социалистік система қоғамдық өндірістің жан басына шаққандағы неғұрлым жоғары дәрежесіне қазірдің өзінде-ақ жетіп отырғандығы айқын болады.

Дамыған жеке капиталистік елдер әзірше өндіріс дәрежесі жағынан социализм елдерінен алда. Алайда социалистік елдер экономикасы өрлеуінің өте жоғары қарқыны бұл артықшылықты барған сайын кемітіп келеді, ал таяу болашақта оның жойылатыны хақ. Бұған СССР-дің, Чехословакияның және Герман Демократиялық Республикасының тарихи тәжірибесі айқын дәлел.

Совет Одағы дүние жүзінде өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі жөнінен екінші орын (АҚШ-тан кейін) алады; өнеркәсіп өнімінің негізгі түрлерін жан басына өндіру жөнінен ол АҚШ-ты өкшелеп келеді. Ал электровоз, тепловоз, астық комбайны, темір рудасы, жүннен тоқылған мата, қант сияқты өнім түрлеріне келсек, олардың жан басына шаққандағы өнімі СССР-де АҚШ-тағыдан жоғары.

Чехословакия өнеркәсіп өнімінің қайсыбір аса маңызды түрлерін жан басына өндіру жөнінен неғұрлым дамыған капиталистік елдерді қуып жетті немесе басып озды.

Герман Демократиялық Республикасы өнеркәсіп өндірісінің жалпы көлемі жөнінен дүние жүзінде алдыңғы орындардың бірінде. Электр қуатын өндіру жөнінен Герман Демократиялық Республикасы Германия Федеративтік Республикасынан, Франциядан, Италиядан алда келеді.

Социалистік елдердің экономикалық дамуының жоғары қарқыны, буржуазия идеологтары айтып жүргеніндей, кездейсоқ, уақытша нәрсе емес. Мұның өзі жаңа қоғамдық құрылыстың, шаруашылықтың дүние жүзілік социалистік системасының объективтік заңдылықтарына тікелей байланысты.

Мұндай заңдылықтардың бірі — **социалистік экономиканың жоспарлылығы**, ол экономиканы дағдарыстардан, материалдық және еңбек ресурстарын орынсыз талан-таражға салудан, капиталистік шаруашылықтың басқа да кеселдерінен сақтайды.

Қазіргі кезеңде социалистік елдер шаруашылығының жоспарлылығы ұлттық жоспарлаудан да, сондай-ақ Экономикалық Өзара көмек Советінің шеңберінде ұлттық шаруашылық жоспарларды үйлестіруден де көрінеді. Тап күресінің барысында жұмысшы табы міндетті түрде «шаруашылықтың қоғамдық формаларын ұлттық және интернационалдық тұрғыда тиімді үйлестіретін болады» деп К. Маркстің кеменгерлікпен болжап айтқаны дәл келді (К. Маркс, Ф. Энгельс. Шығармалар, 17-том, 553-бет).

Шаруашылық құрылысты ұлттық және мемлекет аралық тұрғыда үйлестіру, халық бұқарасының халық шаруашылығын басқаруға кенінен қатысуы әрбір елдің табиғи байлықтарын, еңбек ресурстары мен экономикалық мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға, социалистік елдердің өз ішінде де, сондай-ақ бүкіл система көлемінде де халық шаруашылығы пропорцияларын үздіксіз жетілдіруге, өндірістің техникалық дәрежесін және қоғамдық еңбектің өнімділігін шапшаң арттыруға қолайлы жағдайлар туғызады.

Алайда **жоспарлы шаруашылықтың артықшылығы** тек жоғары қарқынға мүмкіншілік туғызатындығында. Ал оны іс жүзіне асыру үшін дұрыс экономикалық саясат, үлкен ұйымдастыру жұмысы, социалистік шаруашылықты жүргізу мен материалдық көтермелеудің лениндік принциптерін бұлжытпай сақтау, жоспарлау мен халық шаруашылығын басқарудың түрлері мен әдістерін үнемі жетілдіріп отыру керек.

Социалистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары осы мәселелерге зор көңіл бөліп келеді. КПСС Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы өнеркәсіпті басқаруды жақсартудың, жоспарлауды жетілдірудің және СССР-де өнеркәсіп өндірісін экономикалық жағынан көтермелеуді күшейтудің кең программасын қабылдады. Сол сияқты халық шаруашылығын жоспарлауды және басқаруды жетілдіру жөніндегі шаралар Болгарияда, Венгрияда, Герман Демократиялық Республикасында, Чехословакияда, Югославияда және басқа социалистік елдерде жүзеге асырылды немесе жүзеге асырылып жатыр.

Біздің елімізде, сондай-ақ туысқан елдерде социалистік шаруашылықты жүргізудің жаңа әдістеріне көшу халықаралық социалистік еңбек бөлінісін ұлғайтуға, халық шаруашылық жоспарларын өзара үйлестіруге, социалистік экономиканы шапшаң өрге бастыруға алғышарттар жасайды.

Коммунистік және жұмысшы партиялары халық шаруашылығын жоспарлауды және басқаруды жетілдіруді өндірістің тиімділігін арттырудың кілті, бүкіл қоғамның мүдделерін кәсіпорындардың және жеке алғанда әрбір қоғам мүшесінің мүдделерімен ұштастырудың жолы, социалистік экономиканың жоғары өсу қарқынын сақтау және оның сапалық көрсеткіштерін үздіксіз жақсарту жолы деп біледі.

МАТЕРИАЛДЫҚ-ТЕХНИКАЛЫҚ БАЗАНЫ ЖЕТІЛДІРУ

Социалистік елдердің экономикалық жағынан алға басуының маңызды қайнар көзінің бірі — олардың материалдық-техникалық базасын үздіксіз нығайта беру.

Дүние жүзілік социалистік система елдерінің тарихи тәжірибесі жаңа қоғамның материалдық-техникалық базасын жасаудың және нығайтудың екі жолын көрсетіп берді. Капитализм тұсында-ақ индустрияландыруды негізінен аяқтаған елдерде (Чехословакия, Герман Демократиялық Республикасы) бұл құбылыс өндіргіш күштерді социалистік жолмен қайта құруға және бұларды онан әрі өркендете беруге байланысты болды. Әсіресе экономикасы нашар немесе орташа дамыған елдердің алдында жаңа қоғамның материалдық-техникалық базасын жасау жөнінде күрделі міндеттер тұрды. Бұларды шешудің басты құралы социалистік индустрияландыру болды. Оның барысында іс жүзінде жаңадан осы заманғы өнеркәсіп пен транспорт құрылды. Қоғамдық өндіріс салаларының арасалмағы түбірінен өзгерді. Біркыдыру жаңа өндірістер комплексі өнеркәсіпті және шаруашылықтың басқа да салаларын өндіріс құрал-жабдықтарымен, оның ішінде осы заманғы еңбек құралдарымен, еңбек заттарымен қамтамасыз етті. Экономикалық саясаттың мәні міне осында, оны жүзеге асыруға коммунистік және жұмысшы партияларының, осы елдердегі барлық еңбекшілердің күш-жігері жұмсалған болатын.

Халық шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру және социалистік индустрияландыру жылдарында социализм елдерінде еңбек құрал-жабдықтарын шығару көлемі ұлғайды.

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨЗАРА КӨМЕК СОВЕТІНЕ КІРЕТІН ЕЛДЕРДЕ АУЫР ӨНЕРКӘСІП ӨНІМІНІҢ АСА МАҢЫЗДЫ ТҮРЛЕРІН ӨНДІРУДІҢ ӨСУІ

	Соғысқа дейінгі дәреже	1950 жыл	1964 жыл	1964 жылғы өсім	
				Соғысқа дейінгі дәрежемен салыстырғанда	1950 жылмен салыстырғанда
Электр қуаты (миллиард киловатт-сағат)	60,7	135,3	616,2	10,2 есе	4,6 есе
Болат (млн. тонна)	23,7	35,8	112,2	4,7 »	3,1 »
Көмір (млн. тонна таскөмірге шаққанда)	229,9	406,1	822,6	3,6 »	2,0 »
Мұнай (млн. тонна)	35,4	43,8	239,2	6,8 »	5,5 »
Цемент (млн. тонна)	10,8	18,6	94,7	8,8 »	5,1 »

Социализмнің барлық елдерінде электр қуатын өндіру жедел артып келеді. Соның арқасында социализм елдерінің халық шаруашылығын электрлендіру дәрежесі едәуір артты.

Социализм елдерінің металлургия өнеркәсібі де шапшаң дамуда.

1965 жылы СССР-де 91 миллион болат балкытылғалы отыр, ал 1940 жылы 18,3 миллион тонна болып еді. СССР-де өндірілген болат Англияны, Францияны және Германия Федеративтік Республикасын қосып есептегендегіден артық. Венгрияда 1964 жылы 2,4 миллион тонна болат өндірілді, ал соғысқа дейінгі дәуірде 0,6 миллион тонна болып еді.

Энергетиканың және металлургияның дамуымен қоса социализм мен коммунизмнің материалдық-техникалық базасын нығайтуда және жетілдіруде машина жасаудың ролі орасан зор.

Социализм елдеріндегі машина жасаудың өзіне тән ерекшелігі — өнім өндірудің жоғары қарқыны, соның нәтижесінде машина жасау көптеген социалистік мемлекеттердің жетекші саласына айналды.

Машина жасау мен металл өңдеудің жалпы өнімі 1964 жылы 1950 жылмен салыстырғанда былайша өсті: Болгарияда — 14 есе, Венгрияда — 4,9; Герман Демократиялық Республикасында — 5,2; Польшада — 18,8; Румынияда — 11; СССР-де — шамамен 7; Чехословакияда — 5,7; Югославияда — 5,1 есе. Корей Халық-Демократиялық Республикасында ол 1963 жылы 1949 жылмен салыстырғанда 30 есе өсті.

Әрбір социалистік ел халықаралық социалистік еңбек бөлінісінің шеңберіндегі мамандандыруды есепке ала отырып, машина жасаудың белгілі бір саласын өркендетеді. Отандық машина жасау көптеген туысқан елдер қажетінің едәуір бөлегін өтеп қана қоймайды, сонымен бірге экспортқа өнім шығарады.

Социализм мен коммунизмнің материалдық-техникалық базасын нығайтуда химия өнеркәсібінің ролі жылма-жыл артып келеді.

1964 жылы химия өнімдерін өндіру 1950 жылғы дәрежеден мына мөлшерде артты: Болгарияда — 15,6 есе; Венгрияда — 7,8; Герман Демократиялық Республикасында — 3,9; Польшада — 8,4; Румынияда — 17; СССР-де — 6,9; Чехословакияда — 6,4; Югославияда — 8,5 есе. Корей Халық-Демократиялық Республикасында ол 1963 жылы 1949 жылғымен салыстырғанда 8,5 есе артты.

Анағұрлым күшті дамыған химия өнеркәсібі бар елдер — СССР, Герман Демократиялық Республикасы мен Чехословакия. Совет Одағы химия өндірісінің көлемі жағынан дүние жүзінде екінші орын, Европада бірінші орын алады.

Социалистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары мен үкіметтері көпшілік тұтынатын бұйымдарды өндіретін салалардың жоғары өсу қарқынын қамтамасыз етуге, еңбекшілердің тұрмыс күйін жақсартуға баса көңіл бөліп отыр.

Туысқан елдердің ауыл шаруашылығы жылма-жыл техникамен жақсы жабдықталып келеді.

Ауыл шаруашылығын қайта құру және оның материалдық-техникалық базасын нығайту экономиканың осы маңызды саласының белгілі дәрежеде өсуіне жағдай жасады.

1964 жылы социалистік елдердің бәрінде дерлік ауыл шаруашылық өндірісі 1963 жылғы дәрежеден асты. Атап айтқанда, ауыл шаруашылығының жалпы өнімі былайша өсті: Болгарияда 8,6 процент; Вьетнам Демократиялық Республикасында — 6,7; Герман Демократиялық Республикасында (товарлы өнім) — 8; Куба Республикасында — 5; Польшада — 0,7 (товарлы өнім — 4,9); Югославияда — 5 проценттен астам. Венгрияда дәнді дақылдар өнімі 1963 жылғы дәрежеден 34 процент артты.

Алайда социалистік елдердің көпшілігінде ауыл шаруашылық өндірісінің дәрежесі мен қарқыны әлі де олардың азық-түлік жөніндегі, өнеркәсіптің ауыл шаруашылық шикізаты жөніндегі қажеттеріне сай келмейді.

Социализм елдерінде материалдық өндірістің осы маңызды саласын өрге бастыруды қамтамасыз ететін шаралар жүзеге асырылуда. Олардың бастылары ауыл шаруашылығының материалдық-техникалық базасын жетілдіру, механикаландыруды, әсіресе химияландыруды кеңейте беру арқылы оны интенсификацияға түсу болып табылады.

Социалистік елдер халық шаруашылығының салалық құрылымы жетілдіріле түсуде. Барлық елдерде өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы-

ның жиынтық өнімінде, сондай-ақ жалпы өнеркәсіп өндірісіндегі өндіріс құралдарында («А» тобы) өнеркәсіптің үлес салмағы едәуір артты.

Өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының жалпы өніміндегі өнеркәсіптің үлесі дүние жүзілік социалистік система елдерінің көпшілігінде соғысқа дейінгі дәуірмен салыстырғанда 2 еседен астам, ал Вьетнам Демократиялық Республикасы сияқты елдерде — 4 есе, Албанияда—6 есе өсті. Көптеген туысқан елдердің өнеркәсібі ұлттық табыстың жартысына жуығын береді.

Сол сияқты өнеркәсіптің жалпы өнімінде «А» тобының үлесі артты.

Мәселен, Монғолия мен Болгарияда ол соғысқа дейінгі мерзіммен салыстырғанда 2 еседен аса, Венгрияда—1,5 есе, Румынияда 45 процент, Польшада шамамен 30 процент өсті. Қазіргі уақытта «А» тобының үлес салмағы социалистік он елде 50 проценттен асады.

Сонымен қоса осы заманғы өнеркәсіптің неғұрлым прогрестік салаларының, ең алдымен машина жасаудың, химияның, энергетиканың үлес салмағының артуы есебінен өнеркәсіп өндірісінің құрылымында елеулі өзгерістер болды.

СССР-дің жалпы өнеркәсіп өндірісінде электроэнергетиканың, машина жасау мен металл өңдеудің және химия өнеркәсібінің үлесі жеті жылдық ішінде 27-ден 35 процентке дейін өсті. Қорей Халық-Демократиялық Республикасының өнеркәсіп өндірісінде машина жасаудың үлесі 1950 жылғы 8,1 проценттен 1962 жылы 23 процентке дейін артты.

Социалистік елдерде ғылыми-техникалық прогрестің талаптарына сәйкес машина жасау құрылымында елеулі өзгеріс жасау бағыты айқындалып отыр. Энергетика, химия және мұнай өнеркәсібі үшін жабдықтар шығару жедел қарқынмен жүргізілуде, электроника, радиотехника, аспаптар жасау өркендетілуде.

Отандық машина жасауды өркендету және оның техникалық дәрежесін көтеру, машиналар мен жабдықтар алмасу халық шаруашылығының барлық саласын техникалық жағынан қайта жабдықтауға жағдай жасайды.

Социалистік елдерде өндіріс тиімді түрде шоғырландырылуда, дүние жүзіндегі ең ірі энергетика, металлургия және басқа техникалық-экономикалық жоғары көрсеткіштерге жеткізетін агрегаттар пайдалануға берілді.

СССР-де қуаты 300—500 және 800 мегаватт, дүние жүзіндегі ең ірі турбо-гидрогенераторлар, пар турбиналарын шығару игерілді. Еліміздің металлургия кәсіпорындарында аумағы 2 000 текше метрлік дүние жүзіндегі ең ірі домна пештері іске қосылды. Польшада В. И. Ленин атындағы металлургия комбинатында аумағы 1 700 текше метрлік домна пеші жұмыс істейді, сондай-ақ аумағы 2 000 текше метрлік пештің құрылысы басталды.

Өндірістің техникалық дәрежесін арттыруға социалистік елдердің коммунистік және жұмысшы партиялары баса назар аударып отыр.

ӨЗАРА ТИІМДІ ҮНТЫМАҚ — ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨРЛЕУДІҢ ҚАЙНАР КӨЗІ

Дүние жүзілік социалистік ынтымақ елдерінде социалистік экономиканы дамытудың, техникалық прогрестің маңызды қайнар көзі — социалистік мемлекеттердің ынтымағы мен өзара көмегі, халықаралық социалистік еңбек бөлінісін ұлғайта беру.

Туысқан елдердің күш-жігерін біріктіру социалистік және коммунистік құрылыстың көптеген күрделі проблемаларын шешуді тездетеді. Социалистік мемлекеттердің туысқандық ынтымағынан, олардың коллективтік тәжірибесінен болашақ ұрпақтардың идеалы болып табыла-

тын, В. И. Ленин айтқандай, кәдімгі «ізгі социализм» қалыптасатыны сөзсіз.

Дүние жүзілік социалистік системаның өмір сүруінен туысқан елдерге қолайлы жағдай туып отырғанда уақытты ұтудың зор маңызы бар. Совет Одағына социализмнің материалдық-техникалық базасын жасау үшін ширек ғасыр уақыт кетті. Ал басқа социалистік мемлекеттер бұл міндетті өте тез әрі материалдық, еңбек шығындарын аз жұмсап орындай алады.

Мысалға социалистік экономиканың халық шаруашылығын электрлендіру сияқты өзекті проблемасын алайық. Егер мұны әрбір ел жеке-дара шешсе, онда көп шығын жұмсалып, күш пен қаржы босқа зая кетер еді.

Электрлендіру жайына тоқтала келіп, В. И. Ленин 1921 жылдың өзінде-ақ былай деп жазған болатын: «Менің пікірімше, сондай-ақ теориялық және практикалық-үгіттік көзқарас тұрғысынан да, осы заманғы алдыңғы қатарлы техниканың бүкіл елді — және бірқатар көрші елдерді — бір жоспар бойынша электрлендіруді сөзсіз талап ететінін тезистерде айту (сонымен бірге жалпы коммунистік әдебиетте көбірек айту) өте маңызды, мұндай жұмысты қазіргі уақытта толық іске асыруға болады; ең алдымен бұдан ауыл шаруашылығы және әсіресе шаруалар ұтар еді...» (Шығармаларының толық жинағы, 44-том, 280-бет).

Социалистік елдердің әртүрлі шикізат, материал, жабдық жөніндегі өскелең қажеттерін өтеу проблемасын шешу де ынтымақ пен өзара көмек арқасында жеңілдей түседі әрі тездетіледі.

Совет Одағы туысқан елдерге әртүрлі жабдықты көп береді, соның арқасында қазіргі заманғы көптеген өнеркәсіп орындары салынды. Совет Одағының беретін жабдықтары Европадағы социалистік мемлекеттердің темір рудасы жөніндегі қажеттерінің 75 процентін, шойынның 84 процентін, мұнайдың 97 процентін, мұнай өнімдерінің, тақтайдың, түсті металдардың 60 процентін, мақтаның 67 процентін өтейді. Сонымен бірге Совет Одағы машина мен жабдықтың үштен екісін осы елдерден алады. СССР туысқан елдерден химия, жеңіл және тамақ өнеркәсібі үшін жабдықтар, әртүрлі материалдар, азық-түлік, көпшілік тұтынатын бұйымдар алады.

Халық шаруашылығының барлық саласында өндірісті механикаландыру мен автоматтандыру дәрежесін арттыру сияқты социализм елдерінің материалдық-техникалық базасын жетілдірудің маңызды проблемасын ынтымақ пен өзара көмек едәуір тездетеді әрі жеңілдетеді.

Қазір дүние жүзінде бірде-бір ел өзіне қажетті машиналар мен жабдықтың бәрін өз ішінде шығара алмайды. Бұл әсіресе өрісті рыногі жоқ, шикізат пен финанс қоры жеткіліксіз шағын елдерге өте қиын.

Дүние жүзілік социалистік системада өндірісті мемлекет аралық мамандандыру мен кооперациялау социализм елдерінің территория көлеміне, халқының санына, экономикалық дәрежесіне карамай экономикалық-техникалық көрсеткіштері жоғары машиналар мен жабдықтарды көптеп шығаруына мүмкіндік туғызады.

Ынтымақты нығайтып, жетілдіре беру — социалистік елдердің экономикалық жағынан үздіксіз алға басуының, онан әрі топтасуының, қазіргі қоғамдық дамуға дүние жүзілік социалистік системаның ықпалы күшеюінің сенімді кепілі.

СССР-дің, барлық социалистік елдердің тарихи тәжірибесі социализмге негізделген қоғамда экономика мен мәдениетті көркейтерлік, соның негізінде халықтың әл-ауқатын жақсартып, адамдардың бейбіт және бақытты тұрмысын қамтамасыз етерлік мол мүмкіндіктердің бар екенін толық сыпаттайды.

«Коммунист» журналынан (№ 15, 1965 ж.)
қыскартылып алынды.



КУБА РЕВОЛЮЦИЯСЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

Маркстік-лениндік жеңімпаз ілімнің әділеттілігін өмірдің өзі күннен-күнге айқын дәлелдеп отыр. Әлемнің әр жерінде социалистік революция қарыштап қадам басуда. Батыс жарты шарындағы Кубада да революция жалыны лаулады, бұдан жеті жыл бұрын Бостандық аралында революция жеңіске жетіп, жарқын өмірдің таңы атқанын әлем алдында тағы да паш етті. Қазір бұл революция сәулесі Латын Америкасы елдерінің ең шалғай түкпірлеріне дейін шапағын төгіп, ол елдердің халықтарына бақыт пен прогресс жолын нұсқауда.

Дүние жүзілік империализмнің ордасы болып отырған Америка Құрама Штаттарынан небәрі 180 километр жерде тұратын, жер көлемі жағынан одан 90 есе кіші, ал халқының саны жеті миллионнан сәл ғана астам осы бір шап-шағын ел америка континентінде тұңғыш рет социалистік революция туын қалай көтерді?

Мәселе мынада: екінші дүние жүзілік соғыстан кейінгі жерде әлемде социализмнің пайдасына түбірлі өзгерістер жасалды, сөйтіп дүние жүзілік дамудың бағытын енді империализм емес, социализм белгілейтін кезең туды. Бұл жағдай КПСС жаңа Программасында өте айқын жазылды. Қазіргі заманның негізгі мазмұны капитализмнен социализмге өту болып отырғаны атап көрсетілді онда. Куба революциясының жеңісі — осы бір аса маңызды заңдылықтың жарқын дәлелінің бірі.

Сонымен қатар Кубадағы революцияны Ұлы Октябрьден басталған дүние жүзілік революциялық процестің тікелей жалғасы дейміз. Мұны Куба революциясының көсемі Фидель Кастро да ерекше атап көрсетті. Ол 1964 жылы 2 январьда Гаванада болған салтанатта сөйлеген сөзінде былай деп мәлімдеді: «Біздің революциямыз Совет Одағы жұмысшылары мен шаруаларының тарихи Октябрь революциясы бастап берген дүние жүзілік қуатты революциялық қозғалыстың бөлегі болып саналады».

Сонымен әйгілі Бостандық аралы бейбітшілік сүйгіш социалистік система елдерінің белді бір мүшесіне айналып отыр. АҚШ империалистері Кубаны қанаушы қоғамның қанды шенгеліне қайтадан ілкітіруге қаншама тырысса да, одан дәнене де шықпак емес. Өйткені қазір Кубаны ажал аранына апарып, ол аралда капиталистік қатынастарды қайтадан орната алатындай әлемде ешқандай күш жоқ.

Жұртқа мәлім, В. И. Ленин социалистік революцияны таптық шайқастардың тұтас бір дәуірі деп санаған болатын. Ол «революция барлық наразы таптардың, топтардың, халық элементтерінің бірқатар шайқастарынан құралады» деп үйретті (Шығармалар, 22-том, 376-бет). Бұл арада, ең алдымен, үстем таптарға қарсы пролетариат пен оның одақтасы шаруалар басты роль атқаратыны даусыз. Сонымен қатар революция жартылай пролетарлық бұқараның помещиктік-буржуазиялық, сол сияқты ұлттық езгіге қарсы қозғалысын да өзіне қосып алады.

1959 жылғы бірінші январьдағы Куба революциясының жеңісі — жоғарыда келтірілген қағиданың — социалистік революция таптық шайқастардың тұтас дәуірі деген қағиданың — жаңа да жарқын дәлелі.

Кубадағы революция — куба халқының әуелі испандық отаршыларға, ал одан соң американдық империалистерінің қысымы мен олардың аралдағы буржуазиялық-помещиктік қол шокпарларына қарсы ұзақ жылдар жүргізген табанды күресінің нәтижесі.

Тіпті сонау 1898 жылдың өзінде-ақ Кубаның ержүрек халық-азаттық армиясы отаршыл испан әскерін талқандап, әбден титығына жеткізген шақта бұл іске Вашингтон суық қолын сұғып, араласқан-ды. АҚШ үкіметі кубалықтардың испан армиясын біржолата талқандауына жол бермеу үшін Испанияға өздері соғыс жариялады. Сөйтіп Ақ үй куба халқының жеңісін орта жолдан қағып әкетті. АҚШ аралды басып алып, испан отаршыларының орнына кубалықтарға отарлық камытын кигізіп, үстемдік орнатты. Аралды оккупациялау бес жылдай мерзімге созылды.

АҚШ-тың Кубадағы әскери өкімет орындары американдарға қарсы халықтың қарулы көтеріліске шығуынан хауіптеніп, Кубаның халық-азаттық армиясын жедел қарусыздандыруға және оны таратып жіберуге тырысты. Куба халқының американдық жаулаушыларына деген өшпенділігі барған сайын өрши түсті. Соның нәтижесінде АҚШ үкіметі аралды Штаттарға тікелей қосып алудан бас тартуға мәжбүр болды. Вашингтон Кубаны басқа жолдармен талап-тонауды ұйғарды. Мәселен, 1901 жылы 12 июльде Құрама Штаттар қаруының қысымымен Куба американдық сенаторы Платтың конституцияға енгізген түзетулерін қабылдауға мәжбүр болды. Бұған да Вашингтонның әмірі жүрді. Өйткені олар: «не Платт түзетуін қабылдау, не аралдан айрылу» — екінің бірі деп көкіректерін қақты.

«Платт түзетуі» бойынша Куба АҚШ-тың шын мәніндегі жартылай отарына айналды. Куба республикасы Құрама Штаттардың рұқсатынсыз шетел мемлекетімен қарыз жайында договорлар мен шарт жасай алмайтын болды. Ал АҚШ болса Куба істеріне қарумен араласуға право алды. Оның үстіне Куба АҚШ-қа көмір және теңіз базаларына қажетті жер беруге тиіс болды. Құрама Штаттар осы пунктке сәйкес өз қарамағына Гуантанамо соғыс-теңіз базасын алды. Олар мұны күні бүгінге дейін өздерінің қаскүнемдік арандату мақсаттары үшін пайдаланып келеді. Фидель Кастро бұл базаны Кубаның жүрегіне түйрелген ине деп атады.

Кубаның бірінші президенті американдық қол шоктары Эстрада Пальма болды. Ол АҚШ капиталына жан-тәнімен беріле қызмет етіп бақты. 1902 жылы май айында американдық әскері аралдан шығарыла тұрса да, одан жағдай өзгере қоймады: Кубаның қол-аяғы маталып, американдық империализмінің шырмауынан шыға алмай қалды.

1905—1907 жылдардағы орыс революциясының ықпалымен 1906 жылы август айында Кубада американдық үстемдігіне қарсы халықтық қозғалыс кең өріс алды. Құрама Штаттар аралға қарулы әскерін жіберіп, көтерілісті басып тастады. Аралды оккупациялау 1906 жылдан 1909 жылға дейін созылды. Куба халқы 1917 жылы да американдық зорлығына қарсы шықты. Бірақ Құрама Штаттар бұл жолы да Кубаға тағы өз әскерін жіберді. Бұл қарулы күш 1922 жылға дейін осы аралда болды.

Россиядағы Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңісінің ықпалымен Кубада ұлт-азаттық қозғалысының жаңа кезеңі туды. 1925 жылы Куба Коммунистік партиясы құрылды. Бұл партия халықтың қанаушыларға қарсы күресін басқарды. 1934 жылы Құрама Штаттар аралдағы халықтың тегеурінді күшімен «Платт түзетуінен» формальды түрде бас тартса да, Куба сол баяғы қалпынша жартылай отар күйінде қала берді.

Екінші дүние жүзілік соғыс жылдарында, әсіресе одан кейінгі кезде де Құрама Штаттар Кубаны аяусыз қанады. 1952 жылы мартта АҚШ Кубада реакциялық әскери мемлекеттік төңкеріс ұйымдастырды. Өкі-

мет басына американ империализмінің сеңімді қол шоқпары генерал Батиста келді. Коммунистік партия мен кәсіподақ қайраткерлерін, бейбітшілік жолындағы күрескерлерді қудалау басталды. Елде қандыбалқ соғыс тәртібі орнатылды.

1953 жылы 26 июльде Фидель Кастро бастаған бір топ жас (негізгі ұйтқысы студенттер болатын) «Монкада» казармасына батыл шабуыл жасады. Мұндағы мақсат қолға қару түсіріп, Батиста диктатурасына қарсы қарулы күреске шығу еді. Олардың шабуылын дұшпанның басымы күші тойтарып тастады. Алайда бұл кейіннен революциялық күрес жалынына ұласқан алғашқы ұшқын болып саналады.

Куба еңбекшілері өздерінің заңды праволары жолындағы ерлік күресін тоқтатпады, оларға Халықтық-социалистік партия басшылық жасады¹. Шетел монополиясының езгісіне қарсы күреске жұмысшылар мен шаруалардан басқа бірте-бірте интеллигенттік, ұсақ және орташа ұлттық буржуазияның қалың тобы қосыла берді.

Америка қол шоқпары Батистаның фашистік диктатурасына жауап ретінде елде кең көлемде бұқаралық оппозиция құрылды. Оппозициялық күштердің қимыл-әрекеті жалпы революциялық өрлеу үшін қолайлы жағдай туғызды.

Куба халқының даңқты ұлы Фидель Кастро бастаған халықтық қозғалыс Батиста диктатурасын құлатып, Куба революциясының жеңісін қамтамасыз етті. Куба революциясы Латын Америкасы тарихындағы жаңа дәуірдің бастамасы болды. «Куба революциясын, — дейді Фидель Кастро, — Америкадағы екінші азаттық революция деуге болады. Бірінші революция Испанияның отаршылдық езгісіне қарсы бағытталды, ал мына екінші, әрі соңғы революция — янкилердің отаршылдық езгісіне қарсы бағытталды».

Қазір социализм орнатып жатқан Куба республикасының дүниеге келуі социализмнің дүние жүзілік системасының, қуатты Совет Одағының арқасы еді. 1963 жылы 28 апрельде Қызыл аялда сөйлеген сөзінде Фидель Кастро ол жайында былай деді: «Совет Одағы өмір сүрмейінше Кубадағы социалистік революцияның болуы мүмкін де емес еді».

Бостандық аралының халқы өткен жеті жылдағы өз өміріне көз жібере отырып, осынша тарихи қысқа мерзімнің ішінде социалистік елдердің туысқандық семьясында шын мәнісінде орасан зор табысқа жеткенін мақтанышпен айта алады.

Куба революциясы біркатар әлеуметтік-экономикалық түбірлі өзгерістерді жүзеге асырды: ескі мемлекеттік аппарат қиратылды, шетел монополияларының меншігі мен батисталық сілімтіктердің дүние-мүліктері национализацияланды, аграрлық реформа жүргізілді. Соның нәтижесінде 1961 жылдың екінші жартысында Куба революциясының жаңа дәуіріне — социалистік өзгерістер жасау дәуіріне көшуі үшін қолайлы жағдай жасалды.

Елдің өнеркәсіп, сауда, банк, транспорт, байланыс орындары түгелдей национализацияланды. Экономиканың негізгі саласы — қант өнеркәсібі түгелдей халықтың өз қолына көшті. Ауыл шаруашылығына келетін болсақ, мұнда егістің төрттен үш бөлегі мемлекеттік сектордың қамтуында. Қазіргі кезде бір мыңнан астам мемлекеттік иеміне ауыл шаруашылық өндірісін ойдағыдай жүргізуде. Революцияға дейін жарты миллионға жуық еңбекшінің соры болған жұмыссыздық атаулы бір-жолата жойылды.

¹ Куба Коммунистік партиясы 1944 жылы Халықтық-социалистік партия болып атанды. 1959 жылғы революциядан кейін Кубада социалистік революцияның біртұтас партиясы құрылды. 1965 жылғы 2 октябрьде ол Кубаның Коммунистік партиясы болып аталды.

Бостандық аралы аталған елде мәдени революция жүзеге асырылуда. Мұндағы университеттік реформа еңбекшілер үшін жоғары оқу орындарының есігін кең ашты. Елде Ұлттық мәдениет советі құрылды. Ол Кубадағы күллі мәдени құрылыс жұмысына басшылық етеді, сонымен бірге жергілікті орындардың мәдени шараларын бір ізге салып отырады.

Социалистік Кубада тұрғын үй құрылысы да кең көлемде, қызу қарқынмен жүргізілуде. Қалалар мен селолық жерлерде жаңа үйлер сап түзеп, тұрғын аудандар пайда болуда. Гаванаға таяу жердегі теңіз жағалауында салынған «Куба Черемушкасы» айрықша сымбатымен көз тартады. Ал енді Сантьяго қаласының маңында бұрынғы ескі лашықтардың орнындағы жаңа типті социалистік қалаға ерекше сүйсінесің. Елде медицина мекемелерінің саны күн санап өсе түсуде. Оларда еңбекшілерге тегін дәрігерлік көмек көрсетіледі. Бұрынғы, жартылай отар елде осының бәрі мүмкін бе еді? Әрине, жоқ. Ол тек қиял ғана болатын.

Социалистік елдер, оның ішінде Совет Одағы Куба халқына жаңа өмір құру үшін жан-жақты көмек көрсетіп отыр. Біздің ел оған тек экономикалық жәрдем жасап қана отырған жоқ, өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығына маман жұмысшы кадрларын, сонымен қатар жоғары және арнаулы орта білімі бар кадрлар даярлау ісіне де ат салысуда. Біздің елде оқып жатқан Куба студенттері бұл қалтқысыз көмек пен қамқорлыққа дән риза. «Совет оқытушыларының бізге деген сүйіспеншілігінде шек жоқ» дейді олар бірауыздан.

Куба Халықтық-социалистік партиясы топтастырған еңбекшілердің қалың бұқарасының революцияға тікелей қатысуы, пролетариат пен еңбекші шаруаның мызғымас одағы Куба революциясының халықтық, антиимпериалистік сипатын белгіледі.

Халықтық көтерілісшілер армиясының күресі Батистаның қанқұйлы диктатурасын талқандауда негізгі әрі шешуші күш болды. Куба халқының қарулы күресінің империалистік алпауыттарды тағынан тайдыруда басты күш болуы ұзаққа созылған ұрыстардың барысында партизан отрядтарының халықтық революциялық армияға айналып, оның көбісі армияны талқандай алатынын іс жүзінде көрсетіп берді. Куба революциясының ерекшелігі де міне осында.

Куба революциясының жеңісі социализм идеяларының мұхиттан да асып, Батыс жарты шарын еркін шарлай бастағанын дәлелдейді. Бұл революция солтүстік американизмнің Латын Америкасы халықтарына жасап келген үстемдігі мен озбырлығының күні таусылуға айналғанын бүкіл әлемге паш етті. Мұның өзі Орталық және Оңтүстік Америка елдеріне де әсерлі ықпалын тигізуде. Қазір бұл елдерде шетелдік үстемдікті құлатуға және нағыз бостандықты жеңіп алуға қажетті саяси және экономикалық жағдай пісіп жетілуде.

Куба халқы өзінің революциялық күресте шыныққан Коммунистік партиясының басшылығы арқасында берік сеніммен социализм орнатуда. Бұл ретте оған ұлы Совет Одағы және басқа да социалистік елдер қалтқысыз, туысқандық көмек көрсете береді. Өйткені, Куба — Орталық және Оңтүстік Америка халықтарына бақыт пен прогресс жолын мезгеп, нұсқаушы шам-шырақ!

К. ШУСТОВ,
тарих ғылымының кандидаты.

ӘРКІМНІҢ СЕНІМДІ СЕРІГІ

Қазіргі кезде газет-журнал алдырып оқымайтын бірде-бір советтік семья жоқ. Жұмысшы, колхозшы, интеллигент болсын, тіпті мектеп оқушысы болсын өзінің бір сүйіп оқитын баспасөзіне жазылады. Кейбір семьялардың бір емес, бірнеше газет-журналға қатар жазылуы дағдыға айналған.

Мұның өзі еңбекшілердің мәдени талап-талғамының өсіп отырғандығының белгісі. Халықтың осындай өскелең тілегін қанағаттандыру, жұртшылықтың өзіне қажет газет-журналдарын жаздырып алуына көмектесу — партия ұйымдарының, «Союзпечать» қызметкерлерінің ең абзал борышы.

Баспасөз тарату ең жауапты нақандардың бірі. Оны дер кезінде өткізген жөн. Сөйтсе де газет-журналдарға жазылуды белгілібір мерзіммен шектеудің, оған ат үсті қараудың дұрыс еместігін өмірдің өзі дәлелдеуде. Соңғы жылдардың тәжірибесі көрсетіп жүргеніндей, баспасөзге жазылуды жыл бойына жүргізе берген дұрыс. Газет-журналға жазылудың тиянақты мерзімі біткеннен кейін, заказдарды қабылдап алғаннан кейін жылда февраль айынан бастап «Союзпечать» ұйымдары қосымша жазылушыларды тіркей бастайды. Баспасөзге жазылуды бұлайша жыл бойына жүргізе беру біздің газет-журналдарымыздың тиражының өсуіне елеулі әсерін тигізіп келеді.

Коммунистік партия тираждың өсуіне, газет-журналдардың дұрыс таралуына, олардың қалың оқушыларға дер кезінде жетуіне ерекше мән береді. КПСС Орталық Комитетінің 1965 жылғы 17 августы «1966 жылдың газет-журналына жазылуды өткізу туралы» қаулысында баспасөзге жазылуды мерзімінде жедел өткізу партия ұйымдарының тікелей міндеті деп атап көрсетілді.

Газет пен журнал — қалың бұқараны тәрбиелеудің қуатты құралы. Сондықтан да күнделікті баспасөзге жазылуды әрбір коллективте ұйымшылдықпен өткізу дегеніміз еңбекшілердің идеялық жағынан өсуіне, мәдениетті, білімді болуына көмектесу деген сөз.

Бүгінгі таңда еңбекшілер арасында газет-журналды насихаттаудың маңызы зор. Алдағы жылға февраль айынан бас-

тап жазылуды ұйымдастырғанда да бұл мәселені естен шығармаған жөн.

Республикалық газет-журнал баспасы, «Союзпечатьтың» бас басқармасы, оның бөлімдері баспасөзді насихаттайтын әртүрлі жарнамаларды көптеп шығаруда. Мәселе сол жарнамаларды орынды пайдалануда болып отыр. Баспасөзді насихаттаудың барлық әдістері мен түрлерін толық пайдаланғанда, бұл жұмысқа қоғамдық таратушыларды белсенді тартқанда ғана газет-журналға жазылуды ойдағыдай жүргізуге болады.

Алдағы жылға республикамызда әсіресе партиялық баспасөзге, оның ішінде «Коммунист», «Партийная жизнь», «Қазақстан коммунисті», «Партийная жизнь Казахстана» журналдарына жазылушылар көп болды. Бұл партиялық журналдарға еңбекшілер әлі де болса жазыла бермек. Сондықтан да февраль айынан бастап жүргізілетін жазылу кезінде мұны да ерекше ескерген жақсы. Тәжірибе көрсетіп жүргеніндей, орталық, республикалық партиялық журналдарға тек коммунистер ғана емес, сонымен қатар жалпы насихатшылар да, үгітшілер де, ауыл-село интеллигенттері де көптеп жазылады.

Саяси оқудың биылғы программасына сай бұл журналдарда маркстік-лениндік теорияны үйренушілерге көмек боларлық мақалалар жиі-жиі жарияланып келеді, алдағы уақытта да басыла бермек. Баспасөзге жазылуды насихаттағанда бұған ерекше көңіл аударған мақұл.

Баспасөзге жыл бойы жазылуды қамтамасыз ету міндетін — қоғамдық таратушыларға жүктеген жөн. Олар еңбекшілер арасында жиі болады, сондықтан да кімнің неге жазылғысы келетінін жақсы біледі. Бұл орайда олардың ақыл-кеңесі де керек-ақ. Қоғамдық таратушылардың қазіргі кезде жұмысы көп-ақ. Олар бұрын жазылғандарға заказ толтырып, квитанция беруі керек болса, екіншіден жаңадан жазылушыларды да қамтуға тиіс болады.

Көптеген бастауыш партия ұйымдары қоғамдық таратушылармен, «Союзпечатьтың» аудандық бөлімдерімен бірлесе отырып, баспасөзге жазылуды ойдағыдай ұйымдастырып келеді. Мысалға,

Жамбыл облысының Талас ауданын алуға болады.

Аудан партия ұйымдары баспасөзге жазылуды ерекше ширақтықпен өткізді. Жазылу әлі де жүріп жатыр. Аудандық партия комитеті жанынан баспасөзді таратуға көмектесуші Совет құрылған. Советтер баспасөзге жазылу пункттерін ұйымдастырып, қоғамдық таратушыларды соларға бөлген. Баспасөзге жаздыру жұмысын аудандық партия комитетінің секретары Ұ. Төлеуов жолдастың өзі басқарды. Аудан коммунистері түгел дерлік партиялық баспасөзге жазылды. Оның ішінде «Қазақстан коммунистіне» 874 адам жазылған. Осы ауданның «Тамды» совхозында да (партия ұйымының секретары Д. Теленов) баспасөзге жазылу ойдағыдай жүргізілді.

Шымкент облысындағы Созақ ауданының партия ұйымдары (аудандық партия комитетінің секретары Б. Ходжаев жолдас) баспасөз тарату да елеулі тәжірибеге ие болып отыр. Осы ауданның өзінде ғана басқа да партиялық журналдармен бірге «Қазақстан коммунистіне» 500-ге жуық адам жазылды.

Биыл республикамызда қоғамдық таратушылар ерекше белсенділікпен жұмыс істеп, партия ұйымдарына, «Союзпечать» бөлімдеріне елеулі көмек көрсетті. Мысалы, Шымкент облысы Қызылқұм ауданындағы «Арыс» совхозының қоғамдық таратушысы И. Досмайылов жолдас тек өзі жұмыс істейтін бөлімшеде ғана 93 дана «Қазақстан коммунистіне» жаздырған болса, ал Қызылорда облысының Шиелі ауданындағы «Красная звезда» колхозының қоғамдық таратушылары Н. Юсупов пен Н. Мырзахметов жолдастар 138 дана «Қазақстан коммунистіне» таратты. Сондай-ақ Қызылорда қаласындағы су құрылысы мекемесі партия ұйымының секретары Х. Қозбаев жолдас қоғамдық таратушыларды пайдалана отырып, 125 дана журнал таратты.

Алматы облысындағы Панфилов ауданының еңбекшілері жыл сайын баспасөзге жазылуға ерекше мән беріп ке-

леді. Бұл аудан тұрғындарының ішінен газет-журнал алдырып оқымайтын бірде-бір семья жоқ. Еңбекшілерді түгелдей газет-журналмен қамтамасыз етуде Панфилов ауданы республикада бірінші орын алады. Қазірдің өзінде ауданда 46 мың дана газет-журнал жаздырылып отыр, 4700 халқы бар бір ғана Калинин атындағы колхоз 4600 дана мерзімді баспасөз, оның ішінде 115 дана «Қазақстан коммунистіне» жаздырды. Жұрт арасында баспасөзді мұнша көп таратуда М. Исламов, Р. Рахметоллаев сияқты қоғамдық таратушылардың еңбегі зор.

Турьева облысының қоғамдық таратушылары да бірсыпыра игілікті істер жасап отыр. Олар баспасөзге жазылу кезінде әсіресе партиялық журналдардың көп таралуына жәрдемші болды. Қоғамдық таратушылар қазір баспасөзге жазылған жұрттың заказдарын толтырып, квитанцияларын жазып беруде. Сонымен қатар алдағы февраль айына басталатын жазылысқа да даярлануда.

Партия ұйымдары мен қоғамдық таратушылар жұмысты жақсы ұйымдастырған жерлерде баспасөзге, оның ішінде партиялық журналдарға жазылудың жайы жақсы. Ендігі міндет «Союзпечать» қызметкерлерінің баспасөзге жазылуды жақсы ұйымдастырған коллективтердің озат тәжірибесін жинақтап, оны алдағы кезде пайдалана білуінде, барлық елді мекендерде жұртшылықтың газет-журналға жазылуы үшін жағдай жасап, документтерді дер кезінде толтырып беруінде.

Алдағы уақытта «Союзпечать» қызметкерлері байланыс орындарымен бірлесе отырып, еңбекшілердің өздерінің жазылған газет-журналдарын уақытылы алып, оқуына қамқоршы болуы керек. Екіншіден, февраль айынан бастап жыл бойы жүргізіле беретін жазылуды ұйымдастыруға мұқият әзірленуі шарт.

М. МӘУЛЯШЕВ,

Республикалық «Союзпечатьтың»
баспасөзге жазылу агенттігінің бастығы.

ЖУРНАЛ ЖАНАШЫРЛАРЫ

Партия ұйымдарының баспасөзге жазылуды шебер де жедел ұйымдастыруының нәтижесінде биыл республикамызда партиялық баспасөзге жазылудың барысы былтырғымен салыстырғанда анағұрлым жақсы болып отыр. Республика еңбекшілері «Коммунист», «Партийная жизнь», «Политическое самообразование», «Агитатор», «Қазақстан коммунисті», «Партийная жизнь Казахстана», «Үгітші блокноты» сияқты партиялық журналдарға көптеп жазылуда.

Партиялық баспасөзге ауыл-село еңбеккерлерінің, қатардағы коммунистер-

дің, үгітшілер мен насихатшылардың, партия, совет, комсомол, кәсіподақ қызметкерлерінің, интеллигенцияның көптеп жазылуы, бір жағынан, олардың баспасөзге деген ынта-ықыласының, сүйіспеншілігінің артқанын көрсетсе, екіншіден, биыл енгізілген партия оқуының жақса программасына сай, олардың маркстік-лениндік теорияны терең оқып, үйренуге ден қойғанын дәлелдейді.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің теориялық және саяси журналы «Қазақстан коммунистіне» жазылу ұйымшылдықпен жүргізілді. Егер «Қазақ-

стан коммунистіне» былтыр осы уақытта 1965 жылға 25 мыңнан аса адам жазылған болса, биыл журналға жазылушылардың саны 33 мыңдай болып отыр.

Партия ұйымдарының нақты басшылығы арқасында газет, журналдарға жаппай жазылу науқаны кезінде жер-жерлерде баспасөзге жазылуды қамтамасыз ететін арнаулы пункттер ашылып, аудандық партия комитеттері жанынан Советтер ұйымдастырылды. Мындаған қоғамдық таратушылар жұмыс істеді. Жалпы баспасөзге, оның ішінде орталық, республикалық партиялық журналдарға көптеп жазылуға бастауыш партия ұйымдары, олардың секретарьлары, партбюро, партком мүшелері, қатардағы коммунистер, комсомолецтер, үгітшілер, насихатшылар, мұғалімдер мұрындық болды.

Баспасөзге жазылу ісіне ерекше мән берген партия ұйымдарында бұл науқан асқан ұйымшылдықпен өткізілді. Партиялық журналдарға, оның ішінде «Қазақстан коммунистіне» жазылу бұрынғы жылдармен салыстырғанда әсіресе Алматы, Шымкент, Семей, Жамбыл, Қызылорда, Қарағанды, Гурьев, Орал, Ақтөбе облыстарында бірқыдыру жақсы жүргізілді. Жекелеген аудандарда баспасөзге еңбекшілер өте-мөте көп жазылды. Мысалы, Алматы облысының бір ғана Кеген ауданында «Қазақстан коммунистінің» 1 200-ден астам данасы таратылды.

Жазылу әлі де болса жүргізіле бермек. Редакцияға жазған хаттарында журналға дер кезінде жазыла алмай қалған кейбір жолдастар оған енді қашан жазылуға болады деп сұрайды. Осыған орай ескерте кететін бір жай: баспасөзге жазылу алдағы февраль айынан бастап жыл бойына жүргізіле бермек.

Бастауыш партия ұйымдарынан редакцияға келіп түскен жеке хаттарда журналға жазылудың жайымен қатар саяси мектептерде оқушыларға көмек ретінде марксизм-ленинизм негіздеріне байланысты және Совет Одағы Коммунистік партиясының тарихы жөніндегі тақырыптарға орай мақалалар жариялап отыруды сұрайды. Журналдың редак-

циялық коллегиясы алдағы уақытта бастауыш партия ұйымдарының мұндай тілегін орындау шарасын істейді.

«Қазақстан коммунисті» журналының редакциялық коллегиясы алдағы жылға орталық, республикалық партиялық баспасөзді, оның ішінде біздің журналды көптеп таратқан, ол жайында редакцияға хабарлаған облыстық, аудандық, қалалық партия комитеттеріне, сондай-ақ колхоздардың, совхоздардың, кәсіпорындардың бастауыш партия ұйымдарына шын жүректен алғыс айтады.

Журналға жазылуды өте-мөте жақсы ұйымдастырған мына жолдастарды ерекше атап өтуді жөн деп білеміз: Ақсу аудандық партия комитетінің секретары **М. Қоңырбаева**, Кеген аудандық партия комитетінің екінші секретары **Е. Жақсылықов**, Талас аудандық партия комитетінің секретары **Ұ. Төлеуов**, Сырдария аудандық партия комитетінің секретары **К. Исаев**, Шиелі ауданындағы қоғамдық таратушылар **Н. Юсупов**, **Н. Мырзахметов**, Албағас аудандық партия комитетінің үгіт және насихат бөлімінің меңгерушісі **Жұмабеков**, Тарбағатай совхозы (Шығыс Қазақстан) партия ұйымының секретары **К. Шаммұхаметов**, Алматы облысының Кеген ауданындағы «Октябрьдің 40 жылдығы» атындағы колхоздың партия комитетінің секретары **Ә. Қайымсұлтанов**, «ХІХ партия съезі» атындағы колхоздың партия комитетінің секретары **Н. Оразәлиев**, Карл Маркс атындағы колхоздың председатели **Қ. Әбиев**, «Коммунизм» колхозы партия комитетінің секретары **Н. Мәретбаев**, «Қызылту» совхозы партия ұйымының секретары **С. Иманқұлов**, Нарынқол 11 жылдық мектебінің оқу ісін меңгерушісі **Н. Есенбаев**, Алакөл ауданындағы «Коммунизм» совхозы партия ұйымының секретары **Ә. Аханов**, Қызылорда облысы Сырдария ауданындағы «Тереңөзек» совхозы партия комитетінің секретары **Б. Шілманов**, «Қараөзек» совхозы партия ұйымының секретары **Ә. Сұлтангереев**, Абай атындағы совхоз (Абай ауданы, Семей облысы) партия ұйымының секретары **Қ. Оразбеков**.

«Қазақстан коммунисті» журналында 1965 жылы жарияланған материалдар мен мақалалардың тізімі

	№	Беті
КПСС Орталық Комитеті март Пленумының қаулылары	4	3
КПСС Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қаулылары	10	3
КПСС Орталық Комитеті декабрь Пленумының қаулылары	12	3
Лениннің ұлы идеялық мұрасы	9	9
Ф. Энгельстің хаттары	7	9

ҚАЗАҚСТАН КОМПАРТИЯСЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНДЕ

Павлодар облысының бастауыш ұйымдарында партия жиналыстарын өзір- леу және өткізу практикасы туралы	7	17
--	---	----

БАС МАҚАЛАЛАР МЕН РЕДАКЦИЯЛЫҚ МАҚАЛАЛАР

Партиялық іскерлік — қазіргі басты талап	1	3
Барлығы адам игілігі үшін	1	8
Саясат — экономиканың жиынтық бейнесі	2	3
Партия Уставының талаптары қатаң сақталсын	2	51
Советтер жұмысындағы жаңа кезең	3	3
Марксизм-ленинизмнің жеңімпаз күші	4	3
Бұқараның идеялық дәрежесін арттыра берейік	1	59
Совет халқының ұлы жеңісі	5	3
Басшының жауапкершілігі	6	3
Бастауыш партия ұйымы — айбынды күш	6	30
Азық-түлік молшылығын жасау жолында	7	3
Коммунистің идеялық дәрежесі	8	3
Жас ұрпақтан — жалынды күрескерлер	9	3
Ұйымдастыру жұмысының түп қазығы	9	34
Жыл қорытындысының шешуші кезеңі	10	3
Жаңа белестер — жаңа міндеттер ✓	11	3
Саяси жұмыстың дәрежесі қазіргі талаптарға сай болсын	12	3

МАҚАЛАЛАР

Т. Африна — Қазақстанның дүние жүзілік рынокта алатын орны	10	14
К. Аханов — Қазақ лексикографиясы туралы ойлар	2	28
Т. Ахтанов — Көркем сөздің шебері (Б. Майлиннің туғанына 70 жыл толуына)	7	36
Х. Ахметов — Еңбекшілер мен қоғамдық ұйымдардың заң шығарудағы ролі	10	22
Т. Әбдіразақов — Қазақстан өнеркәсібін өркендетудің кейбір заңдылық- тары мен өзгешеліктері	11	15
М. Әбуғалиев — Коммунист-шопан (очерк)	2	33
С. Бәйішев — Өндіргіш күштерді дамыту жөніндегі лениндік идеялардың жеңісі	4	16
С. Бәйішев — Экономиканы ғылыми негізде дамыту бағыты	11	9
К. Бегалиев — Жас өспірім тәрбиесі — жұртшылық ісі	2	20
Р. Бердібаев — Дүние таным және творчество	9	23
Г. Бияшев — Ауыл шаруашылығын өркендетуде ғылымның ролі	11	27
М. Дәрішев, А. Хасенов — Қара металлургияның отын қорын тиімді пай- даланайық	11	19
Б. Двоскин, Н. Сатыбалдин — Өнеркәсіп торалтарын жан-жақты дамы- ту жайлы	1	26
С. Досмағамбетов — Ұйымдастыру және идеология жұмысының бірлігі	8	15
Т. Елеуов — Бірінші орыс революциясының тарихи маңызы	12	20
М. Есеналиев — Жастарға идеялық тәрбие беру — аса маңызды міндет	12	14
Ы. Жақаев — Бабын тапса — жер жомарт	5	21
Т. Жанкелдин — Творчестволық интеллигенцияның абыройлы борышы	6	10
Қ. Жанаев — Балалар тәрбиесі — баршаға ортақ	9	23
Ө. Жәнібеков — Коммунизмнің жас күрескерлерін шыңдап өсірейік	7	21
С. Жиенбаев — Өндіріс, сауда, тұтынушы	2	14
Н. Журин — Аудандық партия комитеттерінің жұмысындағы соны серпін	8	9
Т. Жұмағазин — Қазіргі шаруаның коммунистік сана сезімінің қалыптасуы	1	17
Н. Забежанский — Ауыл шаруашылық техникасын жетілдіру және пайдала- ну жайында	9	13

	№	Беті
А. Зайкин — Американ империализмі — бостандық сүйгіш халықтардың қас дұшпаны	8	28
С. Кенжебаев — Ұлттардың өндірістік коллективте жақындасып, бірігуі	2	8
А. Колебаев — Экономикалық білім — кадрлардың күшті қаруы	12	9
Ф. Коломиец — Өмірден туған өзекті мәселелер	5	16
К. Котов — Советтік сыртқы саясаттың лениндік принциптері	10	27
Д. Қонаев — Қазақстан ауыл шаруашылығын биік белеске көтерейік	5	9
Б. Қайымов — Астықтың тапсыру бағасы жайында	1	35
Ә. Қанапин — Қазақстан мәдениеті қазіргі кезеңде	7	31
Ж. Қарақұсов — Ғылми коммунизмнің ұлы принциптерін бейнелейтін еңбек	6	20
К. Құнантаева — Техникумдарда кешкі және сырттан оқыту	8	19
С. Құнанбаев — Жеңіл өнеркәсіптің өзекті мәселелері	11	23
Сырбай Мәуленов — Алып адыммен	12	26
Х. Мамбетқазиев — Бүкіл жұртшылық ісі	8	23
Ж. Молдағалиев — Асқақ дарын, азамат ақын	5	24
Н. Оразбаев — Қаратау қазынасы — халық игілігіне	3	18
В. Путинцев — Құрылысты жобалау — маңызды мәселе	1	31
Х. Рахимов — Миллиондардың игілігіне айналған ұлы мұра	4	22
М. Сабыров — Жайылымды суландыру және мал шаруашылығы	2	24
Ф. Савицкий — Ауыл шаруашылығын интенсификациялаудың маңызды шарты	3	13
Ғ. Сақтағанов — Партия қатарының тазалығы мен бірлігі жолындағы күрес (РКП(б) IX съезінің 45 жылдығына)	3	8
Б. Сәдуақасов — Екінші тыңның мол мүмкіндіктері	4	27
Ә. Сәрсенбаев — Маңғыстау мұнаралары (очерк)	1	39
В. Севрюков — Партия ұйымдарының есебі мен сайлауы	9	12
Б. Сүлейменов — Интернационалдық тәрбие — идеология жұмысының өзекті саласы	7	26
К. Ұлтарақов — Шөл және шөлейт еңірде ауыл шаруашылығын интенсификациялау	10	18
С. Федюкин — Коммунистік еңбек қозғалысы және халықтар достығының онан әрі нығаюы	11	22
Қ. Шаңғытбаев — Шалқар шаттық, үлкен үміт	1	13
Ә. Шманов — Партияның адал перзенті (М. И. Калининнің туғанына 90 жыл толуына)	11	33
М. Ықсанов — Ыбырай Жақаев және оның шәкірттері	6	15
З. Ысмағұлов — Буржуазиялық социологияның реакциялық мәні	6	24

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ ЖИЫРМА ЖЫЛДЫҒЫ

Т. Балақаев, Н. Едігенов — Партизан қозғалысының ардагерлері	4	33
М. Ғабдуллин — Ол күндердің өшпес данқы	3	22
Ш. Есмұрзаев — Ұлы Отан соғысына арналған кітаптар	5	58
Б. Жетпісбаев — Батырлық пен тапқырлық өнегесі	5	42
Н. Киікбаев, Ж. Жұмабеков — Қазақстан Компартиясы қызметінің келелі кезеңі	4	39
З. Қашқынбаев — Бұқаралық-қорғаныс ұйымдарының үлесі	5	38
С. Нұрмағамбетов — Кешегі соғыс ерлері — бүгін бейбітшілік күрескерлері	5	34
Ө. Малыбаев — Қазақстандықтардың патриотизмі мен ерлігі	5	29
С. Сейітов — Солдат сапындағы сөз	5	47
Қ. Сүлейменов — Қаламмен де, қарумен де	5	58

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Ж. Аралбаев — Идеология жұмысының маңызды саласы	8	48
А. Әкімқожин — Коммунист бәріне де жауапты	1	60
М. Батырбеков — Жарыс жарқын істерге бастайды	10	70
С. Бармақов — Партиялық жұмыстың маңызды саласы	12	44
А. Боев — Біздің басты тірегіміз	6	36
А. Бородин — Міндет те жаңа, талап та жаңа	2	57
С. Дөнентаева — Партиялық тапсырма	2	61
Ш. Есмұрзаев — Партком мүшесі	9	42
З. Жанғозин — Саяси оқудың орталығы	3	55
О. Жанғұттин — Жас коммунистерді тәрбиелеу	11	45
Қ. Жарқынбеков — Оқу комбинаты — білім ошағы	8	52
И. Иванов — Партком және цех партия ұйымдары	11	38
М. Иісбаев — Партия жиналысы — тәрбие мектебі	8	60
М. Кашеутов — Коммунист өнегесі	7	60
И. Киреева — Коммунистердің бірінші парызы	12	48
В. Крамынин — Экономика — негізгі бағыт	1	57
М. Қартамбаев — Арымызбен ақылдасайықшы	6	43

	№	Беті
Ә. Қасымбеков — Жұмыла көтерген жүк жеңіл	9	39
Ш. Қоспанов — Колхоз, совхоз экономикасын нығайта береміз	7	52
Б. Мәдиев — Қанат жайсын жақсы өркен	5	74
К. Меңдібаев — Партия қатарын таңдаулылар есебінен толықтыра берейік	10	66
Ғ. Мұхамеджанов — Озаттар өнегесімен	11	42
Ә. Омарбаев — Адам тағдыры	12	46
М. Савельев, Е. Наливайко — Аудандық партия комитеті — шешуші буын	3	57
М. Садықов — Өскен ауылдың өрендері	10	75
Ә. Сасбұқаев — Ұстаздар мен шәкірттер	7	56
М. Сейсенғалиев — Коммунистердің дербес ісі туралы	8	62
Ә. Тұяқбаев — Шардара шарапаты	11	48
С. Үкібаев — Коммунист бәріне де жауапты	8	56
Ә. Ысмайылов — Зерделі де іскер кадрларды баулып өсіреміз	4	63

ДАҢҚТЫ ҚОС МЕРЕКЕ АЛДЫНДА

Т. Әйтиев — Жұмысшы табы және ауыл-селода өндірістік қатынастың қалыптасуы	10	37
Д. Дінәсілов — Артта қалған халықтардың капиталистік емес жолмен дамуы	7	41
Ғ. Жұбанова — Заман ұлылығы — шабыт бұлағы	11	57
Н. Киікбаев — Лениндік ұлт саясаты және қазақ социалистік ұлтының дамуы	8	33
С. Қаймолдин — Қаһарлы күндерде патриоттық қозғалысты ұйымдастырғандар	8	44
З. Қасымова — Кітап шежіресі	10	41
Б. Өсербаев — Олар Совет өкіметі үшін күресті	10	32
Қ. Телжанов — Суретшілердің мәртебелі міндеті	8	39
А. Федуллин — Кинематографистердің ұлы мерекелерге тартуы	7	47

МАРКСИЗМ-ЛЕНИНИЗМ ТЕОРИЯСЫН ҮЙРЕНУШІЛЕРГЕ КӨМЕК

А. Байшин — Капиталистік елдер жұмысшы табының қазіргі кезеңдегі күресі	3	44
С. Бәйішев — Коммунистік құрылыстың халықаралық маңызы	11	43
В. Ельмеев — Адам — негізгі өндіргіш күш	11	61
Е. Иманқұлов — Халық бұқарасы мен жеке адамның тарихи процестегі ролі туралы	2	46
В. Камаев — Социализм тұсындағы ғылыми-техникалық революция	11	68
Ә. Кәкімжанов — Ұлт-азаттық қозғалысының қазіргі белесі	4	54
П. Константинов — Марксизм-ленинизм теориясын жете меңгерейік	9	59
Л. Любошиц, И. Загайтов — Социализмнің экономикалық заңдарының сипаты мен өзара әрекеті	12	55
М. Саков — Социализмнің саяси экономиясының методы	10	57
С. Титаренко — Партия туралы лениндік ілім және оның қазіргі жағдайда оған әрі дамытылуы	10	45
Партия Программасында социалистік мемлекет туралы маркстік-лениндік ілімнің дамуы	1	49
Партия туралы маркстік-лениндік ілім және оның КПСС Программасында дамуы	2	37
Партия туралы маркстік-лениндік ілім және оның КПСС Программасында дамуы	3	28
Оқу жоспарлары мен оқу құралдары	9	64
КПСС жөніндегі мағлұматтар	9	68
Социализм елдері экономикасының үздіксіз өсуі	12	64

Ш. Ш. УӘЛИХАНОВТЫҢ ҚАЙТЫС БОЛҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

С. Мұқанов — Өршіл ойлы ғалым	4	46
Шоқанды бүкіл республика еске түсіруде	4	52

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАҚЫРЫПҚА

Қ. Әлиасқаров — Алдыңғы шепте	6	77
Т. Әшімбаев, Б. Бердәлиев — Еңбек өнімділігін арттыру табыс кілті	8	65
О. Баймұратов — Өндірісті экономикалық жағынан көтермелеу	12	31
Б. Двоскин, Б. Құланбаев, С. Ділдабеков — Республика халық шаруашылығының құрылымы жайында	6	47
Н. Мамыров — Жеңіл өнеркәсіп өндірісін шоғырландыру	6	53
Қ. Мырзаболатов — Колхоздағы еңбек өнімділігі және еңбекке ақы төлеу	6	57
Б. Ордабаев — Колхоздардың жылдық есебіне үңілгенде	7	71
С. Хусанова, А. Образцов — Құрылыс материалдары өнеркәсібін жедел өркендетейік	12	36

	№	Беті
ХАЛЫҚТЫҚ БАҚЫЛАУҒА — КЕҢ ӨРІС		
Ғ. Баймұрзин — Тынымсыз жандар	9	54
Н. Сахтанский, Т. Мақашев — Техникалық прогресті жоспарлау жақсар- тылсын	9	50
А. Халықов — Бұқаралық бақылау өрісі	6	36
МӘДЕНИЕТ. ҒЫЛЫМ. ӨНЕР		
Б. Арызханов — Ультра дыбыстың халық шаруашылығындағы орны	9	78
З. Бейсенбаев — Мектеп, жұртшылық, семья	6	64
С. Сүлейменов, С. Атауов — Өркендеген химияға — өнерлі маман керек	6	60
Қ. Төлекеев — Халық театрлары	6	69
СОЦИАЛИЗМ ЕЛДЕРІНДЕ		
Ғ. Қаржаубаев — Монғол халқының бақыты	6	73
Ы. Төребаев — Социалистік Румынияның жарқын болашағы	9	73
Ә. Тұрсынбаев — Халықтық Польшаның өрлеу жолдары	4	67
И. Хан — Техникалық прогресс елі	4	70
К. Шустов — Куба революциясының негізгі кезеңдері	12	70
ОҚУШЫЛАРДЫҢ СҰРАУЫНА ЖАУАП		
Н. Хисматуллин — КПСС Уставының талаптары — бұлжымас заң	9	47
Р. Шәріпов — Колхозшыларға пенсия қалай тағайындалады?	2	68
СЫН ЖӘНЕ БИБЛИОГРАФИЯ		
З. Айтмағамбетов — Шаруашылықты социалистік жолмен жүргізудің ле- ниндік принциптері	8	72
Ә. Ахметов — Халық бақылаушысының кітапханасы	1	68
Ә. Ермеков — Тіл білімі жөніндегі құнды оқулық	11	76
Ә. Қарағұлов — Көсемнің нұрлы бейнесі	4	73
Ө. Малыбаев, Ғ. Ақмамбетов — Болашақтың барлаушылары	3	67
Ә. Мұқтаров — Тарихи шындық және оны бұрмалау	2	72
БАСПАСӨЗГЕ ШОЛУ		
Адам қамын ойласақ	1	71
Партия тұрмысы мәселелері байыпты жазылсын	3	71
К. Үсебаев — Газеттің сөзі өткір, тілшінің көзі өткір	5	62
А. Андреев — Жаңалық жаршысы болайық	5	67
Т. Есімжанов — Әділ сынның күші	5	68
Жақсыға — қолдау, жаңалыққа — даңғыл жол	7	77
Аудандық газет және партия тұрмысы мәселелері	8	77
Жастар тәрбиесі — өзекті тақырып	10	78

РЕДАКЦИЯ КОЛЛЕГИЯСЫ:

УГ11056
Зак. 3167
Тиражы 25955

К. Сағындықов (бас редактор), З. Айтмағамбетов (жауапты
секретарь), Ж. Бектепов, С. Бейсенбаев, Т. Жанкелдин, Б. Мә-
диев, К. Мендібаев, Ш. Өржанов, Т. Ыдырысов.

Редакция адресі: Алматы қаласы, Комсомол көшесі, 103
Телефондар: редактор — 2-23-03, секретариат — 2-24-95, партия тұрмысы және мәдениет
бөлімдері — 2-38-56, идеология және экономика бөлімдері — 2-57-23.

9/ХІІ-1965 жылы басуға қол қойылды, қағ. 70×108¹/₁₆, 2,5 қағ. — 6,85 авт. табақ.

ҚКП Орталық Комитеті жанындағы республикалық газет-журнал баспасы.

1965 ЖЫЛЫ САЯСИ ӘДЕБИЕТ БАСПАСЫ ОРЫС ТІЛІНДЕ ШЫҒАРҒАН ПАРТИЯ ОҚУЫ ЖҮЙЕСІНЕ АРНАЛҒАН ОҚУЛЫҚТАР МЕН ОҚУ ҚҰРАЛДАРЫ

БАСТАУЫШ САЯСИ БІЛІМ БЕРУ МЕКТЕБІ

В. И. ЛЕНИН. Қысқаша өмірбаяндық очерк. Үшінші басылуы. Бағасы 22 тиын.

Кітапта Владимир Ильич Лениннің өмірі мен қызметінің негізгі кезеңдері, оның мәңгі ұмытылмас ілімі туралы әңгімеленеді. Очеркті КПСС Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының авторлар коллективі жазған.

Қоғам тану. Орта мектеп пен арнаулы орта дәрежелі оқу орындарын бітірушілерге арналған оқулық. Бағасы 52 және 57 тиын.

Орта мектеп пен арнаулы орта дәрежелі оқу орындарының оқушыларына арналған қоғам тану жөніндегі хрестоматия. Бағасы 51 және 61 тиын.

Коммунизм құрылысшысының моральдық кодексі. Насихатшылар мен партия оқуы жүйесінің тыңдаушыларына арналған құрал. Үшінші басылуы. Бағасы 21 тиын.

Дін және білім туралы әңгімелер. Көпшілікке арналған оқулық. Үшінші басылуы. Бағасы 57 тиын.

Атеизм жөніндегі көпшілікке арналған лекциялар. Екінші басылуы. Бағасы 67 тиын.

Социалистік өнеркәсіп экономикасы. Көпшілікке арналған құрал. Толықтырылып, қайта өңделіп үшінші басылуы. Бағасы 60 тиын.

Колхоз экономикасының әліппесі. Оқу құралы. Бағасы 60 тиын.

Бастауыш саяси мектеп тыңдаушыларына көмекші. 6 рет басып шығарылады. Әрқайсысының бағасы 10 тиын. (Алғашқы үшеуі 1965 жылдың IV тоқсанында шықты, қалған бөлегі 1966 жылдың I тоқсанында шығады).

«Саяси мектеп тыңдаушыларына көмекші» партия оқуы жүйесіне арналған; мұнда саяси білім негіздері қамтылған. Оқушылар бұдан адамзат қоғамының өмірі, оның даму заңдары туралы, қоғамдық прогрестің қозғаушы күштері мен жолдары туралы қысқаша мәліметтер табады. Бұл серияға мыналар кіреді.

1. **БУЧАЕВ Л. И.** Қоғамның дамуы туралы нені білуге болады. (Басылып шықты). Бағасы 6 тиын.

2. **РУБАН Н. В.** СССР-де социализмнің жеңуі.

3. **РУБАН Н. В.** Советтік социалистік қоғам.

4. **ФИЛИМОНОВ Н. П.** Социализмнен коммунизмге қарай, алға басу.

5. **ТОЛКУНОВ Л. Н.** Социализмнің дүние жүзілік системасы.

6. **БУЧАЕВ Л. И.** КПСС — совет халқының авангарды.